



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

2004 жылдан бастап
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор
Ерлан ҚАРИН,
ҚР Президенті жанындағы
ҚСЗИ директоры

Шығаруға жауапты:

А. Арзықұлов
Г. Сейтахметова

Редакция мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қаласы,
Бейбітшілік көшесі, 4
ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ

Телефон (7172) 75-20-20
Факс (7172) 75-20-21
E-mail: office@kisi.kz
www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде 2003 ж.
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы
№ 4526-Ж куәлік берілген.

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды
көшіріп басқан, микрофильмдеген
жағдайда журналға сілтеме жасалынуы
міндетті. Жарияланған мақала
авторларының пікірі редакция
көзқарасын білдірмеуі мүмкін.

«КРОИВА» ҚБ, баспаханасында
басылып шығарылды.
050010, Алматы қ.,
Ш. Уалиханов көш., 115.

Таралымы 500 дана.

**ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ
20-ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ**

Ералы Тоғжанов Қоғамдық келісімнің бірегей үлгісі: қазақстандық тәжірибе	5
Ерлан Қарин Ұлттық идеологияның темірқазығы – мемлекеттілік.....	13
Юрий Булуктаев Келісім мен толеранттық Қазақстан халқы Ассамблеясының даму стратегиясының құндылықты негізі ретінде.....	21
Айдар Әбуов Этносаралық татулық пен дінаралық түсіністік – Қазақстан дамуының қос тұғыры.....	28
Нұрбек Шаяхметов Қазақстан халқы Ассамблеясының халықаралық қызметі тарихының кейбір беттерінен.....	36
Жандос Каринбаев Қазақстандағы поляк ұлтының өкілдері: қалыптасу тарихы мен бүгіні.....	50
Сатай Сыздықов «Мәңгілік Ел» идеясының негіздері және тарихи сабақтастық.....	65
Шәріпбек Әмірбеков, Арафат Мамырбеков Поляк ұлты өкілдерін Шығыс Қазақстан жеріне күштеп қоныстандыру тарихынан.....	80





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

Төлеуғали Бөрібаев
«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының
философиялық негіздері.....90

ЭКОНОМИКА

Дина Имамбаева
Қазақстандағы индустриялық-инновациялық
үдерістер туралы баспасөзде жарық көрген
мақалаларға контент-талдау
(«Егемен Қазақстан» газеті мысалында)..... 101

РЕЦЕНЗИЯ

Мұрат Лаумулин
Путиннің Үлкен стратегиясы және
оның сыншылары..... 110

Түйіндеме..... 116

**Журналдың «Қазақстан халқы
Ассамблеясының 20 жылдығына орай»
атты бөлімінің материалдары Қазақстан
халқы Ассамблеясының Ғылыми-
сарапшылық кеңесі тарапынан дайындалды**



РЕДАКЦИЈАЛЫҚ КЕҢЕС

- Ерлан ҚАРИН – редакциялық кеңестің төрағасы, ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының (ҚСЗИ) директоры, саяси ғылымдарының кандидаты
- Рахман АЛШАНОВ – «Тұран» білім корпорациясының президенті, ҚР жоғарғы оқу орындары қауымдастығының президенті, экономика ғылымдарының докторы, профессор
- Мәулен ӘШІМБАЕВ – ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы, саяси ғылымдарының кандидаты
- Камал БҰРХАНОВ – ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, саяси ғылымдарының докторы, профессор
- Қазбек ИСАЕВ – ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ ғалым хатшысы, тарих ғылымдарының кандидаты
- Санат КӨШКІМБАЕВ – ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ директорының орынбасары, саяси ғылымдарының докторы
- Бағлан МАЙЛЫБАЕВ – ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, заң ғылымдарының докторы
- Ләйлә МҰЗАПАРОВА – ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ директорының бірінші орынбасары, экономика ғылымдарының кандидаты
- Үлес НЫСАНБЕК – ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ директорының орынбасары, экономика ғылымдарының кандидаты
- Марат ШАЙХУТДИНОВ – Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі Хатшының орынбасары, тарих ғылымдарының докторы, профессор
- Зарема ШӘУКЕНОВА – ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

- Ерлан КАРИН – председатель редакционного совета, директор Казахстанского института стратегических исследований (КИСИ) при Президенте РК, кандидат политических наук
- Рахман АЛШАНОВ – президент образовательной корпорации «Туран», президент Ассоциации высших учебных заведений РК, доктор экономических наук, профессор
- Маулен АШИМБАЕВ – депутат Мажилиса Парламента РК, председатель Комитета по международным делам, обороне и безопасности, кандидат политических наук
- Камал БУРХАНОВ – депутат Мажилиса Парламента РК, доктор политических наук, профессор
- Казбек ИСАЕВ – ученый секретарь КИСИ при Президенте РК, кандидат исторических наук
- Санат КУШКУМБАЕВ – заместитель директора КИСИ при Президенте РК, доктор политических наук
- Баглан МАЙЛЫБАЕВ – заместитель Руководителя Администрации Президента РК, доктор юридических наук
- Лейла МУЗАПАРОВА – первый заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук
- Улес НЫСАНБЕК – заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук
- Марат ШАЙХУТДИНОВ – заместитель Секретаря Совета Безопасности Республики Казахстан, доктор исторических наук, профессор
- Зарема ШАУКЕНОВА – директор Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, доктор социологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК



Қоғамдық келісімнің бірегей үлгісі: қазақстандық тәжірибе

Ералы ТОҒЖАНОВ,
Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының
орынбасары,
Қазақстан Республикасы Президенті Өкімшілігі,
ҚХА Хатшылығының меңгерушісі,
саяси ғылымдарының докторы

Жер бетінде тіршілік етіп жатқан әртүрлі қоғамдар әлеуметтік-тарихи даму барысында жалпыадамзаттық маңызы бар бірқатар сан ғасырлық сұрақтардың жауаптарын үздіксіз іздеп келеді.

Ұжымдық тіршілік барысында адам мен қоғамның мүддесін қалай үйлестіру керек? Әлеуметтік әртекті қоғамның басты құндылықтары қандай болмақ? Мәдени саналуандылық жағдайында ортақ мүддені қалай қалыптастыруға болады? Міне, осы және басқа да сұрақтардың әртүрлі шешімдері белгілі бір деңгейде табылып жатса да, мәселенің өзектілігі әлі де күн тәртібінен түскен емес.

Адамзат тәжірибесі адам мүддесін сыңаржақ алға шығарудан әлеуметтік (ұжымдық) мүдденің әлсірейтіндігін дәлелдеп берді. Ұжымдық мүдденің басымдығы жағдайында да индивидтік дамудың елеулі шектеулерге кез болатындығына куә болдық.

Адам құқықтарын асыра кеңейтуге тырысқан либерализм жекешеленген, өзімшіл қоғамдарды қалыптастырды. Әр индивидтің құқықтарының кеңдігі жағдайында қоғамды біртұтас ағза ретінде ұйымдастыру қиындықтары туындады, әлеуметтік жауапкершілік деңгейі төмендеді. Этникалық, діни, нәсілдік, тілдік ерекшеліктер жағдайындағы абсолютті мәдени плюрализм ортақ мақсат пен құндылықтарды белгілеуде дәрменсіздік танытты.

Адам құқықтарын, индивидтік ерекшеліктерді шектеп, ұжымдық мүддеге салмақ түсіру де оң нәтижелерге әкелмейді: қоғамның ішкі наразылығы туындайды, даму мотивациясы төмендейді, жасанды азаматтық ұстаным қалыптасады, индивидтің субъектілік рөлі әлсірейді және т.б.

Әлеуметтік-тарихи уақыт пен кеңістікте аталған тәжірибелердің бірін таңдап, даму жолына түскен қоғамдардың тағдыры да әртүрлі болды. Біреулері қалыптаспай жатып, ыдырап жатса, енді біреулері шамалы уақыттан соң бәсекеге шыдамай, күштілер тарапынан жұтылып кетті. Тағы біреулері ішкі мәселелерін оңтайлы шеше алмай, дағдарыстарымен бірге дамып келеді.

Әлем елдерінің басым көпшілігі полиэтносты қоғамдар. Сәйкесінше, тілдік, этникалық, мәдени, діни саналуандылық жағдайында әр полиэтносты мемлекеттің өз қоғамдарын ұйымдастыру, реттеу және басқару бойынша күрделі міндеті өзектілігін жоғалтқан емес. Бұл міндет ел тағдыры үшін шешуші рөл атқаратын негізгі фактор ретінде анықталады.

Әлеуметтік әртектілік жағдайында қоғамның ішкі сұранысына жауап беретін оңтайлы жағдай қалыптастыру – елдің табысты дамуының басты алғышарты. Әр адамның құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету, барлық этникалық және діни топтардың тең мүмкіндіктерін орнықтыру арқылы қоғамды ортақ мүддеге жұмылдыруға жол ашылмақ. Қоғамдық келісім болған жағдайда ғана қуатты экономика, сенімді саясат, қауіпсіз сыртқы қатынастар жасауға кепілдік бар.

Әр мемлекеттің ішкі бірлігін күшейтуге бағытталған саясаты әртүрлі факторлар негізінде қалыптасады. Ол факторларды сыртқы (көші-қон, трансұлттық күштер, сыртқы елдердің ықпалы, әлемдік экономикалық жүйе, ғылыми-техникалық прогресс, т.б.) және ішкі (этнодемографиялық құрылым, халықтың менталитеті, ұлттық құндылықтар, әлеуметтік жағдай, мәдени-тарихи мұра, әлеуметтік институттардың қызметі, т.б.) факторлар деп жіктеп қарастыруға болады. Қоғамды ұйымдастырып, басқару ісінде аталған факторлар маңызды орын алатындықтан, әр мемлекет басқару жүйесін қалыптастыруда өз дамуына ықпалы бар ерекшеліктерді басшылыққа алады. Соның негізінде полиэтносты қоғамды басқарудың да өзіндік үлгісі жасалады.

Қазіргі жағдайда полиэтносты қоғамдарды басқарудың сан ғасырлық ізденістер нәтижесінде қалыптасқан бірқатар үлгілері бар.



Олардың негізгілері мыналар:

- «орталық – периферия» үлгісі;
- ассимиляциялық үлгі;
- мәдени плюрализм үлгісі;
- «қайнама қазан» немесе «салат» үлгісі.

«Орталық – периферия» үлгісінде қоғамда саны бойынша басым этнос саяси және экономикалық әлеуеті жоғарылығы есебінен «периферия» ретінде есептелетін аз этностарға үстемдік жүргізеді. Басқарудың мұндай түрі ішкі бірлігі күшті біртұтас әлеуметтік кеңістік жасауға мүмкіндік бермейді. Бұл үлгінің көрінісін қазіргі Ресей Федерациясының дамуынан көруге болады.

Саны жағынан басымдық алатын және мәдениеті тұрғысынан да қуатты этностың әлсіз этностарды өзіне бейімдеп, жұтып қоюын таныстыратын ассимиляциялық үлгі де оңтайлы нәтиже бермейді. Қоғамдағы түрлі этностардың өзіндік мәдени ерекшеліктерін жоғалтуымен байланысты наразылығының асқынуы, қорғаныс иммунитетінің күшеюі есебінен жабық топқа айналуы, интеграциялануға деген ынтасының төмендеуі, жасанды азаматтық ұстаным қалыптастыруы сияқты өзекті мәселелерді туғызады. Қазіргі тарихи жағдайдағы Қытай билігінің аз ұлттарға қатысты жүргізіп отырған қатаң саясатын осының мысалы ретінде атай аламыз.

Мәдени плюрализм немесе мультикултурализм үлгісінің ерекшелігі елдегі барлық этностардың құқықтарын тең қарастырып, бірдей мүмкіндіктер жасау ниетімен байланысты. Саны жағынан басымдық алатын этностармен бірге аз ұлттардың да ерекше мәртебесін анықтауға тырысатын бұл үлгі, негізінен, демократиялық үрдістер дәстүрлі орныққан европалық қоғамдарда басшылыққа алынған.

Бастапқы бетте ең озық әрі теңдесі жоқ әлеуметтік тәжірибе ретінде бағаланған бұл үлгінің көп ұзамай кемшіліктері де көрініс бере бастады. Аз ұлттардың құқықтарын қорғайтын заңнаманы күшейтуі негізінде европалық елдер қоғамды жіктеуші факторларды қалыптастырып алғандарын кеш ұқты. Қоғам саны «аз ұлттар» мен «көп ұлттарға» бөлініп, топтардың бәсекелесуіне жол ашылды. Әр топтың (этникалық, діни, тілдік) құндылықтарын ерекшелеу жағдайында қоғамның басты құндылықтарын анықтап, ұлттық бірлікті қалыптастыру қиындығы туындады.

Мультикултурализм – қоғамдағы ұжымдық субъектілердің мәдени саналуандылығын сақтауға және дамытуға негізделген

саясат. Алайда адам құқықтарына кең мүмкіндіктер қарастырған саяси либерализм жағдайында Еуропадағы мәдени плюрализмнің мәртебесі әлсіреп, индивидтік пен топтық мүдденің қайшылығы байқалды.

Мәселен, еуропалық елдер адам құқықтарын кеңейту, сөз бостандығын дамыту шараларының аясында бірқатар объективті факторларды назардан тыс қалдырып келеді. Соның ішінде негізгі факторлардың бірі – Африка мен Азия елдерінен қарқынды жүріп жатқан көші-қон қозғалысының және келуші мигранттардың жоғары деңгейлі популяциялық үрдісі есебінен болып жатқан этнодемографиялық құрылымның өзгерісі. Жергілікті тұрғындардың табиғи өсімінің төмендеуі жағдайында қоғамға тілдік, діни, этникалық, нәсілдік өзгеріс әкелген және саны жыл сайын (туу және көші-қон есебінен) артып келе жатқан мигранттардың сандық өзгерісі этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласындағы басқару қағидалары мен тәсілдерінің өзгерісін қажет етеді.

Американдық тәжірибені таныстыратын «қайнама қазан» немесе «салат» үлгісінде ешбір этностың мәдениетінің басымдығын болдырмай, жаңа мазмұндағы қауымдастық қалыптастыру міндеті басшылыққа алынған. Бұл үлгі де нақты тәжірибеде дәрменсіздігін танытты.

90-жылдары тәуелсіздігін алған жас қазақстандық қоғамның алдында да бірқатар маңызды сұрақтар тұрды. Қоғамды қалай басқару керек? Көп мәдениеттілік, көп дінділік, көп ұлттылық жағдайында ел бірлігін қалай қамтамасыз етуге болады? Полиэтносты қоғамды басқарудың қай үлгісі Қазақстанға лайық келеді?

Ел тағдырының шешуші кезеңінде Елбасы бар жауапкершілікті өзіне алып, полиэтносты қоғамды басқарудың оңтайлы мүмкіндіктерін іздестірді. Шетелдік тәжірибені және тарихи сабақ болатын жағдайларды есепке ала отырып, қазақстандық қоғамның жаңа болмысын үлгілеу жолдарын қарастырды. Жоғарыда аталған полиэтносты қоғамды басқару үлгілерінің ешқайсысы қазақстандық дамуға сәйкес келмейтіндігін бағамдап, ұлттық ерекшеліктерді басшылыққа алған өзіндік жол іздестірді.

Толеранттылық, ашықтық, қонақжайлық сияқты дала өркениетінің қасиетін бойына терең сіңірген қазақ халқының ұлттық болмысы да осы кезеңде шешуші рөл атқарды. Егемендікке енді қол жеткізіп, ұлттық сана-сезімінің ояну үрдісі жүріп жатса да, қазақтар этносаралық мәселеде салқынқанды даналық танытты.



Ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы Елбасының маңында топтасып, ел тұрақтылығын сақтап қалды. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен-ақ этносаралық татулық мәселесі биліктің басты назарына алынды. Этносаяси мәселелер мемлекеттік ұлттық саясаттың өзегіне айналды.

Елбасы 90-жылдардың басында Қазақстан халықтарының форумын өткізіп, қоғамдық келісім мәселесін бірлесе талқылау дәстүрін қалыптастырды. 1992 жылғы Форумда сөйлеген сөзінде Елбасы мынадай ұсыныс жасады: «Біз күнделікті әр адамның, әр халықтың және әр ұлттың даусын естиміз бе? Өкінішке орай, әрдайым олай емес. ...Біз жаңа қоғамдық институт – Қазақстан халықтарының келісімі және бірлігі Ассамблеясын құра аламыз. Ол жалпыхалықтық ұлтаралық келісімді бекіту міндетін шешетін саяси емес, үкіметтік емес ұйым болар еді» [1].

Елбасының бастамасымен 1995 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Елдегі барлық этностардың қоғамдық келісім аясында біріккен мүдделері институттық негізін тапты. Жүзден аса этнос өкілдері өз атамекенінде мемлекет құрған қазақ халқының маңына топтасып, келешекке ортақ мақсат белгіледі.

Қоғамдық келісімнің институттануы жетіле түсті. Халықаралық талаптарға сай әзірленген және ұлттық даму ерекшеліктерін басшылыққа алған Ата заңымыз қабылданып, ел бірлігі идеясының құқықтық іргетасын бекітті. «Конституциямыз қабылданған күннен бастап, тағдыр тоғыстырған көпұлтты халқымыздың татулығы мен тұрақтылығына тұғыр болып келеді» [2].

Әр адамның құқықтарына кепілдік беретін, әлеуметтік, діни, тілдік, этникалық ерекшеліктерін ескеретін ашық қоғам құру міндеті заңнамалық негізін тапты. Азаматтардың дамуына барынша жол аша отырып, олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін де анықтаған әлеуметтік мемлекеттің іргетасы қаланды.

Осылайша, этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің әлемде аналогы жоқ қазақстандық үлгісі қалыптасып, қарқынды даму жолына түсті.

Елдегі барлық этномәдени бірлестіктер Қазақстан халқы Ассамблеясының аясында ұлттық бірлікті нығайту жолында бірікті. Жыл сайын Ассамблея сессиясын өткізіп, қоғамдық келісім мәселесін билік пен азаматтық қоғамның бірлесе талқылау тәжірибесі дәстүрлі жалғасын тапты. Елбасының төрағалығымен өтетін сессияда этносаралық қатынастарды жетілдіру бойынша нақты мәселелер көтеріліп, нақты шешімдер қабылданып келеді.

Сессияда этномәдени бірлестіктер, басқа да қоғамдық ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары, ғылыми-сарапшылық орта өкілдері және барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар бірлесе бас қосады. Осылайша, қоғамдық келісім мәселесінің жалпыұлттық тұғыры күшейіп келеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмыс органы – Хатшылықтың Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрылымдық бөлімі ретінде атқарушы билікке араласуы да аталған ұйымның биліктік ресурстарға араласу мүмкіндігін кеңейтті.

Жергілікті жерлерде де Ассамблеяның мүмкіндігі кеңіді. Өңірлік ассамблеялар құрылып, олардың төрағалығын тиісті өңірлердің әкімдері алды. Қоғамдық келісімнің әр елді-мекендегі сапасын жетілдіру мүмкіндігі артты. Өңірлік ассамблеялардың хатшылықтары өңір әкімдері аппаратының құрылымдық бөлімі ретінде жергілікті атқарушы билікке ие болды.

2007 жылдан бастап ҚХА жоғарғы заң шығару билігіне араласу мүмкіндігіне қол жеткізді. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің 9 депутаты Ассамблея атынан сайланды. Парламентте «Қазақстан халқы Ассамблеясы» депутаттық тобы құрылды. Оның құрамында ҚХА атынан сайланған депутаттармен бірге басқа да саяси партиялар фракцияларының өкілдері таныстырылды. Бұл орайдағы басты мақсат – заң шығару саласында ел бірлігі мүддесін бірлесе қорғау, қоғамдық келісімнің жалпыхалықтық тұғырнамасын күшейту.

ҚХА қызметін жоғары деңгейде қамтамасыз ету мақсатында 2014 жылы Қазақстан Республикасы Президенті жанынан «Қоғамдық келісім» республикалық мемлекеттік мекемесі құрылды. Осындай мекемелер өңірлік деңгейде де әкім аппараттары жанынан құрылып, жұмыстарын бастап кетті. Ассамблеяның әлеуметтік инфрақұрылымы дами түсті.

Этносаясат мәселелерімен айналысатын отандық белді ғалымдардың қатысуымен ҚХА жанынан Ғылыми-сарапшылық кеңес құрылып, этносаралық қатынастарды реттеу шаралары ғылыми негізін күшейтті. Өңірлік ассамблеялар қызметі де тиісінше ғылыми-сарапшылық қамтамасыз етілді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының ХХІ сессиясында жасаған баяндамасында Елбасы – ҚХА Төрағасы былай дейді: «Осыдан екі онжылдыққа жуық уақыт бұрын, Ассамблеяны құра отырып, біз әлемдегі барлық мәлім болған модельдерден де озық шыға білдік. Біз халықты патриоттық тұғырнамада топтастырудың бірден-бір сенімді



тетігін таптық. Оның мәні әркімге де түсінікті және қарапайым адами сұраныстарды – жұмысты, отбасындағы әл-ауқатты, балалар үшін білім беруді, денсаулықты, тұрғын үйді, қауіпсіздік пен демалысты қамтамасыз етуге көмектеседі» [3].

Ел бірлігі – қуатты мемлекет құрудың басты алғышарты екендігін жеткізетін қағида Елбасының әр жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауларының бағдарына айналды. 2014 жылдың 11 қарашасындағы «Нұрлы Жол» – болашаққа бастар жол» Жолдауында Елбасы тұрақтылықтың табысты дамудағы маңызын былайша жеткізеді: «Біз тұрақтылықты бағалай білгеніміздің арқасында бүгінгі табыстарға жеттік. Ешкімді кемсітпей, ешкімнің тілі мен ділін мансұқтамай, барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру арқылы тұрақтылықты нығайтып келеміз. Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз – Ел бірлігі болуы керек. Осындай жалпыұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз» [4].

Жалпыадамзаттық сан ғасырлық сұрақтың көптеген шешімдері бүгінгі Қазақстан қалыптастырып отырған этносаралық татулық пен қоғамдық келісімнің үлгісінен көрініс береді. Өзара сыйласымдылық негізіндегі бірлікке негізделген бұл үлгі бүгінде әлем елдерінің назарына ілікті.

Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың қалыптастырған үлгісі ретінде қаралатын этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық тәжірибесіне қызығушылық танытқан елдердің қатары тұрақты артып келеді. Шынайы өмір шындығында қиын сындардан сүрінбей өткен қазақстандық тәжірибенің ерекшеліктерін достастық елдерімен (Ресей, Қырғызстан, т.б.) бірге батыс елдері де зерделеуде.

2014 жылдың тамыз айында Лондон қаласында ашылған Қазақстанның Бейбітшілік және келісім орталығы – соның бірден-бір дәлелі. Орталықтың басты мақсаты еуропалық елдерге этносаралық татулық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісін насихаттау, мәдениетаралық қарым-қатынасты жетілдіру болып табылады.

Қазақстанның даму жолын үздіксіз бақылап отыратын Балтық елдері де еліміздің әлемдік сахнадағы беделді орнын бекіте түсу себебін қоғамның ішкі тұрақтылығымен байланыстырып отыр [5].

Этносаралық қатынастар саласындағы қазақстандық тәжірибені түрлі қоғамдарда болып жатқан қайшылықтарды шешуде, олардың алдын алуда басшылыққа алу үрдісі қалыптасты. Мәселен, өңіршілдік, этносаралық қайшылық құбылыстары есебінен қоғамдық келісімді қалыптастыру саласында күрделі мәселелері

бар Қырғызстан негізгі шешімді Қазақстан халқы Ассамблеясының тәжірибесінен көріп отыр.

Бітімгерлік міндеті аясында Украинаға барған іссапарында Елбасымыз украин билігіне де Қазақстан халқы Ассамблеясының тәжірибесіне назар салуды ұсынды [6].

Қазақстан қазіргі тарихи кезеңде қоғамдық келісім саласындағы салиқалы саясаты негізінде ішкі бірлігін қамтамасыз еткен өркениетті ел екендігін дәлелдеді. Геосаяси күрделі жағдайына қарамастан, европоцентристік, исламоцентристік, синоцентристік идеологиялардың қыспағына лайықты төтеп беріп, өзіндік болмысын сақтап қалды. Өзінің терең тарихы мен берік мәдени өзегі бар мол тәжірибесі арқылы аталған ұстанымдардың сыңаржақтылығын ұғындырды. Жасампаздығы негізінде оларды жақындастыратын алғышарттарды қалыптастырып, өркениетаралық үнқатысу алаңына айналды.

Бүгінгі Қазақстан – әлемдік деңгейдегі дағдарысты мәселелердің шешімін іздеуші идея генераторы, жаһандық гуманизм орталығы. Әлеуметтік әртектілік жағдайындағы қоғамды басқарудың үздік үлгісін ұсына білген, өркениеттер мен мәдениеттерді тоғыстырып, әлемдік үйлесімділікті қалыптастыруға күш салған, ортақ Жер планетасында бейбіт кеңістік құруды мұрат еткен, жалпыадамзаттық дамудың басқа да күрделі сұрақтарының жауабын табуда талмай еңбектеніп келе жатқан еліміздің мұндай мәртебеге ие болу себебі Қазақстан халқының дана болмысы мен бірлік философиясында жатыр.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н. Біздің басты жетістігіміз – халықтар достығы. 1992 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан халықтары форумындағы баяндамасынан. – Б. 92.
2. Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан Республикасының Конституциясы Күніне арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда сөйлеген сөзі. Астана қ., Бейбітшілік пен келісім сарайы, 2012 жылдың 30 тамызы.
3. Қазақстан Республикасы Президенті – ҚХА Төрағасы Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан–2050: бейбітшілік, руханият және келісім мәдениеті» тақырыбындағы Қазақстан халқы Ассамблеясының XXI сессиясында сөйлеген сөзі. Астана қ., Бейбітшілік және келісім сарайы. 2014 жылдың 4 сәуірі.
4. Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2014 жылдың 11 қарашасында Қазақстан халқына жолдаған «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» Жолдауы. Астана қ. 2014 жылдың 11 қарашасы.
5. Президент Латвии назвал Назарбаева примером для подражания // <http://total.kz/>
6. Назарбаев: На Украину доставят уголь из Экибастуза // <http://tengrinews.kz/>



ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯНЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ – МЕМЛЕКЕТТІЛІК

Ерлан ҚАРИН,
ҚР Президенті жанындағы Қазақстан
стратегиялық зерттеулер институтының директоры,
саяси ғылымдарының кандидаты

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Астана қаласы әкімдігінде сөйлеген сөзін қалың жұртшылық зор ықылас сезіммен қабылдап, қызу талқылауда. Әсіресе, Президенттің Астана активімен кездесу кезінде 2015 жылы елімізде Қазақ хандығының 550 жылдығы тойланатындығы туралы мәлідемесі ақпараттық кеңістіктегі негізгі тақырыпқа айналды. Нұрсұлтан Назарбаев өз сөзінде: «Керей мен Жәнібек 1465 жылы алғашқы хандықты құрды, қазақтың мемлекеттілігінің тарихы сол кезден бастау алады. Бәлкім, ол бүгінгі шекарасындағы, бүкіл әлемге осынша танымал әрі беделді, осы ұғымның қазіргі мағынасындағыдай мемлекет болмаған да шығар. Бірақ, бұлай деп сол кезеңдегі басқа да барлық мемлекеттер туралы да айтуға болады. Ең маңыздысы, сол кезде оған негіз қаланды. Біз – бабаларымыздың ұлы істерін жалғастырушыларымыз» – деген болатын. Осылайша, Елбасы қалың бұқараның көкейінде жүрген ойды дөп басып айтып қана қоймай, жаңа бастаманың төңірегінде бүкіл елді, халықты тағы бір жұмылдыра түсті. Әсіресе, Мемлекет басшысының айтқан сөздеріне жастар тарапынан ықылас сезімдері ерекше болғанын айта кеткен жөн. Жастардың Елбасы сөздерінен жігерленгендері соншалық, Президенттің мәлідемесі ақпарат құралдарында жарияланысымен, интернетте, әлеуметтік желілерде өз әсерлерімен шынайы бөлісіп, Мемлекет басшысының сөздерін цитаталарға бөліп, біріне бірі таратып жатты. Осының өзі халықты біріктіріп, бір жұдырықтай жұмылдыратын нағыз шынайы ұлттық

идея – мемлекеттілік екенін растайды. Әрине, кейбір сарапшылар мен бақылаушылар Президенттің бұл мәлімдемесінің астарынан басқа бір мағына іздегені де жасырын емес. Біріншіден, біраз жұрт мәлімдемені, әсіресе, өзге елдердің де XV ғасырда қазіргі заманғы стандарттарға сәйкес мемлекеттің бүгінгідей болмағандығы жөніндегі сөздерді Президенттің ресейлік саясаткерлерге берген жауабы шығар деп ұғынып жатқанға ұқсайды. Екіншіден, Елбасының Тәуелсіздік азаматтар үшін ең басты киелі де қасиетті ұғым болуы қажеттігі жөніндегі сөзі еліміздің алдында қашанда түрлі қатерлер бар екендігін аңғартқысы келген шығар дейді. Алайда, шын мәнісінде, Қазақстан басшысының мемлекеттіліктің тарихына қатысты ой-толғамдарының, тарихи сананы жаңғыртуға арналған бастамаларының тамыры одан да тереңде жатыр. Ең бастысы, Президент Қазақ хандығының 550 жылдығын тойлау бастамасы «Мәңгілік Ел» идеясының ұлттық идеялогияға айналуы қажет екендігін тағы бір аңғартады.

Қазақ хандығының мерейтойы – тарихи зерттеулердің нәтижесі

Біздің пайымдауымызша, соңғы мәлімдемесімен Нұрсұлтан Назарбаев бірінші кезекте қазақтың тарихына қатысты ұзаққа созылған пікірталасқа ресми түрде нүкте қойған тәрізді. Әдетте, қазақтың мемлекеттілік дәстүрі тым тереңге кететіндігін тарихшылар жақсы біледі. Алайда, XV ғасырдың екінші жартысында тарих сахнасына шыққан Қазақ хандығының құрылған нақты жылдарына қатысты зерттеушілер бір пікірге келе алмай, үнемі дауласатын. Ғылыми ортадағы бұл пікірталастар бұқараның тарихи санасына да өз ықпалын, дәлірек айтқанда, кері әсерін тигізбей қалған жоқ. Айналадағы халықтар өздерінің мемлекеттілік тарихын мыңдаған жылдарға апарып тіреп жатқан тұста және тарихты ғылым үшін емес тек қана саясат үшін сөз ететіндердің қарасы көбейген қазіргі кезде Қазақ хандығының құрылған кезін нақты анықтай алмау халықтың көңіліне кірбің ұялататын жайт еді. Енді, міне, бұл пікірталастарға тоқтау салынды. Және де Елбасының бұл шешімін тек саяси қажеттіліктен туындаған шешім деп қабылдау дұрыс болмас, себебі, ұлттық тарихтың бірден бір зерттеушісі мен жанашыры кім десек біріншіден, Елбасының өзін атасақ әділ болар еді. Еліміздің



дамуының түрлі кезеңдерінде, Президент саяси және экономикалық мәселелермен шұғылдана отырып, әрдайым тарих, руханият мәселелеріне де бірдей көңіл бөлетін. Президент көптеген зерттеулерге бастамашы болып қоймай, сол зерттеулердің қорытындыларын ғалымдармен ұзақ уақыт бірге отырып жиі талдайтын да. Елбасының бастамасымен, сол себепті, Қазақ хандығының құрылуы, ұлттың арғы-бергі тарихы, рухани және материалдық мәдениетін түбегейлі зерттеу мәселесіне басымдық берілді. Сол үшін мемлекет қыруар қаржы бөліп, көптеген жұмыстар атқарылды. Мәселен, 2004 жылы ұлттың тарихы мен мәдени құндылықтарын түгендеу үшін «Мәдени мұра» бағдарламасы қабылданып, жылдар бойы жүргізілді. Аталған бағдарлама үшін мемлекет қазынасынан 8 млрд. 280 млн. теңгеден астам қаржы бөлінген болатын. Яғни, Президенттің бастамасымен жүзеге асырылған бағдарлама арқылы біз, ең алдымен, қазақтың тарихына, салт-дәстүрі мен мәдениетіне, өнеріне қатысты құнды деректерді жинақтадық. Тарихи-мәдени ескерткіштер қалпына келтірілді. Археологиялық қазбалар жүргізіліп, бабаларымыздан қалған құнды жәдігерлерді таптық. Тіпті, өзге мемлекеттердің аумағында қалған бабалардың зираттарын да анықтадық. Оларға мемлекет қаржысы арқылы жөндеу жұмыстары да жүргізілді. Оған нақты мысал ретінде, Дамаскіде Әбу Насыр әл-Фарабидің кесенесі мен тарихи-мәдени орталығын салу жұмыстарын, Дамаскідегі Сұлтан әз-Захир Бейбарыс кесенесінің, Каирдегі Сұлтан Бейбарыс мешітінің реставрациясын атауға болады.

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында 537 кітап бір жарым миллион данамен шығарылды. Қазақтың дәстүрлі ән-күйінің «Мәңгілік сарын: қазақтың 1000 күйі, 1000 әні» антологиялары жарық көрді. Қытай, Түркия, Моңғолия, Ресей, Жапония, Иран, Мысыр, Өзбекстан, Армения, АҚШ және Батыс Еуропа елдерінен қазақтың тарихына, мәдениетіне қатысты 5 мыңнан астам архив құжаттары, қолжазбалар, баспа өнімдері алынды. Яғни, тарихымызды түгендедік. Мол деректер жинадық. Енді сол деректерді ықтиятты түрде қорытып, сараптама жасап, ғылыми айналымға енгізу мәселесі тұр. Міне, осы «Мәдени мұра» бағдарламасының тікелей Президенттің тапсырмасымен жүзеге асырылғанын ескеретін болсақ, демек, Елбасы өз мәлімдемесін тарихшы ғалымдардың біршама жылдарда жасаған зерттеулердің нәтижесін сараптай отырып шығарған және ғылыми негізделген ой түйіні деп қабылдау

қажет. Рас, көрші елдердегі саяси жағдайлар бізге де өз ықпалын тигізетіндігі анық жайт. Қазақстанның да Украинадағы оқиғаларға бейжай қарамасы белгілі. Бірақ, Қазақ хандығының 550 жылдығын тойлау тек сол оқиғалардың ықпалымен қабылданған шешім емес. Бұл биліктің ұзақ жылдар бойғы жоспарлы да тиянақты жұмысының бір нәтижесі. Нұрсұлтан Назарбаев Керей мен Жәнібек хандар жайлы тек осы жолы ғана айтып отырған жоқ. 2010 жылдың маусымында Астанадағы Керей мен Жәнібек хандардың ескерткіші ашылған кезде сөйлеген сөзінде Президент: «Біз елордамыздың төрінде ұлысымызды заманында ұйыстырған Керей мен Жәнібек хандардың еңселі ескерткішін ашып отырмыз. Бұл тұғырлы тарихымызға, біздің елдік дәстүрімізге, мызғымас мемлекетімізге арналған мәңгілік белгі.

Баршаңыз білесіздер, Керей мен Жәнібек хандар қасиетті Қозыбасы жерінде Қазақ деп аталатын хандықтың алғашқы қадасын қағады. Алтын Орданың заңды мұрагері ретінде Шу мен Сырдың арасында бой көтерген қазақ ордасы уақыт өте келе ұлан-ғайыр далаға иелік етті. Түптеп келгенде Керей мен Жәнібек тұсында тарих сахнасына шыққан «қазақ» деген сөз «егемен, еншісін алған еркін ел» деген мағынаны береді. Бабаларымыздың ұлыстың атына таңған азаттық ансарын ақиқатқа айналдыру біздің ұрпақтың маңдайына жазылыпты», – деген еді. Бір сөзбен айтқанда, елдік дәстүрдің терең екендігін бұқараға сезіндіру үшін жасалған қадамдар. Тарихи сананы жаңғырту оңай іс емес екендігін ескерсек, Елбасының бастамалары бір-бірін толықтырған, тереңнен ойластырылған дүниелер. Астанадағы жаңа көшелерге тарихи тұлғаларымыздың, көне қалаларымыздың, жер-су атауларының берілуі де осы кешенді жоспардың бір бөлшегі. Президент астананы Алматыдан Арқа төсіне көшірген сәтте қалада ең бірінші тұрғызылған ескерткіш Кенесары ханға арналған болатын. 1990 жылдардың басында батырлар мен хандардың, 1995 жылы ұлы Абайдың мерейтойларын атап, 1998 жылды «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы» деп атау, 2000 жылы Түркістанның 1500 жылдығын тойлау, 2001 жылы Астанаға Күлтегін ескерткішінің көшірмесінің әкелінуі, 2009 жылы «Қазақ елі» монументінің ашылуы, 2011 жылы Астанада «Мәңгілік Ел» салтанат қақпасының орнатылуы ұлттық тарихты насихаттап, елдік дәстүрді бұқараның санасында жаңғыртуға бағытталған жүйелі де салмақты саясаттың көрінісі мен нәтижесі.



Мемлекеттік сабақтастығы

Мемлекеттік дәстүрдің тереңдігін паш ету, оны айрықша атап өту ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап жиі байқала бастады. Шамасы, бұл да мемлекеттік идеялогияның, қоғамды бір идея төңірегіне жұмылдырудың тәсілдерінің бірі болса керек. Тіпті, мұндай мерейтойлар қарсаңында көптеген әлеуметтік-экономикалық мәселелер де шешімін тауып жатады. Мәселен, 1971 жылы Иран елі парсы мемлекеттілігінің 2500 жылдығын тойлаған. Олар өз мемлекеттілігінің басын Ахемен әулетінің патшасы Кирден бастайды. Осы мереке қарсаңында елде 2500 мектеп салынды. Көптеген қалаларда абаттандыру жұмыстары жүргізілген. Ірі кәсіпорындар мен компаниялар мектеп, аурухана салу жұмыстарына белсене қатысты. Мерейтойдан хабар тарату үшін әлемнің ірі БАҚ-тары мен ақпараттық агенттіктерінен 600-ден астам журналист келген. 52 мемлекеттің басшылары мен үкімет басшылары қатысты мерекеге. Бір сөзбен айтқанда, Иран үшін аса ірі PR акция болды ол. Алайда, мерейтой қарсаңында бірінші кезекте елдегі білім беру жүйесіне түбегейлі өзгерістер жасалды. Сауатсыздық мөлшері төмендеді. Жұмыссыздар саны азайды. Денсаулық сақтау мекемелерінің саны артты. Яғни, парсылар өз мемлекеттілігінің мерейтойын тек тамаша идеялогияға ғана емес, әлеуметтік-экономикалық жаңғырудың құралына айналдырған болатын.

Бүгінде Иранның үлгісін Түркия пайдалануда. Түріктер 2023 жылы өтетін Түркия Республикасының 100 жылдығына арналған кешенді жобаларды бастап кетті. Яғни, экономиканы одан әрмен дамыту, қоғамды демократияландыра түсу, білім беру, денсаулық сақтауды дамыту, ұлтаралық татулықты нығайту, аймақтардың арасындағы әлеуметтік-экономикалық айырмашылықтарды жою, заманауи инфрақұрылымдар жасақтау түріктердің мақсаты қазір. Алайда, ресми Анкара мемлекеттік дәстүрдің тереңдігіне үңілмеді. Селжұқ мемлекеті мен Осман империясынан бері үзілмеген мемлекеттік дәстүрді насихаттап отырған жоқ. Керісінше, Ататүрік құрған республиканың мерейтойына құрмет басым. Бір байқағанымыз – мемлекеттік дәстүрдің тарихына үңілу, оны идеялогия ретінде пайдалану азаматтық ұлт қалыптаса қоймаған елдерде байқалуда. Өздерінің этностық тегіне қарамастан «америкалықпыз», «французбыз», «германиялықпыз» дейтін халық

қалыптасып үлгерген Батыс Еуропада мемлекеттілік тарихын тойлау сирек. Керісінше, нақты этностық тегін ұмытпаған және оны мақтан тұтатын халықтар мемлекеттіліктің тарихына ерекше мән беріп келеді. Оған 1981 жылы Болгарияның өз мемлекеттілігінің 1300 жылдығын, 2000 жылы Венгрияның мемлекеттіліктің 1100 жылдығын тойлағанын мысал ретінде атап өтуге болады.

Ал, посткеңестік елдерге келсек, 1999 жылы Тәжікстан өз мемлекеттілігінің 1100 жылдығын тойлады. Олар IX-X ғасырларда Орталық Азияда билік құрған Самани әулеті кезінде тәжік ұлты мен тілі қалыптасқанын алға тартады. Ал, Ресей Федерациясы 2012 жылы мемлекеттіліктің 1150 жылдығын тойлады. Тіпті, бұл мерейтойды Беларусь және Украина елдерімен бірлесіп атап өту мәселесі де қарастырылды. Мерейтойлық шаралар ресейліктердің бүгінде насихаттала басталған «Орыс әлемі» идеясының айналасына топтаса түсуіне айрықша ықпал етті. Өзбекстан болса Әмір Темірдің мерейтойымен ғана шектелген. Бірақ, өзбектер түрлі қалалардың мерейтойларын атап өтуде. Мемлекеттілік дәстүрді өте мықты идеология құралына айналдыра білген елдердің бірі – Моңғолия. Моңғол жұрты өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап-ақ тарихи танымды жаңғыртуға мықтап кірісіп кетті. 2006 жылы Моңғолия Шыңғыс хан құрған моңғол мемлекетінің 800 жылдығын атап өтті. Мерейтойдың тек тарихи ғана астарының болмайтындығын салтанатты шараға АҚШ ауыл шаруашылығы министрі Майкл Йоханс бастаған арнайы делегацияның келгенінен-ақ аңғаруға болады. Америкалық саясаткерлер президент Дж. Буштың құттықтауын жеткізген. Ресми Улан-Батор мерейтойды ұлтты әлемге танытудың құралы ретінде де пайдалана білді. Алайда, моңғолдар мемлекеттілік дәстүрдің тарихын тіптен тереңдете түсті. Әрі күллі түркіге ортақ тарихты жеке иемдене бастағанын байқаймыз. Олар 2011 жылы Ғұн мемлекетінің 2220 жылдығын да ресми түрде атап өткен. Алайда, соңғы кездері ғұндарды тікелей моңғол ретінде бағалау белең ала бастады. Нәтижесінде, Моңғолия туризм саласын әжептәуір дамытты, елге келетін туристер саны жыл санап артып келеді. Тек 2013 жылдың өзінде Моңғолияға 500 мыңға жуық турист барған. Инвесторлар да елге келе бастады. Қазір Моңғолия жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім мөлшері өте жылдам артып келе жатқан ел. Бірақ, қалай болғанда да моңғолдар мемлекеттілік дәстүрді тек идеология құралы ғана емес, өте жақсы



ұйымдастырылған PR акцияларына айналдыра білді. Қалай болғанда да, мемлекет құрылуы мерейтойы тек сол мемлекеттің әлемге өзін өзі таныту үшін емес, ал ең алдымен азаматтардың патриоттық сезімдерін арттыру үшін ұйымдастырылады. Мысалы, Қытай Коммунистік партиясының жетекшілері 2013 жылғы партия съезінде алдағы онжылдықтардың негізгі мақсаты ретінде Қытай Халық Республикасының 2049 жылы аталатын 100 жылдығына дайындалуды бекітті. Сол сияқты 2023 жылы аталып өтетін Түркия Республикасының 100 жылдығы да ең алдымен ішкі аудиторияға арналған іс-шаралар. Сондықтан, Қазақ хандығының мерейтойын өткізуде өзге елдердің тәжірибесін де қарау қажет.

«Мәңгілік Ел» идеясы – мемлекеттілік дәстүрі

Президент сөзінің астарынан ұққан соңғы пайымымыз тарихты насихаттау арқылы мемлекеттілік дәстүрі бірте-бірте ұлттық идеологияға айналып келе жатқандығы. Әдетте, «мемлекеттілік» ұғымын тек мемлекеттік құрылым ретінде бағалаймыз. Алайда, мемлекеттілік дегеніміз, тарихта өз мемлекетін құра білген халықтардың даму деңгейімен де өлшенеді. Әрі мемлекеттің дамуы мен қызметін ұйымдастыруға қажет идеялар мен көзқарастардың тұтастай жүйесін де «мемлекеттілік» деп бағалайды бірқатар сарапшылар. Демек, «Мәңгілік Ел» идеясы ұлттық-мемлекеттік идеяның негізі, іргетасы десек те болады. Және де, ең бастысы, бұл идея елдің өткеніне ғана қатысты емес, болашағына қызмет ететін идея. Көне түркілер аңсаған Мәңгілік Ел шын мәнісінде бұл бүгінгі біздің түсінігіміздегі мемлекет. Біздің бабаларымыз шынайы түрде берік, өзгелерге де ықпалын жүргізе алатын мемлекет ретінде көргісі келді, міне, біздің ұрпақтың маңдайына сол бабаларымыздың арман еткен қуатты да ықпалды мемлекет құру бақыты тиді. Сондықтан, ертең тек Қазақ хандығының мерейтойы емес, сонымен қатар, 2017 жылы Түрік қағандығының 1465 жылдығы, 2024 жылы Алтын Орда мемлекетінің 800 жылдығы сияқты атаулы даталарды да ұмытпауымыз тиіс. Әрине, Қазақ хандығының құрылған жылын анықтап, оған лайықты баға бермей тұрып, Қазақ мемлекетін құрған хан-сұлтандарға, батырларға құрмет көрсетпей тұрып, күллі түркілік құндылықтарға иелік етуге ұмтылу ерте шығар, бірақ біз күллі түркінің атажұртында отырған елміз. Оның үстіне, Мәңгілік

Ел идеясын қайта жаңғырту арқылы Қазақ мемлекеті өзін баяғы Дала империяларының мұрагері, көне мемлекеттілік дәстүрлердің жалғастырушысы етіп жариялауда. Түптің-түбінде бүгінде біз айтып жүрген «Мәңгілік Ел» ұғымын орыс тіліндегі «державность» сөзінің баламасы ретінде қабылдауға болады. Біз жай көптің бірі болатын мемлекет емес, озық, ықпалды мемлекет құруға ұмтылуымыз қажет. Себебі, қазіргі заманда тек белсенді, қуатты мемлекет қана өміршең, қатерлерге төтеп бере алады. Осыдан бірнеше жыл бұрын, Қазақстан дамыған елу елдің, енді отыз елдің қатарына ену қажеттігі жөніндегі Елбасының сөздері бұл тек жай ұран сөздер емес, ұлтты, халықты тек алға, бәсекеге қабілетті болуға тартқан Стратегия. Сондықтан, Қазақ хандығының 550 жылдығы қазақтың жаңа сапаға көтерілуінің кезекті маңызды межесі. Бұл іс-шараға мерейтой деп емес, ал ең бастысы болашақта ұлттың сапасын, мемлекеттілікті арттыру мен азаматтардың жүрегінде мемлекетшілдік сезімін ұялатудың жаңа бір мүмкіндігі деп қарауымыз қажет. Яғни, басты мақсат – Мемлекеттілік дәстүрдің сабақтастығын жаңғырту, бекіту. Және де бұл мерейтой «Мәңгілік Ел» идеясын бұқараның санасына сіңіру үшін қажет.



Келісім мен толеранттық Қазақстан халқы Ассамблеясының даму стратегиясының құндылықты негізі ретінде

Юрий БУЛУКТАЕВ,
ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ-дың
бас ғылыми қызметкері,
саяси ғылымдарының докторы

З аманауи жағдайларда адамзат үшін шынайы жағдаяттарды қалыптасып қалған ождандық ұстанымдар және әлеуметтік құндылықтармен ұштастыруға уақыт тығыздығы мүмкіндік бермей, аға буынның тәжірибесі жаңа ұрпақ аяқ басып отырған кезеңде үйлесімділігі кеміп отыр.

Сондықтан да жылдам өзгеріп отырған кезеңде адам капиталының сапалы өсімі үшін Қазақстанда бас назар қоғамның құндылықты сипатына аударылуы тиіс.

Егер де қоғамның құндылықты сипатында Отан алдындағы жалпыадамзаттық және кәсіби борыш (патриотизм), ождан мен адамгершілік нормалары, ұлтаралық келісім мен төзімділік, дене және рухани даму, заңды құрметтеу сезімдері басымдылықта болса, бұл оның әлеуметтік тұрақтылығын қамтамсыз етуге қолайлы жағдай туғызады.

Қазақстанның жаңа әлемдегі жаңа дәрегейі талап етіп отырған қазақстандық қоғамның құндылықтары бірінші кезекте мәдениетаралық және дінаралық пікіралмасудың тарихи дәстүрлеріне негізделген.

Н.Ә. Назарбаевтың идеялары мен бастамаларын жүзеге асыру негізінде Қазақстанда көпұлтты қоғам үлгісі жетістікті жұмыс істеп тұр, және де бұл бүкіл халықаралық қауымдастық үшін қажетті мысал болуға толық құқығы бар. Елімізде түрлі діндер

мен наным-сенімдер өкілдерінің бірге бейбіт өмір сүруіне бар жағдай жасалынған және мемлекеттің жүргізіп отырған саясаты бұл ұстанымның барынша нығаюына бағытталған.

ҚР Президентінің 1995 жылдың 1 наурызындағы жарлығы негізінде құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы ұлттық саясат пен ұлтаралық пікіралмасуды жүзеге асырудың айрықша және тиімді құралы ретінде өзін жақсы жағынан таныта білді. Түрлі этнос өкілдері арасындағы қарым-қатынастағы сенімділікті нығайту, ұлтаралық қатынастардың үйлесімділігін қамтамасыз ету – Ассамблеяның негізгі мақсаттарының бірі болып табылады.

Қазіргі таңда Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғам мен мемлекеттегі орны мен рөліне, ішкі дамудың қажеттіліктеріне және сыртқы факторлардың ықпалынан туындап отырған міндеттерді шешуге қатысты жаңа көзқарас қажет.

«Қазақстан-2050: стратегиясын» жүзеге асыруға қатысты Президент тарапынан Ассамблеяға жаңа стратегиялық міндет – өз миссиясын кеңітуге қатысты, яғни жалпыазаматтық, саясаттан жоғары тұрған жалпы халықтық институт болу мәселесі қойылды.

Осы міндет аясындағы Ассамблеяның негізгі миссияларының бірі Қазақстан халқы санасына жалпыға ортақ құндылық – *келісім мен толеранттықты* сіңіру болмақ.

Ұлтаралық келісім мен толеранттықтың қазақстандық үлгісінің мәні

Жаңа, жылдам өзгеріп отырған жағдайларда, тек қоғамдық құрылымдардың жаңаруы жағдайында ғана емес, сонымен қатар сананың да жаңаруы жағдайында *келісім мен толеранттықтың болмысы* туралы мәселені көтеру, бұл күрделі феномендердегі нормативтік және құндылық құрамдардың қатынасы туралы сөз қозғау маңызды болмақ.

Ұлтаралық келісімнің санаттық болмысы мен құндылықты мазмұны қоғамның тұтастығы мен біркелкілігін сақтайтын және нығайтатын этникалық субъектілердің қатынас жүйесі ретінде осы әлеуметтік тұтастықтың мүддесіне сәйкес келетін құндылықты қатынастардың критерийі болып табылады.

Ұлтаралық келісім бірінші кезекте өзінің мәнін адамдардың экономика, саясат, мәдениет, мінез-құлықтары секілді қоғамдық



өмірдің түрлі салаларындағы қарым-қатынастары арқылы танылады. Сонымен қатар интегративтік сапа дәрегейіне көтеріледі.

Ұлтаралық келісімнің диалектикасының мәні – бұл этникалық қауымдастықтардың өзара әрекеттестік пен ынтымақтастыққа талпынысын таныта отырып, сонымен қатар олардың «араласып кетуіне» жол бермей, әрқайсысының өз индивидуалдық өзгешелігі мен жеке ерекшелігін сақтауды талап етеді.

Ұлтаралық өзара әрекеттестіктің сапасы мен тұрақтылығы мен ұлтаралық келісім төзімділіксіз, яғни өзара қарым-қатаныстағы тараптардың бір-біріне деген төзімділікке негізделген байланыссыз мүмкін емес.

Толеранттық (латынша. *tolerantia* - төзім) бөгде пікір, нанымдар, мінез-құлыққа төзімділік таныту. Толеранттық – бұл тұлғаның адамгер-шілік сапасы немесе қоғамның адамгершілік құндылықтарды сақтау, моральдық және әлеуметтік қатігездікті агрессиялық емес қабылдау, басқа адамдар мен ұлттардың мүдделерімен де есептесе білуді танытатын ұстанымдар жағдайы.

Бұл түсінік 20 ғасырдың ортасына дейін осылайша, яғни өзіңді тежеу, басқаға жол беруді білдіретін пассивті ұстаным ретінде танылып келді. Бүгінгі таңда «толеранттық» сөзі басқа мағынада айтылады. «Толеранттық» – бұл адам өз еркімен және саналы түрде келетін белсенді әлеуметтік мінез-құлық.

Толеранттық – бұл этникалық, мәдени түрлілігімен ерекшеленетін заманауи қоғамда өмір сүре білу, адамдардың бір-бірінің құқығын түсіну және мойындай білуі.

Толеранттықтың негізгі сапасы – бұл басқалардың теңдігін құрметтеу мен мойындау, артықшылықтық пен зорлық көрсетуден бас тарту болып табылады.

Сонымен қатар жағымсыз және жағымды толеранттықты де ажарыта білу маңызды. Жағымсыз толеранттық барды қанағат ету, қалыпты жағдайды өзгертуге талпыныс жасамау секілді ұстанымдарды білдіреді. Позитивті толеранттық – бұл этникалық көптүрлілікке, оны сақтау мен дамытуға қатысты жағымды қарым-қатынас ұстанымын танытады.

Ұлтаралық келісім мен толеранттық түрлі ұлт өкілдерінде зорлық көрсетпеу көзқарасын қалыптастыру, оларды күш қолданбаудың өзара әрекеттестігінің нақты дағдыларына үйретудің құнды негізі ретінде көрсетіледі.

Қазақстандық толеранттықтың бастаулары мен іргетасын қарастырайық.

Біріншіден, қазақ халқы Қазақстанның барлық этникалық, әлеуметтік топтары үшін ұлттық-мемлекеттік біртұтастықтың мықты тарихи ядросы ретінде танылады. Қазақстанда тұратын барлық этникалық топтар үшін қазақтар Еуразия көлемінде бірнеше ғасырлық бірге өмір сүру тәжірибесі бар ұлт.

Екіншіден, қазақи толеранттық ұзақ мерзімді тарихи кезең бойы жергілікті айрықша мәдениет негізінде қалыптасқан. Қоғамдық сананың тарихи дәстүрлері мен мәдени мәніне сәйкес бастапқы кезеңнен-ақ қазақтар үшін «діни еркіндік» пен «толеранттық» түсініктерінің мағынасы айқын болып қалыптасты. Еркіндік пен қонақжайлылықтың табиғи басымдығы, қонақтың барлық игіліктер мен рухани бостандыққа тең дәрежедегі құқығын мойындау қазақтардың қанына сіңген ұстанымдары.

Үшіншіден, қазақи толеранттық – бұл үмітсіз мойынсұну емес, ол бірнеше ғасырлық тәжірибе, өмір дағдысы, мінез-құлық пен мәдениет үлгісіне негізделіп қалыптасқан саналы, ақылға қонымды ымыраға келушілік болып табылады. Ол қазақ халқының ғасарылар бойы жинақталған дәстүрлері мен мәдени нормаларының негізінде қалыптасқан. «Ел-Жұрт», «Жеті ата», «қонақжайлық», «асар», «сыйластық», «сабырлық» – бұл түсініктер қазақтардың дүниетанымы мен өмір салтының алтын діңгегі. Осы аталынған құндылықтардың негізге алынуы ортақ үйіміздегі бейбітшілік пен тыныштықты сақтауға мүмкіндік беріп отыр.

Бүгінгі таңда толеранттық тұрақтылықтың кепілі ретінде елімізді танымал еткен мақтанышы және *«экспортқа шығаратын өнімі»* саналады.

Ұлтаралық келісім мен толеранттықтың қазақстандық үлгісінің келешегі

Бүгінгі таңда өзіндік айрықша белгілері бар ұлтаралық келісім мен толеранттықтың қазақстандық үлгісін осындай жағдайлардағы басқа да елдерде жетістікті түрде бейімдеуге мүмкіндік бар деп айтуға болады.

Қазақстанның ұлтаралық төзімділік пен қоғамдық келісім үлгісі жақын және алыс шет мемлекеттерде танымал болған брендiне



айналды. Қазақстан әлемнің көптеген мемлекеттері тарапынан «шегерілген қақтығыстарды» тиімді шеше алатын делдал ретінде қабылданады.

Қазақстан халқы Ассамблеясының жаңа мақсаттары мен міндеттері еліміздің сыртқы және ішкі саясаты саласындағы стратегиялық басымдықтарына сәйкес анықталады және де Ассамблеяның әрбір мүшесіне үлкен жауапкершілік жүктейді.

Бұл ұстаным сонымен қатар «Қазақстан-2050» стратегиясы міндеттерін жүзеге асырудың аясындағы қоғам және қазақстандық халық, оның күшті мемлекеттігін, ашық азаматтық қоғамын қалыптастырудағы тұрақтылық пен келісімді нығайтуға сәйкес келеді.

Келешек қазақстандық қоғамнан бұдан да үлкен шоғырлануды, біртұтастық пен ауызбіршілікті талап етеді. Бұл тек қана Отанымыздың болашағы үшін азаматтық және ұлттық келісім, төзімділік пен келісім идеясын қолдау, жаппай жауапкершілік сезімі жағдайында ғана жүзеге асады.

Егер де әлеуметтік шынайлықтың жағдайы мен мәнін этномәдени императивтер нақтылайтындығын есепке алар болсақ, болашақта ұлтаралық өзара әрекеттестік барысында позитивті толеранттықтың орны артатындығын айтуға болады.

Қорытындылар

Қазақстанның құндылықтар феномені туралы мәселенің күн тәртібіндегі өзектілігінің артуы заманауи жаһандық және аймақтық өзгерістер мен қауіп-қатерлердің орын алуымен байланысты.

Қазіргі жағдайларда ұлтаралық келісім мен төзімділіктің баламасы жоқ. Ал оның нақты бір мемлекетке немесе жалпы халықаралық қауымдастыққа тиістілігі маңызды емес.

Келісім мен төзімділік идеясы Қазақстанның артып келе жатқан бітімгершілік әлеуетінің құнды іргетасы болып саналады. Сондықтан да ол алдағы уақытта сақталынып, дамытылуы тиіс.

Өзінің жиырма жылдық қызметі барысында Ассамблея бар назарын ұлтаралық және дінаралық келісімді, қоғамдағы тұрақтылықты сақтауға, Қазақстанда тұратын барлық ұлттар мен ұлыстар өкілдері арасындағы достық қарым-қатынасты дамытуға бағытталған мемлекеттік саясатты жүргізуге арналған ұсыныстар дайындауға, олардың рұхани-мәдени көтерілуіне жағдай жасауға,

әлеуметтік қайшылықтар туындаған жағдайда ымыраға келу шараларын іздестіру мәселелеріне аударып келді.

Келісім мен толеранттық – бұл барлық ұрпақтар деңгейінде нығайтуды, қорғауды және сіңіруді талап ететін қазақстандық қоғамның ожданлық нормалары болып табылады. ХХІ ғасырдың өзгермелі жаңа кезеңінде Қазақстан халқы Ассамблеясының бұл нормалары таратуға қатысты қызметі тек арта түспек.

Ұсыныстар мен күтілетін нәтижелер

Мақсат етілген 2050 жылы Қазақстан ауызбірлікті халқы бар және үлгілі ұлттық мемлекет дәрежесіне жетуі үшін *қоғамдық келісім мен толеранттық* біртұтас полиэтникалық халықтың, мемлекет пен азаматтық қоғам институттарының, саяси партиялар мен діни конфессиялардың ең негізгі принципі ретінде алуы керек.

Ұлтаралық келісім мен төзімділік үлгісі Қазақстан халқының ұлттық мақтанышы және игілігі болып саналады. Келісім мен төзімділік идеяларын қоғамдық санаға тиімді қондырудың қолайлы жолдарының бірі ретінде ұлттық бірлік үрдісіндегі *қазақ халқының рөлін нығайту* міндетін алуға болады.

Бұл міндетті орындау үшін:

1. Ұлтаралық төзімділік пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісін қоғамдық санаға үйлестіру және ағартулық бағдарламаларды жүргізу.

2. Төзімділікті қалыптастыратын қазақ халқының өзіндік әлеуметтік нормаларын, дәстүрлері мен жоралғыларын жалпыадамзаттық мәні бар мәдениеттің материалдық емес мұралары ретінде қарастыру.

3. Жалпыұлттық тарихи сананы қалыптастыру барысында негізгі мақсат ретінде – тарихи танымды тұтас, жағымды және қоғамды біріктіретін мағынада қабылдауға жағдай жасау.

4. Тарих – қазақ тарихы, оның этногенезі толыққанды, яғни мыңдаған жылдар бойы үздіксіз жүрген үрдіс түрінде оқу пәні ретінде оқытылуы тиіс.

Сонымен қатар қазақтардың басқа халықтармен мәдени және экономикалық өзара әрекеттестігі өз деңгейінде сипатталып, басқа этностардың ел тарихындағы орны айқындалуы керек.

Күтілетін нәтиже:

Ұлтаралық толеранттық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісін одан ары жетілдіру;



Қазақстандықтардың тарихи санасы мен танымын ауызбірлікке, өз өткенін, бүгіні мен болашағын мақтан тұтуға қатысты патриоттық сезімді қалыптастыруға қолдану.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Дипломатический курьер. 2004. 3-4 кв. – С.156-157.
2. Токаев К.К. Свет и тень. – Астана, 2007. – 576 с.
3. Абусейтов К. Казахстан – Великобритания: следуя традициям партнерства // Казахстанская правда 29 декабря 2011 г.
4. Арбабаева Г. Великобритания и Казахстан: наши связи стали крепче // Международный деловой журнал «Казахстан». 2006. №3.
5. Токаев К.К. Векторы внешней политики. Европейское направление. Кн.2. – Алматы, ИД «Жибек жолы», 2008. – 208 с.
6. Международный деловой журнал «Казахстан». – 18 октября 2012 г.
7. Казахстанская правда, 28 февраля 2012 г.

Этносаралық татулық пен дінаралық түсіністік – Қазақстан дамуының қос тұғыры

Айдар ӘБУОВ,

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Мемлекеттік саясаттың ұлттық мектебі «Мемлекеттің саяси стратегиясы» кафедрасының меңгерушісі, ҚХА Ғылыми-сарапшылық кеңесінің мүшесі, философия ғылымдарының докторы, профессор

Кез-келген мемлекеттің дамуы үшін қоғамда саяси және діни тұрақтылық қажет. Тәуелсіздік алған тұста алға қойған мақсат пен міндетті орындауға қол жеткізу үшін қоғамда этносаралық ынтымақты сақтаудың мәні зор болды. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген дана сөзі халқымыздың ерте заманнан-ақ бірлікті – ең басты байлық деп танығандығын дәлелдейді. Тәуелсіз мемлекетіміздің бүгінгі күні жеткен әрбір жетістігінде қоғамдағы этносаралық ынтымақ пен достықты сақтау және дамыту бағытында құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясының алар орны ерекше екенін атап өткен жөн.

Қазақстанның этносаралық қатынас саласындағы өткенін, бүгінгі мен болашағын Қазақстан халқы Ассамблеясынан бөліп қарау мүмкін емес. Жиырма жыл бойы Ассамблея жұмысы елді біріктіріп, халықты біртұтас қоғам ретінде қалыптастыруда. Оның қызметін бүгінде Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы сияқты әлемнің ең беделді халықаралық ұйымдары мойындады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Қазақстан–2050» даму бағыты мен «Нұрлы жол» жаңа



экономикалық саясатының стратегиялық міндеттерін іске асыруда бірлік пен қоғамдық келісімді күшейту негізгі міндет болып табылады. Өз кезегінде Ассамблея мемлекеттің ұлтаралық саясатын іске асырудың маңызды құралы ретінде айқындалады. Қазақстан халқының бірлігі, қазақ халқының үйлестіруші рөлі, этностық, діни, мәдени, тілдік әралуандылық, толеранттылық пен жауапкершілік қағидағтары – ұлттық мемлекеттің негізгі ұстанымдарын жүзеге асырудың бірден-бір тетігі.

Жаһандану жағдайындағы этникалық қақтығыстар, діндер арасындағы келіспеушіліктер, аймақтық даулар түріндегі қатерлер кезінде бейбітшілік пен келісімді сақтау мемлекеттік саясат үшін ерекше маңызды екенін мойындау керек. Ұлт тұтастығын сақтауда қоғамдық келісім мен саяси-идеологиялық құндылыққа мән берген жөн. Қоғамдық келісімнің қалыптасу мәселелері Қазақстан қоғамының полиэтникалық сипатымен өте тығыз байланысты келеді.

Бүгінгі күні *ұлттық бірлікті нығайту мен тұрақтылықты сақтау* – қоғамдық келісімнің өміршең құралы. Бұл ретте Ассамблея қызметі мемлекеттің ішкі тұрақтылығы, орнықты дамуы мен қауіпсіздігінің шешуші факторына айнала білді. Полиэтникалық қоғамның ортақ тарихы негізінде мемлекеттік-саяси реттеу және ортақ шаруашылық қызметті ұйымдастыру арқылы ұлттық бірлік қалыптасты. Соның негізінде этносаралық қатынастар мәдениеті деңгейінің индикаторына айналған толеранттылық *саяси тұрақтылыққа* қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Бүгінде Қазақстан жүзден астам этнос өкілдерінен тұратын 17 миллионға жуық халқы бар мемлекет. Жалпы, көпұлтты елімізде тарихи сын сағаттарда ұлтаралық келісімнің тұрақты болуы, ең алдымен, жергілікті халықтың ұлттық ерекшелігінде жатыр. Қазақ ұлтының тағдыры тауқыметке толы болса да, қаны бөлек, жаны жат басқалардың құрдымға кетуіне жол берген жоқ. Этносаралық және конфессияаралық тұрақтылық пен ынтымақты, келісім мен тыныштықты сақтау ісіне жіті көңіл бөлініп келеді. Өз азаматтарының заң жүзінде діни сеніміне, таңдауына және ұстанымына кепілдік береді. Сондықтан сенімі мен көзқарасы әралуан сан ұлт пен ұлыс өкілдері ендігі жерде қара шаңырақтың мақсат-мүддесіне қызмет етіп, елдегі этникалық үйлесімділікті сақтауға барынша атсалысқаны абзал.

Елдегі діни тұрақтылыққа келетін болсақ, дәстүрлі діндердің құндылықтары рухани бірігуге қызмет етеді. Қазақстандық модельдің сабақтастығы қазақ халқының ізгілігі мен толеранттылығында, барлық қазақстандық этностардың татулығында, мақсаттар мен міндеттердің ортақтығы біріктірген құндылықтарда жатыр.

Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдық мерейтойы тойлануда. Ел саясатының қос бағаны – ұлтаралық татулық пен дінаралық түсіністік ортақ үйіміздің мызғымай берік қалануына ықпал еткен басты факторлар. Иә, ел алдында жүрген ғалым-сарапшылардың осы тұста бірлік институтына берер бағасы да жоқ емес. Тарихқа көз жүгіртсек, Ассамблея құру туралы идеяны алғаш рет 1992 жылы Алматыда өткен Қазақстан халқының I форумында Елбасы ортаға салған еді. Посткеңестік мемлекеттердің ешқайсысы көтермеген тың бастаманы сол кездері кейбіріміз түсінбегенімізбен, қазақ жерінің ауасын жұтып, суын ішкен этностардың теңдігін қалыптастыруда бір орталықтың қажет екенін ұғынған еді. Осылайша 3 жылдан кейін, Президент жарлығының негізінде 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы кеңесші орган ретінде Ассамблея құрылды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы көз алдымызда құрылып, өз деңгей-дәрежесін айқындаған институт. Елдің мақсат-мүддесі мен ұлттық саясатын негіз еткен ұйымның қазіргі таңда алдына қойылған қоғамдық мәселелерге байсалды шешім ұсына алатын құзыреті бар. Бұл жиырма жылдық тарихында Ассамблеяның өз миссиясынан танбағанын білдіреді. Қоғамдық келісім мен татулықтың символына айналған аталмыш институттың елдің экономикалық-әлеуметтік дамуында да үлесі бар деп айтуға толық негіз бар:

Біріншіден, Қазақстан – көпұлтты мемлекет болғандықтан, мұндағы ұлттардың тыныс-тіршілігі, елімізбен қарым-қатынасы, олардың ұлттық ерекшеліктерінің қаймағы бұзылмай сақталуы қажет болды. Осы ұстанымдарға бекемдік танытқан ұлттық саясат елімізді мекен еткен барлық ұлт пен ұлыстың тең құқылы ғұмыр кешуіне жағдай жасаған болатын. Бұл еңбек зая кетпегендіктен, біздер ұлтаралық татулық тұрғысынан әлемге үлгі болып отырмыз. Ал елдегі тыныштық пен ынтымақтың тұрақтылығы экономикалық, әлеуметтік және саяси тұрғыда ұдайы даму мүмкіндіктерін ту-дырды.

Екіншіден, Қазақстанды мекен еткен ұлттар біз егемендік алған жылдары шетелге шықса, «қазақстандағы орыспын» немесе



«қазақстандық неміспін» деп өзін таныстыратын. Қазір қалай? Кез-келген ұлттың өкілі «қазақсың ба?» дегенге еш қаймықпай, «қазақпын!» деп жауап бере алады. Мұның сыры – қазақ жерінде тұратын өзге ұлттардың халық санының үлкен пайызын құрайтын қазақ ұлтымен терезесін тең сезінуінде. Тұрғылықты жерден моральдық және материалдық қысым көрмеген ұлт қана осындай әрекетке барады.

Үшіншіден, қанымызға сіңген қонақжайлылық, дархандық сияқты асыл қасиеттерімізден нәр алған, сол бай мінезіміздің шарапатын көрген ұлттар да өз кезегінде туған топыраққа деген парызына адал болуды мақсат тұтуда. Біз – бақытты елміз. Себебі тұрақтылық пен татулықты ту еткен қаншама ұлттың баласы бір шаңырақ астында, көк туымызды көкке желбіретуге үлес қосып келеді. Осы ретте Ассамблея мүшелеріне ерекше алғыс білдіруге болады. Себебі әр ұлттың ақсақалы, абызы, барлық өкілдері біріге отырып, бірлікке шақырғандықтан, ұрпаққа өзінің қазақ жеріне табан тіреген тарихын ұнамды жеткізгендіктен, біз бүгінде бір-бірімізге алақөздік танытпай, жақсы ғұмыр кешіп келеміз.

Төртіншіден, осы ұлттарды біріктіретін тағы бір құрал бар, ол – қазақ тілі. Қазақ тілінің тағдыры шешілген аласапыран кезеңде арашашы болуға ұмтылған да осы институт еді. Бүгіндері бұл институт Елбасын қайта сайлау туралы бастама көтерсе, оны басқа мекемелер, ел алдында жүрген зиялылар, халық қолдап жатса, бұл оның қоғамдық көзқарасқа қозғау сала алатын күшке ие болғанын аңғартады.

Бесіншіден, өмірдің ағы мен қарасы қатар жүретіні заңдылық. Осы ретте ел басына түрлі сынақтардың да түсетіні белгілі. Қуанышымыз бен қайғымызда, сын сағатта жанымыздан табылып, өзінің міндетін орындаған, қазақ ұлтының алдындағы борышына немқұрайлы қарамаған, жиі-жиі БАҚ арқылы ризашылығын білдіріп отыратын өзге ұлт өкілдерін көргенде ішін жылиды. Бұл – ұлт саясатына, ел тұтқасын ұстаған Елбасы саясатына, қашан да құшағы айқара ашық тұратын қазақ халқына деген ризашылық емес пе?!

Ассамблеяның тізе берсең, таусылмас артықшылықтары бар. Ең бастысы татулық пен жарасым тапқан қарым-қатынасымыз көпке үлгі. Ел бірлігінің тәжірибесін бізден үйренуге мүдделі болып отырған мемлекеттер де жоқ емес. Бұл да біз үшін мақтаныш. Осы орайда 2014 жылдың 17 маусымында Елбасы Жарлығымен Қазақстан Республикасы Президенті жанынан құрылған «Қоғамдық

келісім» республикалық мекемесі мен басқа да үкіметтік емес ұйымдар қызметінің Ассамблея жұмысын алға жылжытудағы қызметінің маңызы зор екенін айта кеткен жөн.

Қазақстан халқы Ассамблеясы өзіне жүктелген негізгі міндеттерін орындады. Осы саланың тамыршысы ретінде, біздер, ғалымдар жиырма жылда атқарылған шараларды тізіп қана қоймай, соның негізінде кешенді бағдарламалар мен ғылыми тұжырымдарды шығаруға мүдделіміз. Себебі оның жұмысының кемел болуы – этнос және ұлтаралық саясаттағы рөлінің мықты болуына алып келеді.

Осы тұста этникалық қақтығыстарды болдырмауда, бейбітшілік пен келісімнің негізінде тұрақты қоғам құруда рөлі мығым Ассамблеяның жұмысын әрі қарай дамытуға өз ұсыныстарымды айта кеткім келеді:

Мен Ассамблея жанындағы Ғылыми-сарапшы кеңес мүшесі ретінде мемлекеттің ұлт және этносаралық саясатының жүйелі түрде қарапайым халыққа жеткізу қажеттілігін аңғардым. Неге дерсіз? Себебі анда-санда болса да бой көрсететін азаматтар арасындағы тұрмыстық деңгейдегі келіспеушіліктердің болуы және әлдекімдер тарапынан оның «ұлтаралық» деп бағаланып жатуы осы нәзік саясатты толық түсіне алмағандықтан орын алатын сияқты. Егер қазақ жерінде тұрып жатқан азаматтар елдің ішкі-сыртқы саясатындағы ынтымақтың ұлы берекеге бастайтынын жүрегімен түсінер болса, түсінбеушілікке жол берілмейді.

Ғұмыры қарбаласқа толы базар саудагерін немесе қара жұмысшыны алыңыз. Ол кісілердің теледидар қарауға уақыты бола ма? Көбіне бола бермес. Иә, Ассамблея саясаты, оның мақсат-мүдделерінің насихаты бар. БАҚ арқылы ол өз миссиясын айтып, елді осы береке мен бірлікке шақырып-ақ келеді. Бірақ жоғарыда айтқан дау-дамай көбіне білместіктен туып отыр емес пе. Сондықтан біз қоғамдық келісім идеясын ең алдымен сол адамдардың санасына жіті сіңіруіміз қажет. Достықты насихаттайтын, татулықты ту ететін видео-аудио, жазба материалдар мазмұны әр қазақстандықтың санасына жетуі шарт. Әлеуметтік желілерді де осы мақсатқа пайдалансақ кұба-кұп.

Әлемге назар аударсақ, тыныштығы ұйыған ел кем де кем екенін көреміз. Таяу Шығысты алып қараңыз, айналып келгенде қарапайым халық жапа шегіп отыр. Неге? Себебі арандап қалды. Құйтырқы саясаттың, бүлікші топтың құрбанына айналды. Қара су мен қара



нанға зар болып отыр. Отанын тастап бас сауғалап, көрінгеннің есігінде жүр. Теңіз кешем деп, тереңге кеткендер қаншама... Бір баскөтерудің құны – өзінің және ұрпағының өмірімен өтелмейтін қиындыққа айналды. Міне, халық осыдан сабақ алсын.

Ақпараттық-насихат – бүгінгі басымызға түскен зауалдың тиімді шешімдерінің бірегейі. Елді дұрыс ақпараттандыру ғалымдарға, журналистерге, саясат көрігін қыздырып жүрген азаматтарға сын. Сол себепті магистратурада, доктарантурада дін татулығы, ұлтаралық татулық тақырыптарын зерттейтін мамандар дайындау керек. Олар Ассамблея жұмысына баға беріп қана қоймай, алдағы мақсаттарына да бағыт-бағдар бере алатын жоғары дәрежеге ие болмақ.

Сонымен бірге аталған тақырыпта арнайы жазатын журналистер жоқ. Қоғамдық келісім тақырыбын толыққанды зерттеп, талдамалы шолу жасай алатын журналистер қатарын қалыптастыру керек.

Айта кету керек, сөз басында әр ұлттың ақсақал, абызына қатысты әңгімені текке айтқанымыз жоқ. Қариялар – тарихтың өзі мойындаған тірі институттар: бірлік, ынтымаққа ұйытатын да, тәртібі кемдерді жөнге салып, ақылдысына қанат бітіретін де сол кісілер. Біздер бүгінгі тыныштыққа елімізде тіршілік еткен ұлттардың үлкен қарияларының тұшымды өсиетімен жеттік. Осы ретте, әр ұлтта қариялар кеңесінің жұмысын жандандыра түсу қажеттігі өзінен-өзі туындап отырған жоқ па? Қазақ жерінен тамырын үзбеген өзге ұлт өкілдері бабалары қалыптастырған татулық, ізгілік жолын кейінгіге бұзбай жеткізсе, қазақ топырағы, қазақ халқы сол ұлттың атасына рахмет айтпай ма? Ұрпақтар сабақтастығы деген ұғымды дамыта түсуіміз керек.

Біздер өзімізге бұйырған ұлан-ғайыр атырапты сабырмен, парасатпен қорғауға бекіп отырмыз. Біз талай жиындарда айтып жүрміз: елдік, ұлттық мәселеге келгенде ұшқалақтыққа, қызуқандылыққа, эмоцияға салуға болмайды. Қанымызға біткен дархандық, әр істің байыбына бара алатын пайымымыз бізді осы жерге дейін алып келді. Елбасы өз сөзінде: «Әлемді лаңкестік уыты шалды. Елінің бірлігі шатқаяқтаған елдер сол лаңкестіктің отанына айналып отыр», – деп нені меңзегенін Сіз бен біз жақсы білеміз. Сондай-ақ, Ассамблеяның ХХ сессиясында Президент Н. Назарбаев айтқан мына сөз ерекше санамызда сақталыпты: «Татулық пен тұрақтылық ел иесі ретінде қазаққа керек. Қазақтың ынтымағы

мен бірлігі мықты болмайынша, мемлекеттің тұтастық келбетін сақтау мүмкін емес». Сондықтан әр қазақ өзінің татулық пен бірлік алдындағы міндетін ойдағыдай атқарар болса, елдің экономикалық, рухани және әлеуметтік тұрғыда қарыштайтын күні алда деп сенемін. Ал Ассамблеяның құрылуы, оның саясатының дұрыс жүзеге асырылуы – саяси, әлеуметтік, ұлттық және экономикалық дамудың қазақстандық моделін ұсынды.

Елбасының «2015 жылды Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы деп жариялау жөнінде» Жарлыққа қол қоюы әлемде болып жатқан этносаралық және діни қақтығыстардың шарттары қазіргі заманның белгілі бір түрі болып отырғандықтан, ұлттық бірлік пен қоғамдық келісімді нығайту бойынша мемлекеттік саясатты жүйелеуді ретке келтіріп отыр. Халқымызды қоғамдық келісім мен бірлік идеясының маңына топтастыруға күш салып келе жатқан Ассамблеяның мемлекет өміріндегі маңызын одан әрі жетілдіруде мына нәрселерді ескеру керек:

1) Қазақстандық қоғамның қазіргі дамуы жағдайында бірінші кезекте этносаралық қарым-қатынас мәселелерін шешу шараларын қабылдау, тіл мен ұлттық мәдениетті, салт-дәстүрді насихаттауда ағартушылық жұмыстарды одан әрі жетілдіру, этномәдени бірлестіктер мен азаматтық қоғамның басқа да институттарын қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шешуге белсенді тарту. Қазақстан халқы Ассамблеясы халықтың мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп, меңгеруінің үдерісіне басшылық жасаумен шектелмей, толыққанды мемлекеттік тілге айналуына күш салатын уақыт келді деп санаймын;

2) Этносаралық қатынастар саласында азаматтық қоғамның әлеуметтік бастамаларын іске асыру, еліміздің әрбір өңірлердегі этносаралық жағдайды талдау бойынша ғылыми-сараптамалық жұмыстарды жүйелеу, толеранттылықты нығайту және ақпараттық жұмысты қамтамасыз ету саласында белсенді жұмыстар жүргізу.

3) Жоғары оқу орындарында магистратура, докторантура бойынша ұлтаралық және дінаралық татулықты түбегейлі зерттейтін мамандар даярлау ісін қолға алу, мемлекеттік гранттар бөлу, осы тақырыпты терең зерттейтін сауатты журналистер тобын жасақтау;

4) 2015 жыл – ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы. Қазақ



халқының тарихы мен бүгінін дәріптеуде, барша қазақстандықтарды ұлттық мәдени құндылықтар рухында тәрбиелеудегі қоғамдық келісім рөлі тұрғысында «Мәңгілік Ел» идеясына топтастыру.

Қорыта айтқанда, Қазақстан халқы Ассамблеясы 20 жылдық қызметінде айтарлықтай тәжірибе жинақтады. Этносаралық және дінаралық келісімнің қазақстандық моделі қалыптасып, еліміздегі ұлттық саясатты жүргізуде беделді орынға ие болды. Алдағы уақытта Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздің бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына қосылуына рухани тәрбие беру арқылы өзінің маңызды үлесін қосуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылғы 30 тамыз.
2. Қазақстанның Ел бірлігі Доктринасы. – Астана, 2010.
3. Назарбаев Н. Ә. Бейбітшілік және келісім саясаты. – Астана, 2008.– Б.253, 363 / Назарбаев Н. А. Политика мира и согласия. – Астана, 2008. – С.253, 363.
4. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. – Астана, 1999. – Б.186.
5. Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 20 қазанда қабылданған заңы // www.adilet.kz.
6. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2014.
7. «Қазақстан–2050» стратегиясы. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2012.

Қазақстан халқы Ассамблеясының халықаралық қызметі тарихының кейбір беттерінен

Нұрбек ШАЯХМЕТОВ,

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
«Қоғамдық келісім» РММ Ғылыми-сараптамалық
қолдау және әдістемелік қамтамасыз ету қызметінің
жетекшісі, тарих ғылымдарының докторы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 1995 жылы 1 наурызда құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы бүгінгі таңда жиырма жылдық тарихи белеске шығып отыр. Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында Елбасы Н. Ә. Назарбаев мемлекеттік этносаясат саласында инновациялық идея ретінде ұсынып, қоғамдық-саяси өмірге табысты енгізілген Ассамблеяның сан алуан қызметі әр қырынан зерттеп-зерделеуді қажет етеді. Соның бірі – Қазақстан халқы Ассамблеясының халықаралық қызметінің тарихы.

Н. Ә. Назарбаевтың этносаралық толеранттылық және қоғамдық келісімнің қазақстандық моделінің құрамдас бөлігі – Қазақстан халқы Ассамблеясы болып табылады. Бұл модельдің оңтайлы тәжірибесін халықаралық қауымдастық мойындады әрі шет елдерде кеңінен танылды. Соңғы үш жылда ғана Ассамблея Хатшылығына қазақстандық тәжірибеге қызығушылық танытқан шет елдік сарапшылар, парламент мүшелері, ғалымдар, дипломаттар, журналистер, үкіметтік емес ұйымдар тарапынан алпыстан астам сұраныс түскен. Қазақстандық моделді зерттеу жөніндегі сұранысты 18 елдің өкілдері жасаған (Болгария, Ұлыбритания, Германия, Франция, Испания, Италия, Қытай, Малайзия, АҚШ, Ресей, Түркия, Украина, Армения, Канада, Оңтүстік Корея, Польша, Венгрия, Финляндия).



Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың ғаламдық қауіпсіздік мәселелерінде ядролық қаруды таратпау жөнінде нақты қадамдарынан бастап теңдік, ғаламдық толеранттылық, сенім қағидаттарына негізделген G-global идеясын іс жүзіне асыруға дейінгі бастамалары нәтижесінде Қазақ елі халықаралық қауымдастықтағы сенімді серіктес ретінде танымал елге айналды. Осы тұрғыда «толеранттылықсыз ғаламдық сенім болмайды» деген тұжырым терең мазмұнға ие болды.

Елдегі этносаралық және конфессияаралық татулық пен келісімнің келелі мәселелерін шешуде нақты жетістіктерге қол жеткізуі Қазақстанның Еуразиялық интеграция, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес, Шанхай ынтымақтастық ұйымы сияқты маңызды ғаламдық жобаларға бастама жасауға мүмкіндік беріп отыр.

Қазақ елі өз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі өтпелі кезеңнің аса күрделі жағдайларына, ішкі дағдарыстар мен сыртқы қатерлерге қарамастан, этносаралық қайшылықтарға жол берген жоқ. Қазақстан тұрақсыздық жайлаған әлемде тұрақтылығын сақтап отыр. Бұл жерде Қазақстан халқының даналығы мен Елбасының салиқалы саясаты ұштастырылған Қазақстан халқы Ассамблеясының шешуші рөлін ерекше атап өткен абзал. Мұндай игілікті тәжірибеге халықаралық қауымдастық тарапынан назар аударылмауы мүмкін емес еді.

Әлемнің мәдени-өркениеттік әралуандықтың тұрғысынан Қазақстан халқы толеранттылығымен, теңдік диалогына деген оң ниетімен, азаматтардың бір-біріне деген құрметі, өзара сенімімен, адам құқығы, қауіпсіздігі мен дамуының өзара органикалық тұтастығымен сипатталады. Жаһан дүниедегі көпұлтты елдердің бірі ретінде Қазақстан қоғамдық құндылықтар мен саяси-экономикалық дамудың түбегейлі өзгерістері кезінде посткеңестік аумақтағы басқа бірқатар елдермен салыстырғанда елдегі қоғамдық келісім мен бейбіт өмір тұрақтылығын сақтап қалды.

Қазақстанда этномәдени әртүрліліктің жаңғыруы мен дамуына бағдарланған мемлекеттік саясат жүзеге асырылып келеді. Этносаралық қатынастарды үйлесімді етуге, әрбір этностың мүдделерін қорғауға қажетті барлық мүмкіндіктер жасалған. Бұл жетістіктер жөнінде бірқатар халықаралық ұйымдар, соның ішінде беделді ЕҚЫҰ да оң бағасын бергені белгілі. Қазақстанда барлық этностардың азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени құқықтарын қорғау бағытындағы іс-шаралары халықаралық

талаптарға сай болып табылады. Сондықтан бұл тәжірибенің басқа елдер үшін үлгі боларлық толық негізі бар.

Бұл тәжірибеде Қазақстан халқын ұйыстырып отырған Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі ерекше. Бүгінгі таңда Ассамблея елдегі барлық этностардың мүддесін қорғайтын өміршең механизмге айналды. 2007 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясына енгізілген өзгерістерге сәйкес Ассамблея сапалық тұрғыда консультативтік-кеңесші органнан конституциялық институтқа ауысты. Осылайша, елдегі этностық топтар үшін өз мүдделері туралы ұсыныстарын жоғарғы заң шығару органы арқылы билікке жеткізуге мүмкіндік жасалды. Бұл ЕҚЫҰ Адам дамуының өлшемдері бойынша Копенгаген конференциясы кеңесінің 31-тармағына толық сәйкес келеді.

Сондай-ақ, Ассамблея өз қызметінің халықаралық бағыты бойынша ЕҚЫҰ-мен бірге басқа да халықаралық ұйымдармен тығыз жұмыс істейді. Мәселен, 2014 жылы 5 мамырда Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес тәжірибесінде алғаш рет Қазақстан халқы Ассамблеясымен ықпалдастық туралы Меморандумға қол қойды.

Жалпы, ҚХА өзінің сан қырлы қызметінде БҰҰ, ЕҚЫҰ, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің басты ұстанымдарына сүйенеді. Мәселен, БҰҰ-ның Жарғысына сәйкес негізгі мақсаттары мынаған сайып келеді: бүкіл әлемде бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау; осы мақсатқа сай бейбіт өмірге қауіп төнген жағдайда, оның алдын алу үшін, тиімді ұжымдық шараларды, бейбітшілікке қауіп төндіретін агрессиялық актілерді немесе басқа да қауіптерді болдырмауды жүзеге асырады.

Бейбітшілікке қауіп төндіретін халықаралық келіспеушіліктерді, қайшылықты жағдайларды реттеу немесе шешу бейбіт әдістермен, халықаралық құқық және әділеттілік қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ұлттар арасындағы достық қатынастарды дамытуды халықтардың теңдігі мен өзін-өзі айқындау құқығы қағидаттарын құрметтеу негізінде жүзеге асыруды қамтамасыз ету және жалпыға ортақ бейбітшілікті нығайтуға бағытталған басқа да тиісті шараларды қамтамасыз етеді.

Экономикалық, әлеуметтік, мәдени және гуманитарлық сипаттағы халықаралық мәселелерді шешуде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру мен нәсілдік, жыныстық, тілдік, діни шығу тегі



мен ұстанымына қарамастан адамның негізгі құқықтары мен еркіндіктерін құрметтеуді қолдайды. Осы мақсаттарға қол жеткізуде ұлттардың бірлесіп әрекет ететін орталығы болуды жоспарлайды [1].

Бұл жерде ерекше назар аударатын жағдай – БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мунның 2010 жылдың сәуірінде Қазақстанға ресми сапары кезінде жасаған мәлімдемесі. Онда: «Қазақстан халқы Ассамблеясының қағидаттары Біріккен Ұлттар Ұйымының қағидаттарымен толық сәйкес келеді. Достық бейбітшіліктің, гүлденудің және қауіпсіздіктің іргетасы. Ол құрмет, толеранттылық және төзімділік құндылықтарына негізделеді. Бұл – БҰҰ қағидаттары. Және де бұл қағидаттар Қазақстан халқы Ассамблеясына да тән», – деген болатын [2, 13].

1992 жылы 5 қазанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші Сессиясында Қазақстан Президенті Н. Ә. Назарбаев ЕҚЫҰ үлгісінде Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес құру идеясын ұсынғаны баршаға мәлім.

Мақсаты – аймақтағы елдердің пәрменін Азиядағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жұмылдыру. Кеңеске географиялық тұрғыда аумағы Азияға енетін мемлекеттер мүше бола алады. Қазіргі таңда Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес масштабы зор мемлекетаралық жоба ретінде табысты қызмет атқарып келеді. Ұйым Қазақстанның қауіпсіздігі үшін «сыртқы белдік» механизмі ретінде ғана емес, сонымен бірге, Азия құрлығындағы қауіпсіздік пен ынтымақтастықты қамтамасыз етуде елеулі рөл атқарып келеді.

Кеңестің аталған бағыттағы маңызды жетістігі – ынтымақтастықтың тиімді тетіктерін қалыптастыруға арналған Азиядағы сенім шараларының Каталогы атты құжаттың қабылдануы болып табылады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы өзінің халықаралық қызметінде Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің негізгі идеялары мен қағидаттарын жүзеге асыруға белсене араласады. Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеске мүше мемлекеттердің өзара қатынастарын реттейтін қағидаттарға негізделген Декларацияда аталған кеңеске мүше мемлекеттер БҰҰ Жарғысының мақсаты мен қағидаттарына берік екендігін жариялай отырып, өзара қарым-қатынастарда мынадай құндылықтарды басшылыққа алатындығын мәлімдеді:

- теңдік егемендігі, егемендікке тән құқықтарға құрмет;
- күш қолданудан немесе күшпен қауіп төндіруден бас тарту;
- мүше-мемлекеттердің аумақтық тұтастығы;
- дауларды бейбіт келісімдер арқылы реттеу;
- бір-бірінің ішкі істеріне араласпау;
- қарусыздандыру және қарулануға бақылау;
- экономикалық, әлеуметтік және мәдени ықпалдастық;
- адам құқығы және негізгі бостандықтары [3].

Қазақстан 1992 жылы қаңтарда ЕҚЫҰ мүше болып қабылданғаннан бері жалпыеуропалық үдерістерге белсене араласып, 1975 жылғы Хельсинки Қорытынды актісі мен ұйымның басқа да құжаттарындағы негізгі қағидаттарын іс жүзінде қолдануда орасан зор жұмыстар атқарды. Өз кезегінде бұл жұмыстар Қазақстанның ЕҚЫҰ-на жетекшілік жасау жөніндегі стратегиялық мақсатына негіз болды. Бұл ниетін 2003 жылы ақпанда ұйымның Тұрақты Кеңесінің мәжілісінде жария етті.

Енді Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі ЕҚЫҰ қағидаттарына қаншалықты сай келеді дегенге келетін болсақ, оған Қазақстанның 2010 жылы бұл ұйымға төрағалығын айтсақ та жеткілікті. Дегенмен, бұл ұйымның қандай іргелі халықаралық құжаттарды басшылыққа алатындығына тоқталатын болсақ, ЕҚЫҰ-ның 1999 жылы өткен Стамбул саммитінде Еуропалық қауіпсіздік Хартиясы қабылданды. Бұл құжатты қабылдау арқылы Еуропа үшін ХХІ ғасырда қауіпсіздіктің үлгісі қандай болуы керек деген пікірталасқа нүкте қойылды. ЕҚЫҰ-на мүше 30 мемлекет Стамбул декларациясын қабылдап, Еуропадағы қарапайым қарулы күштер туралы бейімделген шартқа қол қойылды.

Хартияның 3-тармағында мынадай ұстаным белгіленген: «қауіпсіздік және бейбітшілік екі басты элементке негізделген бағыттармен нығайтылу керек: мемлекет ішінде адамдар арасындағы сенімді нығайту және мемлекетаралық ынтымақтастықты дамыту». Хартияның 9-тармағында мемлекеттердің міндеттері айқындалған: «өзара қарым-қатынасты қауіпсіздіктің жалпы және толыққанды тұжырымдамасына сәйкес, тең құқылы серіктестік, өзара көмек және транспаренттілік ұстанымдарымен жетекшілік ету арқылы құру».

Хартияда ЕҚЫҰ мүше мемлекеттері БҰҰ Жарғысы мен Хельсинки Қорытынды актісін басшылыққа алатынын жариялады [4].

Аталған қағидаттар мен қабылданған құжаттарға қарағанда



ЕҚЫҰ кеңістігінде толеранттылық пен мәдениетаралық диалог ұстанымдарын насихаттау Қазақстанның осы ұйымға төрағалық етудегі мейлінше өзекті міндетіне айналды.

Орталық Азия республикаларының бірі, ТМД елдері арасынан алғашқы елдің жетекшілік етуі жөніндегі шешім 2007 жылы 29–30 қарашада Мадридте өткен Сыртқы істер министрлері Кеңесінің 15-ші отырысында қабылданды. Аталған кеңесте Қазақстанның ЕҚЫҰ төрағалығы 2010 жылы жүзеге асырылатын болып шешілген-ді. Бұл шешім Қазақ елінің демократиялық қоғам құрудағы, саяси және қоғамдық келісімді қамтамасыз етудегі ішкі және сыртқы саясатының жетістіктеріне берілген жоғары баға болатын.

Бұған дейін ЕҚЫҰ төрағалығына үнемі Батыс Еуропа елдері, Еуроодаққа мүше немесе үміткер елдердің ішінен сайланатын еді. Сонымен бірге, ТМД елдерінің бірде-бірі осынау жоғарғы миссияны атқаруға үміткер болған емес.

Бұл аса жауапты әрі мәртебелі миссияны атқаруға қол жеткізгенге дейін мемлекетті құру мен дамытудың Қазақстандық оң тәжірибесі қалыптасты. Әсіресе, ол этносаралық, конфессияаралық толеранттылық пен қоғамдық келісім саласында ерекше көрініс берген еді. Сол себепті, Қазақстанның ұлтаралық қатынастар үлгісін халықаралық ұйымдар мен сарапшылар тарапынан зерттеуге деген қызығушылық арта бастады. Қазақстанның қоғамдағы татулық пен келісімді сақтауға бағытталған ұлттық саясаты халықаралық деңгейде талқыланатын мәселеге айналды. 1995 жылы 8–9 желтоқсанда Швейцария конфедерациясы үкіметінің қолдауымен және ЕҚЫҰ-ның Аз ұлттар ісі жөніндегі Жоғары комиссарының төрағалығымен Қазақстандағы ұлтаралық қатынастар мәселесі туралы «дөңгелек үстел» өткізілді. Бұл шараға Президент әкімшілігі, Парламент депутаттары, Қазақстан Республикасының Үкіметі мүшелері, жергілікті билік органдарының, Қазақстан халықтары Ассамблеясының, этномәдени орталықтар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері қатысты. Ал 1996 жылы 25–27 қаңтарда Брюссельде «Қазақстандағы этносаралық қатынастар: халықаралық контекстегі мүмкіндіктер мен міндеттер» деген тақырыпта семинар ұйымдастырылды. Брюссельдегі сарапшылар Қазақстандағы этносаралық қатынастардың тарихи тамыры терең екендігіне және қоғамдық деңгейде де, жеке адамдар арасындағы өзара қатынасында да бейбіт сипатқа ие болып келгендігіне ерекше назар аударды.

Брюссельден кейін Алматыда өткізілген осынау үлкен форумды

ұйымдастыруға Қазақстан халқы Ассамблеясы белсене атсалысты. Ол «Жаңа тәуелсіз мемлекеттердегі этносаралық қатынастар үйлесімділігі мәселелері (Қазақстан мысалында)» деген тақырыпқа арналған болатын. Ғалымдар мен саясаткерлердің салиқалы диалог үлгісі ретінде таңдауы Қазақстанға түсіп отырғандығы бекер емес еді [5].

Одан кейінгі жылдарда көпұлтты мемлекеттердегі этносаралық қатынастар мәселесіне арналған бірқатар халықаралық ғылыми шаралар ұйымдастырылды. Мәселен, 1997 жылы 3–4 желтоқсанда Алматыда «Этносаралық қатынастарды жергілікті және аймақтық деңгейлерде басқаруды реттеу» деген тақырыпта халықаралық семинар өтті. 1999 жылы 29–30 қазанда Алматыда Қазақстан халқы Ассамблеясы ЕҚЫҰ өкілдерімен бірге Гаага және Осло ұсыныстары аясында «Қазақстандағы тіл саясаты: тәжірибе, мәселелер және оны шешу жолдары» атты халықаралық семинар ұйымдастырды.

2000 жылы сәуірде Алматыда «Аз ұлттардың қоғамдық өмірге тиімді қатысуы» атты конференция өтті. Бұл конференцияның басты тақырыбы ЕҚЫҰ Лунд ұсыныстары болған еді.

2001 жылы 22 қыркүйекте Рим Папасы Иоан Павел II Қазақстанға мемлекеттік сапармен келді. Бұл бүкіл Орталық Азия үшін ерекше оқиға еді, өйткені католик шіркеуінің басшысы дүниежүзілік елші атағына ие болған адам. Ол өз сөзінде Қазақстан халқының ізгі ниетті менталитетіне ерекше тоқтала келе: «Сіздердің елдеріңіз географиялық аумағы жағынан әлемде алдыңғы орындардың бірінде, онда өмір сүретін азаматтар жүзден астам ұлттар мен ұлыстардың өкілдері және де олардың барлығына республика Конституциясы тең құқықтары мен еркіндігіне кепілдік береді», – деді. «Ашықтық пен ынтымақтастық рухы Сіздердің дәстүрлеріңіздің құрамдас бөлігі болып табылады, өйткені, Қазақстан ежелгі дәуірлерден бері сан алуан дәстүрлер мен мәдениеттердің тоғысуы мен көршілік жағдайында болды», – деп атап көрсетті [6].

2006 жылы 12 маусымда Президент Н. Назарбаев ЕҚЫҰ Алматыда Мәдениетаралық, дінаралық және этносаралық түсіністік мәселелері бойынша өткізілген жиынға қатысып, сөз сөйледі. Аталмыш форум жұмысына ЕҚЫҰ құрамына енетін 55 елдің өкілдерінен 300-ден астам адам қатынасты. Олардың ішінде ЕҚЫҰ төрағасының арнайы өкілі П. Шевалье, ЕҚЫҰ бас хатшысы М. П. Бришамбо, ЕҚЫҰ Аз ұлттар істері жөніндегі Жоғары комиссары Р. Экеус, ЕҚЫҰ демократиялық институттар мен адам құқығы жөніндегі Бюро



директоры К. Штрохаль, БАҚ-ның еркіндігі жөніндегі ЕҚЫҰ өкілі М. Харасті, Қазақстандағы дипломаттар, ҚХА, саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты.

Президент өз сөзінде мәдениетаралық, дінаралық және ұлтаралық түсіністік мәселелерін талқылау жөніндегі ЕҚЫҰ маңызды форумын өткізу идеясы Қазақстан тарапынан көтеріліп отырғандығын атай отырып, бұл бастамаға қолдау білдірген елдерге өзінің ризашылығын жеткізді. Президент бұл форумның толеранттылықты қалыптастыру, ұлтаралық дағдарыстардың алдын алу немесе қақтығыстардан кейінгі түсіністікті қалпына келтіру мәселелеріне қатысты жауап беру үшін шақырылып отырғандығына ерекше мән берді. Дәл осы толеранттылық құндылықтар 46 діни конфессия жұмыс істейтін және 130-дан астам ұлттар мен ұлыстар мекен ететін Қазақстандағы қоғамдық тұрақтылық пен келісімді, экономикалық дамуды қамтамасыз етіп отырған шешуші фактор болып отырғандығына тоқталды. Мұндай ерекше құбылыс тәжірибесіне ЕҚЫҰ қауымдастығы тарапынан қызығушылық артып отыр. Ұлтаралық және дінаралық қатынастар саласында қол жеткізілген жетістіктер Қазақстанның аталмыш беделді халықаралық ұйымға жетекшілік жасау жөніндегі бастамасына алғышарт болып табылады. Президент осы себептерден Қазақстанда бұл мақсатқа жету бағытында жоспарлы әрі жүйелі түрде жұмыс жүргізіліп келе жатқандығын және осы ұйым мүшелері тарапынан қолдау табатындығына сенетіндігін атап өтті.

2006 жылы 21 қарашада БҰҰ штаб-пәтерінде Қазақстан халықтары Ассамблеясының 10 жылдығына арналған кітаптардың тұсаукесері өткізілді. 20 желтоқсанда Мәскеуде Қазақстан халықтары Ассамблеясының тұсаукесер рәсімі ұйымдастырылды.

2007 жылы 9 қазанда Елбасы ЕҚЫҰ-ның Аз ұлттар ісі жөніндегі Жоғары комиссары К. Воллебекті қабылдады. Кездесу барысында Қазақстан мен ЕҚЫҰ арасында ұлттық саясатты үйлесімді түрде жүзеге асыру мәселелері бойынша ынтымақтастықтың жемісті тәжірибесі қалыптасқандығы атап көрсетілді.

2010 жылы Қазақстанның ЕҚЫҰ-на төрағалық жасайтыны жөнінде шешім жарияланған соң, Президент 2008 жылы 6 ақпанда Қазақстан халқына жолдауында ұйымға төрағалық етудің жоспарын дайындау үшін «Еуропаға жол» атты арнайы мемлекеттік бағдарлама жасау міндетін белгіледі. Сол жылы 29 тамызда Президент Жарлығымен 2009–2011 жылдарға арналған бағдарлама

қабылданды. Оның мақсаты – Қазақстан Республикасының Еуропаның жетекші елдерімен стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілуін қамтамасыз ету.

Бағдарламада Еуропа елдерімен этносаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету саласында тәжірибе алмасу бағытында ынтымақтастыққа ерекше назар аударылатындығы атап көрсетілді. «Ол Қазақстанның этносаралық және конфессияаралық келісімді нығайтуда тиімді тетіктерді қалыптастырудың оң тәжірибесін мультипликациялауға және діни сенімге құрметпен қарайтын, толерантты еуразиялық қауымдастықты қалыптастыруға үлес қосуға мүмкіндік береді», – деп атап көрсетілді [7].

2008 жылы Анкарада Қазақстан халқы Ассамблеясының делегациясы Түркиядағы Еуразиялық стратегиялық зерттеулер орталығының мамандарымен бірге «дөңгелек үстелге» қатысты. «Дөңгелек үстелде» талқыланған басты тақырып – Қазақстандағы этносаралық татулық моделі. Онда аса қызу пікірталас тудырған мәселелердің бірі мемлекеттік тілді оқып-үйрену болды. Ғылыми-сарапшылық орта өкілдері этносаралық келісімнің өзекті мәселелерін талқылауда, тәжірибе алмасуда мұндай кездесулердің ерекше маңыздылығына тоқталды.

2008 жылы 21 қарашада Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжіліс депутаттары мен Қазақстан халқы Ассамблеясы өкілдерінен құралған делегация АҚШ-қа ресми сапары жүзеге асырылды. Онда мазмұнды кездесулер мен тақырыптық іс-шаралар өткізді.

Сонымен бірге, 2008 жылы этносаралық, конфессияаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық моделін насихаттау, таныстыру және тәжірибе алмасу мақсатында Қазақстан халқы Ассамблеясының делегациясы Израильде, Малайзияда ресми сапармен болды.

Қазақстан үкіметінің Сыртқы істер министрлігімен бірге жасаған Қазақстандағы этностардың тарихи отанымен қарым-қатынасты нығайту, дінаралық және этносаралық келісімді шет елдерде насихаттау бағдарламасы аясында 2008 жылдың 10–12 желтоқсаны аралығында Қазақстан халқы Ассамблеясы делегациясының Австрияға сапары жүзеге асырылды.

Қазақстандық делегация Венаға келген күні Австриядағы мұсылмандар қоғамының президенті және Австрия Парламентінің депутаты доктор А. Шакфехпен кездесу өткізді. Кездесу барысында Қазақстан мен Австриядағы дін саласындағы ахуал мен дінаралық



келісім мәселелері туралы, Қазақстанда өткізілген әлемдік және дәстүрлі діндер съезі жайында пікір алмасу болды. Жалпы алғанда, оның пікірі бойынша, Австрия қоғамындағы этносаралық және дінаралық қатынастар тұрақты, дегенмен, бұл саладағы қазақстандық тәжірибе де Австрия үшін ерекше маңызды.

Венадағы бірқатар ресми кездесулерден кейін «Ұлтаралық және дінаралық келісімнің қазақстандық моделі» тақырыбына арналған «дөңгелек үстел» өткізілді. Онда қазақстандық делегация Қазақстан Президентінің тың бастамасымен құрылған жалпыұлттық келісімнің қайталанбас моделі ретіндегі Қазақстан халқы Ассамблеясы институты туралы жан-жақты ақпарат берді. Ассамблеяның Қазақстанның қоғамдық өміріндегі белсенді рөлі ашып көрсетілді.

Сонымен бірге, австриялық өкілдер Қазақстандағы 130 этностың әлеуметтік-мәдени өміріне, этномәдени бірлестіктердің, арнайы лингвистикалық орталықтар мен мектептердің, діни бірлестіктердің қызметіне ерекше қызығушылық танытты. Австриядағы іс-шаралар барысында Н. Назарбаевтың «Бейбітшілік пен келісім саясаты» атты еңбегінің тұсаукесері болып, Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы түсірілген «Под общим шаныраком» фильмі көрсетілді.

«Дөңгелек үстел» қорытындысы бойынша жергілікті саяси элита мен халықаралық қауымдастық өкілдері этносаралық және дінаралық келісімнің қазақстандық моделі 2010 жылы Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға табысты төрағалық етуіне басты алғышарттың бірі болатындығын атап өтті.

11 желтоқсанда «Өркениеттер диалогы» әлемдік қоғамдық форумы мүшелерінің қатысуымен өткізілген кездесуде Астанада болып өткен «Ортақ әлем: прогреске – көптүрлілік арқылы» тақырыбындағы сыртқы істер министрлері форумының қорытындылары, Қазақстанның «Өркениеттер альянсына» қатысуы, Астанада өткізілген әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съездерінің қорытындылары талқыланды. Кездесуге қатысушылар Қазақстан тарапынан жүзеге асырылған осынау игілікті іс-шаралардың нәтижесінде өркениеттердің өзара үнқатысуының үйлесімділігі идеясы ғаламдық деңгейде табысты насихатталғандығын ерекше атап көрсетті.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының этносаралық және дінаралық келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз ету саласында оң тәжірибесі бар ел ретінде халықаралық аренада маңызды рөл атқаратындығын атап өтті. Австриялық өкілдер Қазақстан

басшылығының «Еуропаға жол» мемлекеттік бағдарламасында белгілеген басымдықтарын да жоғары бағалады. Сондай-ақ, ұлтаралық және дінаралық келісімнің қазақстандық моделін насихаттау мақсатында Қазақстан халқы Ассамблеясы өкілдерін «Өркениеттер диалогы» әлемдік қоғамдық форумының сессиясына қатысу мүмкіндіктері де талқыланды.

2009 жылы 1 мамырда Астанада Азиядағы өзара ынтымақтастық және сенім шаралары Кеңесіне енетін елдердің этномәдени бірлестіктерінің форумы өткізілді. Форумға Қазақстан халқы Ассамблеясы ұйытқы болды. Форумның басты мақсаты – Азиядағы өзара ынтымақтастық және сенім шаралары Кеңесі құрамына енетін елдердегі этномәдени саясат мәселелері бойынша тәжірибе алмасу, этносаралық татулық пен дінаралық келісімнің қазақстандық моделін насихаттау, Азиялық мемлекеттердің мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастығын кеңейту, халықаралық аренада еліміздің беделін нығайту.

Қазақстандық үлгі ҚХА мен ЕҚЫҰ-ның Аз ұлттар ісі жөніндегі Жоғарғы комиссары арасындағы тығыз байланыстың маңызды бағыттарының бірі болды. Бұл жерде ерекше назар аударатын мәселе, этносаралық қатынастар саласындағы Қазақстанның тәжірибесі бірқатар халықаралық ғылыми форумдарда талданып, зерттелді. Олар: «Қазақстан және ЕҚЫҰ: этносаралық контекстегі жалпылық және ерекшелік» (ақпан, 2009), «Көпұлтты қоғамдағы әлеуметтік интеграцияның заңдық тұрғыда қамтамасыз етілуі» тақырыбындағы халықаралық семинар (мамыр, 2009), Қазақстанның ЕҚЫҰ-на төрағалығы аясындағы аталған ұйымның серіктес елдер тобы бойынша (Жерорта теңізі елдері) қосымша семинар (2009 ж.), «Қазақстан этностарының қоғамдық-саяси өмірге қатысуы. Кеңесші органдардың рөлі мен тиімділігі: Қазақстан халқы Ассамблеясының тәжірибесі» атты халықаралық семинар (қыркүйек, 2009), «Этносаралық және қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі» тақырыбындағы семинар (Гаага, қыркүйек, 2009), «Толеранттылық және дискриминациядан бас тарту, агрессивті ұлтшылдықтың, нәсілшілдіктің және шовинизмнің алдын алу» тақырыбындағы семинар (Варшава, қыркүйек 2009).

Қазақ елінің ЕҚЫҰ төрағалығы қоғамдық келісімнің қазақстандық табысты формуласын әлемдік қауымдастықтың мойындауы деп қана түсіну жеткіліксіз. Осынау беделді ұйымға төрағалық жасай отырып, біздің еліміз оны ұлттық стратегиялық жоба ретінде



жариялады. Бұл кеңістіктегі толеранттылық пен мәдениетаралық диалог мәселелерін аса маңызды басымдық етіп белгіледі.

Тарихи себептерге байланысты Қазақстан әлемдегі көпұлтты мемлекеттердің бірі болып табылады. Соған сәйкес көпұлтты қоғам дамуының толерантты және өзара келісім мен татулыққа негізделген баға жетпес тәжірибесі жинақталған. Сол себепті Қазақстанның маңызды міндеттерінің бірі ЕҚЫҰ-ға серіктес елдермен ұлтаралық және конфессияаралық келісімді орнықтыру және оны нығайтуда жинақталған тәжірибесімен бөлісу болды. Осыған орай, Қазақстанның ұсынысын басшылыққа ала отырып, БҰҰ 2010 жыл – мәдениеттер үндестігінің халықаралық жылы деп жариялау туралы арнайы резолюция қабылдады.

Этносаралық және конфессияаралық толеранттылық үлгісі Адам құқығы жөніндегі БҰҰ Кеңесінің он үшінші сессиясында Қазақстанның нәсілдік шектеулердің барлық түрлерін жою туралы халықаралық конвенцияның орындалуы жөніндегі, сонымен бірге, адамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары туралы халықаралық пакттың жүзеге асырылуы бойынша Ұлттық баяндамасының қабылдануына елеулі әсер етті.

2010 жылы 22 сәуірде этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі БҰҰ арнайы шараларының бірінде ұйымға мүше мемлекеттер мен Бас хатшы Пан Ги Мунның назарына ұсынылып, таныстырылды.

2010 жылы 29–30 маусымда Астанада толеранттылық пен дискриминацияға жол бермеу бойынша ЕҚЫҰ-ның конференциясы ұйымдастырылды. Конференция мақсаты – Қазақстанның төрағалығының негізгі басымдықтары: ЕҚЫҰ құндылықтары бойынша міндеттердің орындалуына, толеранттылыққа, дискриминацияға жол бермеу және мәдениетаралық диалогқа ықпал ету.

Конференция өткізілген ел мен уақыты кездейсоқ таңдалған жоқ еді. Өйткені, біріншіден, Қазақстан халықаралық және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде, Шығыс пен Батыс арасындағы диалогты, яғни «өркениеттер диалогын» дамытуда белсенді рөл атқарып отырған көпконфессиялы және көпұлтты ел. Екіншіден, сол жылы ЕҚЫҰ-ға төраға ретінде қызмет етті.

Халықаралық аренадағы Қазақстанның тағы бір жетістігі – ол Өркениеттер Альянсының «Достар тобы» бірлестігіне қабылдануы болды.

Ассамблеяның Өркениеттер Альянсы стратегиясын қабылдауға қатысуы мемлекетаралық ынтымақтастықтың жаңа тұжырымдамасын жасау үдерісіне тың қоғамдық және ғылыми ресурстарды жұмылдыруға мүмкіндік берді. Оған Қазақстанның Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес аясында жинақталған тәжірибесі кеңінен қолданылды.

Ассамблеяның XXI сессиясында жасаған баяндамасында Елбасы ұйымның халықаралық аренадағы қызметіне жоғары баға бере келе, бұл бағыттағы жаңа міндеттерді былай айқындап берді: «Ассамблеяның бай халықаралық байланыстары бар. Мен барлығыңызды G-GLOBAL идеясын ілгерілету үшін өздеріңіздің халықаралық байланыстарыңызды пайдалануға шақырамын. Сондай-ақ, Ассамблеяда еліміздегі Астанада өтетін ЭКСПО–2017 Бүкіләлемдік көрмесі мен Алматыда өтетін Универсиада – 2017 сияқты аса ірі халықаралық шараларға дайындыққа қатысу бойынша өзінің нақты Іс-қимыл жоспары болуы тиіс. Осы шараларда біз әлемге мәдениетімізді, халқымыздың полиэтностық толеранттылығын, бейбітшілік пен келісім жағдайындағы табыстарымызды көрсетуге тиіспіз» [8].

Соған байланысты, Елбасының Ассамблея алдына қойған міндеттерін жүзеге асыру мақсатында бірқатар шараларды өткізу қолға алынды. 2014 жылы 30 қыркүйекте Қазақстан халқы Ассамблеясы ҚР Мәдениет және спорт министрлігімен бірлесе отырып, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеске мүше мемлекеттері халықтарының ұлттық-мәдени орталықтары Форумын өткізді. Форум «Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес кеңістігіндегі бейбітшілік, келісім және руханият мәдениеті» тақырыбына арналды.

Форум барысында аталған Кеңес кеңістігіндегі этносаралық толеранттылықты нығайту, ғылыми-сарапшылық қауымдастығының ықпалдастығы мәселелері қарастырылды. Мәдени әралуандылық пен мәдениетаралық диалогты дамыту бойынша нақты ұсыныстар талқыланды.

Форумның қорытындысы бойынша арнайы қарар қабылданып, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес кеңістігіндегі өзара ықпалдастыққа серпін беретін ұйыстырушы алаң мен азаматтық институттардың қызметін дамыту туралы ұсыныстар жасалды [9].

G-GLOBAL-дың негізгі қағидаттарын негіздей отырып, Елбасы:



«XXI ғасыр – толеранттылық пен экономикалық өсімнің маңызды факторы болады», – деген тұжырым жасады. Геосаяси салмағы мен ықпалына, тарихи тәжірибесіне, қоғамдық және экономикалық даму деңгейіне қарамастан, мемлекеттер арасындағы қатынастар да толерантты болуы тиіс. Толеранттылықсыз ғаламдық сенім де мүмкін емес.

Адамзат тарихында материалдық және рухани құндылықтардың аса бай қоры жасалды және ол үнемі толығып келеді. Әрбір мемлекет, әрбір халық оған өзіндік үлесін қосады. Егер ол адамдар, этностар арасындағы қарым-қатынас саласына қатысты болса, егер де ол дәйекті, кеңінен танымал, көпшілік қабылдаған, тәжірибеде іс-жүзіне асырылған болса, онда сол үлестің құндылығы мен салмағы да арта түседі.

Мұндай өлшемдерге қоғамдағы этносаралық келісімнің қазақстандық үлгісі толық жауап береді. Сондықтан да ол халықаралық қауымдастықтан өзінің лайықты жоғары бағасын алған болатын. Этносаралық келісімнің қазақстандық үлгісінің қалыптасуындағы Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі өте зор. Міне, сол себепті де, этносаралық және конфессияаралық қарым-қатынастарды реттеудің оң тәжірибесі әлемнің көп елдерінің назарын аударып отыр. Ал Ассамблея өзінің жиырма жылдық тарихи белесінде мәдениетаралық және конфессияаралық диалогтың дамуының нақты тетіктері мен тиімді жолдарын ұсынуға қабілетті екенін дәлелдеді. Сондықтанда Қазақстан халқы Ассамблеясы халықаралық қызметі аясында БҰҰ-мен, басқа да әлемдік беделді ұйымдармен ықпалдастықты жетілдіре бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. <http://www.un.org>
2. Нурсултан Назарбаев. Идея мира и общественного согласия. – Астана: «Жасыл Орда», 2014. – 288 с.
3. <http://www.akorda.kz>.
4. <http://www.osce.org>.
5. //Казахстанская правда. – 2 марта 1996 г.
6. Цивилизация строится на мире, согласии и любви //Казахстанская правда. – 25 сентября 2001 г.
7. <http://www.akorda.kz>.
8. «Қазақстан–2050» Стратегиясы: бейбітшілік, руханият және келісім мәдениеті» Қазақстан Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XXI сессиясында сөйлеген сөзі. 18.04.2014 // <http://www.akorda.kz>.
9. <http://www.assembly.kz>.

Қазақстандағы поляк ұлтының өкілдері: қалыптасу тарихы мен бүгіні

Жандос КАРИНБАЕВ,
Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Дипломатия институты, Сыртқы саясат кафедрасының аға оқытушысы

Қазақстан – жүз отыздан астам ұлт пен ұлыс өкілдері береке мен бірлікте өмір сүріп жатқан жас мемлекет. Мемлекетіміздің көпұлтты бейнесінің қалыптасуына өзіндік үлесін қосушы әрбір ұлт пен ұлыстың қазақ жеріне түрлі жағдайда, тағдырдың тәлкегімен қадам басқандығы бүгінде баршаға белгілі.

Қазақстанның көп ұлтты, көп конфессиялы қоғамында өмір сүріп жатқан түрлі халық өкілдері арасында поляк ұлты өкілдерінің де өзіндік орны бар.

Қысқаша ақпарат беретін болсақ, поляктар – славян текті, оның ішінде батыс славян тіл тармағына жатқызылатын, басым көпшілігі христиан дінінің католик тармағын ұстанатын еуропалық халық. Халықтың негізгі көпшілігі тарихы отаны Польша аумағын мекендейді [23, 382 б.].

Бүгінгі күні әлемнің көптеген мемлекеттерінде өмір сүріп жатқан поляк диаспорасы жалпылама «Полония» атауымен белгілі. Қазақстандық поляктардың қалыптасуы – түрлі саяси жағдайда жүзеге асқан, ұзаққа созылған күрделі үдеріс. Аталған тақырып аясын мейлінше аша түсу, мүмкіндігінше кешенді қарастыру мақаланың басты мақсаты болып табылады. Қазақстан мен Польша шалғай орналасқан елдер болғандықтан, поляк халқы өкілдерінің қазақ даласын мекендей бастауы негізінен ресей отаршылдығы дәуірінде басталып, кеңестік кезеңде аяқталды. Сондықтан, «поляк иммиграциясын» Польшаның, Ресей мен Қазақстанның жаңа және

қазіргі заман тарихы шеңберінде байланыстыра қарастыру қажет.

Қазақ даласына поляк ұлты өкілінің алғаш аяқ басуы XIII ғасырда тіркелген. Атап айтқанда, 1245-1247 жылдары Джованни да Пиан дель Карпини елшілігінің құрамында Вроцлавтық монах-францискандық Бенедикт Поляк (Бенедиктус Полонус) та өткен болатын. Арал далалары, Сырдария және Іле алқабы, Балқаш көлі арқылы өткен поляк ұлтының өкілі еуропалықтардан алғашқылардың бірі болып, алыстағы көшпенділердің жері, оның ұшы-қиыры жоқ кеңдігі, жат өлкенің табиғаты, көшпенділердің киіз үйі мен тұрмысы нақында қызықты ақпараттар қалдырған [37,7-8 бб.].

XVI–XVIII ғасырлар аралығында Еуропа құрлығының Орталық және Шығыс аймағында, қала берді құрлықтың саяси өмірінде Польша мен Литваның бірлескен Речпосполита мемлекеті маңызы рөлге ие болды. Бірақ, XVIII ғасырдың екінші жартысынан қуатты мемлекеттің әлсіреуі басталып, көршілес орналасқан Австрия, Пруссия және Ресей сынды алпауыт бәсекелес мемлекеттер оның аумағына көз аларта бастады.

Бір кездегі қуатты мемлекеттің, өз бәсекелесінің әлсіреуіне Ресей мүдделі болды. Петр I билігі тұсында (1689-1725 жж.) Ресей Еуропаның перифериясындағы мемлекет деңгейінен күрт күшейіп, маңызды саяси ойындардың тікелей қатысушысына айналды [1, 144 б.]. XVIII ғасырдың ортасынан көрші орналасқан Ресей, Пруссия мен Австрия сынды мемлекеттер өздерін католик діні басымдыққа ие ел аумағында діни азшылықтың құқығын қорғаушылар ретінде көрсетіп, түрлі сылтаулармен поляк–литов мемлекетінің ішкі істеріне араласуын бастайды.

Сыртқы күштердің ықпалына уақытылы тойтарыс беру мақсатында елдегі ішкі күштер де белсенділік таныта бастады. 1768 жылы Подолиядағы Бар қаласында (қазіргі Украинаның Винница облысындағы қала) дінді және Речпосполитаның Ресейден тәуелсіздігін қорғау мақсатында конфедерация құрылды. Конфедерация ел тәуелсіздігі жолында бірқатар жетістіктерге қол жеткізгенімен, тұтас алғанда жеңіліске ұшырады [1,150-151 бб.]. Бар конфедерациясына қатысушылар Ресей тарапынан қатаң жазаланып, бірқатары Сібірге, оның ішінде қазіргі Қазақстан және іргелес аумақтарға жер аударылды.

Сібір – аймақ ретінде поляк ұлтының санасына берік енген ұғым. Себебі, Сібір жері 1770 жылдардан бастап тұтқындағы поляктарды айдауға жіберетін орын ретінде орнықты [26, 325 б.].

«Поляк мәселесі» Еуропа құрлығының күн тәртібіне шығарылып, Речпосполитаның ішкі саясатына ашық араласа бастаған Ресей, Пруссия мен Австрия уақыт өте өз саясаттарын белсендіре түсті.

1772 жылы үш мемлекет Речпосполитаны бөліске салу туралы келісімді жасасты. Аталған келісім негізіндегі алғашқы бөлініс барысында, Речпосполита, бөліске қатысушы мемлекеттер пайдасына өз аумағының үштен бірінен, халқының 30 %-нан айырылғанымен, мемлекет ретінде өмір сүруін жалғастыра берді [1, 151 б.].

1791 жылы 3 мамырда Речпосполитаның мемлекеттік құрылымын ел халқының мүддесіне сай түбегейлі өзгерткен жаңа заң – конституция қабылданды. «Көршілершілер жауабы» да көп күттірмейді. Араға жыл сала поляк оппозициясының сұрауымен орыс әскерлері Украина мен Литва аумақтарына (аталған елдердің аумағы негізінен Речпосполита құрамында болатын) басып кірді, бірақ, Речпосполита әскерлері тарапынан табанды қарсылыққа кезікті. Солтүстік пен батыстан енген прусс әскерлері де көп жерлерді басып алды.

Қалыптасқан жағдай поляк қоғамындағы патриоттық топтың арнамысын таптады. Көтеріліс ұйымдастарылып, оның басшылығына Рыцар мектебінің өкілі, Америка тәуелсіздігі үшін болған соғыстың батыры Тадеуш Костюшко келді. Бірақ, бірқатар жетістіктері мен жеңістеріне қарамастан, көтерілісшілер ресейлік тұрақты әскерлерінің тегеурініне төтеп бере алмады. Мемлекеттің астанасы беріліп, көтеріліс жеңілді. Офицерлердің бір бөлігі эмиграцияға кеткен болса, екіншілері қатаң бақылауға алынды. Ал қатардағы көтерілісшілердің едәуір бөлігі Сібірге жер аударылып [1,157-161 бб.], жекелегендері орыс әскерлерінің қатарын толықтырды [2, 325 б.].

Речпосполита аумағындағы әскери қимылдар барысында Австрия, Пруссия мен Ресей мүмкіндігінше көп жерлерді басып алуға тырысты. 1795 жылы Речпосполитаны бөліске салудың үшінші келісімі бекітіліп, оның барысында поляк–литов біріккен мемлекеті халықаралық қатынастардың дербес субъектісі ретінде өмір сүруін тоқтатты [1, 162 б.]. Осылайша, поляк халқы ұзақ жылдарға өз тәуелсіздігінен айырылды.

Үш мемлекет басып алған аумақтарда тиісті мемлекеттік заңдар мен әкімшілік басқару жүйесін орнатып, қолданысқа өз тілдерін енгізе бастады.



Он жылдан астам тәуелділікте өмір сүрген поляк халқының тәуелсіздік алуға қатысты үміттерін саяси сахнаға жаңа шыққан Наполеон Бонапарт қайта жаққандай болды.

Француз армиясы Пруссияға қарсы әскери қимылдарын бастаған тұста поляктардың ерікті әскери бөлімдері құрыла бастады. Қысқа мерзімде поляк әскерлерінің саны 30 мыңнан асып, соғыс тағдырына едәуір ықпал етті. Нәтижесінде, Наполеон уақытша үкімет – Билеуші комиссияны құрды. 1807 жылы Варшава княздығы құрылып, конституциясы бекітілді. Билікке саксон королі Фридрих Август келді.

1812 жылы Ресейге қарсы соғысты бастаған Наполеон Речпосполитаның бұрынғы барлық аумақтарын қайтаруға уәде етті.

Ресейге қарсы соғыста Наполеон әскері сапында 70 мың поляк жауынгерлері соғысты [19, 235 б.]. Алғашқы кезеңдегі жеңістер, Бородино шайқасы, Мәскеуді басып алу жүзеге асқанымен, Наполеон орыс әскерлерін талқандай алмады. Қайта өз әскерімен шегініп, аяздар мен бұрқасындар әскерлердің шегінісін жеңіліске ұластырды. Француздар ізімен орыс әскері еріп отырды. 1813 жылдың қаңтарында орыс әскерлері Варшава княздығының аумағына енді. Үкімет, француз елшілігі және армияның қалдықтары шұғыл түрде Краковқа көшірілді.

Наполеон жеңіліске ұшырап, соғыстан кейінгі Еуропадағы мемлекеттердің «саяси салмағы» мен құрлықтың тағдыры 1815 жылғы Вена конгрессінде қаралды. Бірақ, «поляк мәселесі» бойынша жағдай өзгеріссіз қалды.

Бұрынғы Речпосполита аумағының басым бөлігін иемденген Ресей империясы поляк жерлері есебінен Поляк Королдігін құрды. Жаңа конституцияға империя тарапынан сәйкес королдіктің өз үкіметі, сеймі (поляк парламенті), әскерінің болуына кепілдік берілді. Королдік 127 мың шаршы шақырым аумақты қамтып, ел аумағында 2,7 млн. халық тұрып жатты [1, 169-172 бб.].

Наполеон жорықтарында Ресей империясына қарсы соғысқан поляк жауынгерлері қатаң жазалауға ұшырады. Тұтқынға түскен поляктар империяның ішкі, шалғай аумақтарына жер аударылды. Қолда бар мәліметтерге сәйкес, 1812 жылдың қарашасы мен 1813 жылдың тамызы аралығында Астрахань губерниясының өзіне 999 наполеондық тұтқындар жер аударылған. Басым көпшілігін (83 %) поляктар құраған тұтқындардың 14 әйел, 5-уі жас балалар болған [40, 306-307 бб.]. Сонымен қатар, поляк тұтқындары Сібірге де жер

аударылған. Сібірде тұтқындардың бір бөлігі Қазақстан шекарасына таяу орналасқан Есіл (Ишим) бекінісіне орналастырылған. 1813 жылғы мәліметке сәйкес елді мекенде тұтқындағы 237 поляк офицерлері болған және екі партиямен тағы 469 поляктардың келуі күтілген [26, 328 б.].

Аталған мәліметтерге негіздей отыра XIX ғасырдың алғашқы ширегінің өзінде еліміздің бірқатар аймақтарында, атап айтқанда, Астрахан губерниясы арқылы қазіргі Атырау және ішінара Батыс Қазақстан облыстары аумақтарында (1876 жылдан Бөкей ордасы Астрахан губерниясына қарасты болды) аз болса да поляк халқы өкілдерінің қоныстана бастағандығына көз жеткіземіз.

Тарихи айғақтарға сүйене отырып, Сібірге, Есіл бекінісіне орналастырылған Наполеон сапында болған поляк тұтқындарының қазіргі Солтүстік Қазақстан аумағындағы поляк халқы өкілдерінің негізін қалады деп айтуға толық негіз бар.

1830 жылы Еуропа құрлығы үшін түрлі саяси оқиғаларға толы болды. Франциядағы революция барысында монархия құлатылса, бельгиялықтар қолына қару алып, Голландиядан бөлінуге күш салды. Вена конгрессіндегі уағдаластыққа сәйкес, еуропадағы монархияларды қорғау мақсатында, Ресей тарапы, бельгиялықтардың тәуелсіздік жолындағы көтерілісін басуға поляк әскерін жіберуге шешім қабылдады. Бұл жағдай, поляк қоғамындағы наразылықты күрт өршітіп, жаңа көтеріліске алғышарт болды.

Көтеріліс 1830 жылдың 29 қарашасында ұлы князь Константиннің Бельведердегі сарайына (Варшавада орналасқан) жасалған шабуылдан басталып, қысқа уақыт ішінде Польшамен бірге поляк ұлты мекендеген Батыс Украина мен Литва аумақтарын да қамтыды. Он айдан астам уақытқа ұласқан көтеріліс поляк жасақтарының жеңілісімен аяқталды. Көтеріліс империялік тұрақты армияның күшімен басылды [1, 178-180 бб.].

Көтерілісті ұйымдастырғандығы үшін поляктар оған дейінгі бірқатар саяси артықшылықтарынан, жеңілдіктерінен айырылды. 1815 жылғы конституция өз күшін жойды. Польшадағы жаңа басқару түрі 1832 жылғы «Шектеулі статут» арқылы айқындалды. Оған сәйкес сейм өз жұмысын тоқтатып, жеке әскер ретінде поляк әскері таратылды. Нәтижесінде, поляктар ресейлік армиясында қызмет ете бастады. Поляк королдігі таратылып, империяның өзге аймақтарындағы секілді губернияларға бөлінді.



Ұлт-азаттық көтерілісіне қатысушы мыңдаған поляктар мен олардың отбасы мүшелерінің дүние-мүліктері тәркіленіп, өздері империяның шалғай аймақтарына жер аударылды [41, 36-37 бб.]. Оның ішінде қазіргі Қазақстан аумағына жіберілгендері де көптеп саналды. Айдаудағы поляктардың үлкен бөлігі Сібір казак әскеріне қатардағы жауынгер ретінде қабылданып, Сібір шебінің бекіністеріне орналастырылды. Осылайша, еліміз аумағындағы поляк халқы өкілдерінің саны өсе түсті.

XIX ғ. 30-жылдарының соңы мен 40-жылдарының басында Батыс Сібір аумақтарына, Алтайға ұлт-азаттық бағытында жұмыс жасаған жасырын поляк ұйымдарының мүшелерін «еркінен тыс қоныстандыру» жалғасты.

Тұтқындағы поляктардың жағдайы ауыр болғандықтан, әрі сол кезеңде мемлекетті басқаруда сауатты қызметкерлердің аз болуынан, уақыт өте Ресей үкіметі тарапынан түрлі жұмыстарға араласу ұсынысына олардың көпшілігі өз келісімдерін берді.

Айдаудағы поляктар арасында түрлі жас мөлшеріндегі және түрлі мамандық иелері: ақындар, суретшілер, дәрігерлер, сәулетшілер, заңгерлер және т.б болды.

Сонымен қатар, сібір этапының офицерлері, қолөнершілер мен дүкен сатушылары арасында да поляк ұлтының өкілдері көптеп саналатын. Айдаудағы поляктар тұрған аумақтардағы түрлі этностық орта олардың болашақ тағдырын айқындады. Жекелегендері жергілікті қыздарға үйленсе, ауыр жағдай екіншілерін шаруалардың батырақтарына (жатақтарына) айналдырды. Тек, қолөнердегі кейбірлерінің тауарлары жергілікті нарықта сұранысқа ие болғандықтан өмір сүруі жеңілдеді [36, 385 б.].

XIX ғасырдың 60-жылдырының алғашқы жартысында поляк халқының тарихи отанында кезекті ұлт-азаттық көтерілісінің алғышарттары пісіп жетілді. 1863 жылдың 22 қаңтарында Уақытша ұлттық үкімет жарияланып, поляк халқы мекендеген аумақтарда (Польша, Литва мен Белоруссияның, Украинаның жекелеген аймақтарында) азаттық жолындағы кезекті күрес басталды.

Бір жылдан астам уақытқа созылған ұлт-азаттық көтерілісі жеңіліске ұшырады. Ондаған мың адамның өмірі қиылып, мыңдағаны империяның шалғай аумақтарына, басым түрде Сібірге күштеп жер аударылды [1, 191-194 бб.]. Жер аударылғандар қазақ халқы мекендеген Астрахань, Орынбор губерниялары мен Батыс

Сібір аумақтарына, Алтайға, кейінірек Сыр бойы мен Жетісуға да көптеп жіберілді.

1865 жылы Орынбор губерниясының өзінде 223 поляк ұлтының өкілдері бақылауда болса [11, 14 б.], Семейді – 65, ал Өскеменді – 30 поляк ұлтының айдаудағы өкілдері мекен еткен [16, 76 б.].

XIX ғ. екінші жартысында қазақ даласында және іргелес аумақтарда саяси тұтқындардан өзге де түрлі мемлекеттік қызметтерде, әскери және кәсіпкерлік саласында жүрген поляк ұлтының өкілдері көптеп саналатын. Мысалы, 1860 жылдары поляк ұлтының өкілдері Том губерниясы жалпы халқының 1% құраса, Том және Барнаул округтеріндегі поляктардың саны 3 мыңға таяу еді [39], және олардың саны ұдайы өсу үстінде болды.

1884 жылы Қазақстанның қалаларында (Петропавл, Атбасар, Ақмола, Семей, Өскемен, Павлодар, Зайсан) 3-5 жыл мерзімге дейін жер аударылған 20-дан астам поляк азаматтары өз жазаларын өтеумен болды [16, 77 б.].

Қазіргі Қазақстан аумағындағы поляк халқы өкілдерінің саны, жыныстық құрамы туралы толымды әрі кешенді ақпаратты тұтас Ресей империясының аумағында 1897 жылы жүргізілген алғашқы халық санағы мәліметтерінен ала аламыз.

Халық санағына сәйкес, сол кезеңдегі Орта Азияны (қазір Орталық Азия) 11 576 поляк ұлтының өкілдері мекендеген. Олардың – 10361, яғни басым көпшілігі қалаларда шоғырланған. Қалалық поляктардың жыныстық құрамы: 9421 ер азаматтардан және 940 әйел азаматтардан құралған [32]. Мәліметтерді сараптау арқылы поляктардың негізінен жергілікті билік пен әскерилер орналасқан қалаларды (ол кезеңде қалалар шағын) мекендегендігін, сонымен қатар, дені саяси тұтқындар мен әскери, әкімшілік қызметтегілерден құралғандықтан, қатарында ер азаматтардың саны бір жақты басым болғандығына көз жеткіземіз (10 ер азаматқа бір әйелден келеді). Поляк ұлты арасында қалыптасқан демографиялық, жыныстық диспропорция жағдайында халықтың тілдік, мәдени тұрғыдан жақын орыс халқы тарапынан жоғарғы деңгейде ассимиляцияға ұшырағандығы күмәнсіз.

Алғашқы халық санағы бойынша Орталық Азия аймағындағы поляктардың ең үлкен бөлігі – 2206 адам Ташкент қаласын мекендеген [42, 179 б.]. Ақмола облысында – 1142 [27, 19 б.], Закаспий облысында (қазіргі Түркменстан мен Маңғыстау облысының, ішінара Өзбекстан



аумағы) – 3632, Семей облысында (Семипалат облысы) – 195 [32], Жетісу облысында – 185, оның ішінде Верныйда (Алматы) – 78 [29, 52 б.], Сырдария облысында – 2825 [28,18 б.], Торғай облысында – 101 [30, 9.], Орал облысында – 250 [31, 3 б.] поляктар тұрған.

Ал қазақи қауым жекелеген өңірлерінде басым болып табылатын Астрахань губерниясында – 839, Орынбор губерниясында – 1696, Тобыл губерниясында -5745, Том губерниясында – 6387, жалпы Сібір аймағында (Орал тауынан Тынық мұхитына дейінгі аумақ) – 29 177 поляктар мекен еткен [32]. Егер, халық санағының ана тілі бойынша жүргізілгендігін ескерсек, поляктардың саны ресми мәліметтегіден де көп болуы мүмкін. Себебі, халық түрлі жағдайда топтана қоныстанғандықтан және негізінен қалаларда, орыс тілді ортамен интеграцияланғандықтан, түрлі әкімшілік әрі әскери лауазымдарда болғандықтан ана тілін ұмыта бастауы заңды да еді.

Аймақтағы саяси тұрғыда айдауда болған поляк ұлты өкілдерінің арасында сауатты азаматтардың саны көп болатын. Көптеген поляк ұлтының өкілдері қазақ арасында түрлі қызметтер атқарғандықтан, жергілікті ұлтпен тығыз қарым-қатынаста болды, қоян-қолтық араласты. Нәтижесінде, олардың бірқатары қазақ халқының тұрмыс салты, рухани дүниесі, дәстүрі, өнері нақында танымал әрі құнды еңбектерді жазып қалдырды.

Олардың қатарына Адольф Янушкевичтің «Қазақ даласына саяхаттың күнделіктері мен хаттары», Бронислав Залескийдің «Қазақ сахарасына саяхат», Северин Гросстың «Қырғыздардың (қазақтардың) заң жөніндегі әдет-ғұрпын үйренуге арналған материалдар» және т.б еңбектерді жатқызуға болады. Аталған еңбектер бүгінгі күні де ғылыми тұрғыда өз маңызын жоймай келеді.

XX ғасырдың саяси тарихы Антанта мен Үштік Одақ блоктарының қарым-қатынасының күрт шиеленісінен басталды. I Дүниежүзілік соғысы басталған тұста үш мемлекет (Австро–Венгрия, Германия, Ресей) карамағындағы поляк жерлерінде тәуелсіздік алуға деген ұмтылыстар басталды. Саны көп поляк халқының сеніміне ие болу мақсатында империялар соғыстан кейінгі «саяси жеңілдіктерін» жариялап, поляктарды әскер қатарына ала бастады. Нәтижесінде, поляк халқының өкілдері үш империя әскерлерінің сапында да соғысты.

1918 жылы 11 қарашада батыс майданында бейбіт бітім жасалып, I Дүниежүзілік соғыстағы әскери қимылдар тоқтады. Версаль

конференциясының барысында тәуелсіз Польша мемлекеті құрылды [1, 224-225 бб.].

Бірақ, әскери тұтқындар мәселесі ашық күйінде қалып қойды. Тек Австро–Венгрия және Германия мемлекеттерінің өзінен 100 мыңнан астам поляк жауынгерлері ресей әскерінің тұтқынына түскен [24, 19 б.]. Олардың бір бөлігіне елдеріне қайту мүмкіндігі берілсе, екінші бөлігі 1917 жылдан кейін совет азаматтығын қабылдады.

Ұзақ жылдар Ресей империясының бодандығында болып, тек әкімшілік–аумақтық бірліктерден тұрған Қазақстан 1920 жылы автономды, ал 1936 жылы КСРО құрамындағы одақтық республика ретінде құрылды.

1926 жылы жүргізілген халық санағы бойынша Қазақстандағы поляк ұлты өкілдерінің саны – 3 762 адамды құраған [10] және олар негізінен саяси жер аударылғандардың, Ресей империясында әскери және өзге қызметтерде болғандардың ұрпақтары болатын.

Өз тәуелсіздігінің алғашқы жылдарынан-ақ тәуелсіз Польша мен Кеңес мемлекетінің (КСРО) арасындағы қарым-қатынас жақсы болмады. Польша батыстың капиталистік мемлекеттерінің саяси одақтасы ретінде қарастырылса, КСРО-ға елге қауіп төндіруші мемлекет ретінде бағаланды. Оған өз кезегінде поляктардың ұзақ жылдар Ресей империясынан озбырлық көруі, 1920-21 жылдарғы кеңес–поляк соғысы теріс ықпалын тигізсе керек.

Кеңес–поляк қарым-қатынастарындағы қиындықтар, жаңа биліктің (КСРО) елдің поляк азаматтарына қатысты сенімсіздігін күшейтті.

1936 жылы КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің «Украинадан қоныс аударушылар» бойынша қаулысы қабылданып, Украинаны мекендеген поляктар Қазақстанға депортациялана бастады. Халықтың әлеуметтік статусы шекаралық аймақтағы «саяси сенімсіз элементтер» ретінде айқындалды. Арнайы қоныс аударушылар поляк және неміс ұлты өкілдерінен құралып, негізінен, Житомир, Киев, Винница және Кировоград облыстарынан көшірілді [25, 6 б.].

1936 жылдың 20 мамыры мен 5 маусымы аралығындағы алғашқы депортация барысында Қазақстанға – 5570 отбасы алып келінген. Украина мұрағаттарынан табылған деректерге сәйкес 1936 жылы Украинадан Қазақстанға жалпы саны 14,9 мың отбасы депортацияланып, шамамен, 60 мың поляктар мен 10 мың шамасындағы немістер қоныстандырылған [34].



1939 жылдың 23 тамызында Германия мен КСРО арасында «Өзара шабуыл жасаспау туралы» шарт (Риббентроп–Молотов шарты) жасалып, шартқа құпия қосымша хаттама енгізілді. Хаттамаға сәйкес Германия мен КСРО өзара ықпал ету аймақтарын бекітті. Оған сәйкес, Литваның, Латвияның, Эстония мен Финляндияның, Польша мен Бессарабияның (қазір Молдова мен ішінара Украинаның аумағы) ықпал ету аймақтарына бөлінді.

1939 жылдың 1 қыркүйегінде Германия Польша аумағына батыстан шабуыл жасап, II Дүниежүзілік соғысы басталды. Ал 1939 жылдың 17 қыркүйегінде кеңес әскерлері құпия хаттамаға сәйкес Шығыс Польша аумағына енеді [1,270-271 бб.]. Барысында, кеңес үкіметі тарапынан «саяси сенімсіз» деп танылған халық өкілдері Сібір, Орталық Азия мен Қазақстан аумақтарына депортацияланады. 1940 жылы Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Ақмола, Талдықорған, Алматы және Жамбыл облыстарының аумақтарына көптеген адамдар – көтерілісші ұйымдар қатысушыларының қуғындалған отбасы мүшелері, бұрынғы Поляк армиясының офицерлері, поляк мемлекетінің полицейлері, түрмедегілері, помещиктері мен шенеуніктері және т.б. күштеп қоныс аударылды.

1941 жылы Орталық Азияға шамамен 150 мыңдай бұрынғы поляк мемлекетінің азаматтары депортацияланып, олардың 100 мыңдайы Қазақстан аумағына алып келінді. Бірақ, олардың ұлттық құрамы тек поляк халқы өкілдерінен тұрған жоқ [3, 89 б.].

Мұндай көлемдегі поляктардың ел аумағына қоныстандырылуы мемлекеттің (ҚазКСР) ұлттық құрамына үлкен өзгерістер енгізді.

1941 жылдың 22 маусымы күні Германияның КСРО аумағына шабуыл жасауы поляк халқына қатысты ұстанымды түбегейлі өзгертті.

1941 жылдың 30 шілдесінде Лондон қаласында КСРО Ұлыбританиядағы елшісі И. Майский мен поляк премьері В. Сикорский (эмиграциядағы Поляк үкіметі) екі мемлекет арасындағы дипломатиялық байланыстарды қайта орнату және Германияға қарсы соғыста өзара көмек көрсету туралы келісім жасасты [17, 177 б.]. Келісімге сәйкес, КСРО аумағында поляк әскери бөлімдерін құруға уағдаластық жасалды. Келісімге қосымша бекітілген хаттамада: «Кеңес үкіметі, осы уақытта, кеңес аумағында қамауда ұстаудағы немесе әскери тұтқындағы, және өзге де жетімді негіздердегі поляк азаматтарына дипломатиялық байланыстар орнаған сәттен амнистия жариялайды» делінген болатын.

Келісім негізінде Қазақстан аумағына жер аударылған поляк азаматтарының көпшілігі Андерс армиясы қатарында (генерал Владислав Андерс) КСРО аумағынан шығарылды [3, 89-90 бб.]. 1942 жылы 1 қыркүйекте Андерс армиясының эвакуациясы толықтай аяқталды. Екі эвакуация барысында КСРО аумағын 75 491 әскери қызметкер және 37 756 қатардағы азаматтар тастап шықты [33, 155-156 бб.].

Бұрынғы поляк мемлекеті азаматтарының қалған бөлігі 1945 жылғы 6 шілдедегі кеңес–поляк келісіміне сәйкес КСРО аумағынан өз отандарына қоныс аударды [3, 89 б.]. 1956 жылы Қазақстандағы поляк халқына орнатылған арнайы бақылау тоқталып, еліміздегі поляк ұлтының өкілдері (кеңестік поляктар үшін) КСРО аумағында еркін қозғалуға мүмкіндік алды .

Келтірілген мәліметтерді сараптау арқылы кеңес–поляк келісімдерінің негізінде ел аумағын негізінен II Речпосполита азаматтары (1939 жылғы 17 қыркүйекке дейінгі Польша азаматтары) тастап шыққандығына көз жеткіземіз. Қазақстан аумағында қалған поляк ұлтының өкілдерін империя кезеңінде қоныстанғандардың ұрпақтары мен Риббентроп–Молотов пактіне дейін Украинадан күштеп көшірілген поляктар құрады. Осылайша, түрлі саяси үдерістердің барысында XX ғ. 60-жылдары қазақстандық поляк ұлтының өкілдерінің қалыптасуы аяқталды деуге толық негіз бар.

Қазақстандағы поляктардың саны 1959 жылы – 53 102 адамды құраса, 1979 жылы – 61 136, 1999 жылы – 47 297, ал соңғы 2009 жылғы санақ бойынша – 34 057 адамды [6, 21 б.] құраған. Бұл Республика халқының 0,2%. Қазақстандық поляктардың үлкен бөлігі – Солтүстік Қазақстан облысында. Облыстағы поляк ұлты өкілдерінің саны 2009 жылғы халық санағының мәліметтеріне сәйкес – 13 976 адамды құраған [38, 4 б.]. Облыстағы поляктар ең көп шоғырланған аумақ – Тайынша ауданы. Аудан халқының – 11 467 поляк халқының өкілдері [38, 27 б.].

Ақмола облысы да қазақстандық поляктардың көп қоныстанған өңірі. Облыстағы поляк халқы өкілдерінің саны – 8 292 адамды құрайды [5, 5 б.]. Жекелей алғанда, Көкшетау қаласында – 2053 [5, 9 б.], Астрахань ауданында – 1 599 [5,18 б.], Шортанды ауданында – 1 584 [5, 41 б.] поляктар мекендейді.

Мемлекеттің бас қаласы – Астанада 2179 поляк ұлтының өкілдері мекендеген болса [13, 5 б.], Алматыны – 807 [12, 5 б.] поляк қоныс еткен.



Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарынан кейінгі поляктар көп қоныстанған аумақ Қарағанды облысы. 2009 жылғы халық санағының мәліметтеріне сәйкес облысты – 3 982 поляк [21, 5 б.] мекендесе, Қарағанды қаласын – 2 101 поляк [21, 11 б.] ұлтының өкілдері қоныстанған.

Қазақстандық поляктар негізінен христиан дінінің католик тармағын ұстанушылар. Ал ана тілдерін пайдалану тұрғысынан келгенде халық орыс тілді ортаның ықпалымен үлкен ассимиляцияға ұшыраған. Мысал ретінде, сұрау бойынша саны қомақты Солтүстік Қазақстан облысы поляктарының небәрі 4,9 % ғана поляк тілін ана тілі ретінде көрсеткен, қалған 95,1 % ана тілі ретінде өзге халықтың тілін көрсеткен [38, 35 б.].

Қазақстан Республикасы тәуелсіздікке қол жеткізген сәттен бастап еліміздегі барша өзге ұл өкілдеріне тілі мен дәстүрін дамытуға қажетті жағдай жасалып келеді. Ел конституциясы «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып...» [22, 3 б.] деген сөздерден басталады.

Тәуелсіз Қазақстанның ұлт саясаты өз дамуында бірнеше кезеңнен өтті. Алғашқы кезеңде тілдік ахуал жақсара түсіп, соңынан ұлттық мәдени орталықтар құрыла бастады. 1992 жылы Қазақстан халықтарының алғашқы форумында Президент Н. Назарбаев республикадағы барлық этностарды консолидациялаушы қоғамдық органды құру идеясын көтерген болатын. Нәтижесінде, Қазақстан Халқы Ассамблеясы негізделді [8, 14-15 бб.].

Бүгінгі қазақстандық поляк халқының өкілдері мемлекет халқының ажырамас бір бөлігі. Қазақстандық поляктар республиканың дамуына өз үлестерін қоса отырып, Қазақстан мен Польша республикаларының арасында алтын көпір міндетін атқаруда.

1992 жылы 6 сәуірінде Қазақстан Республикасы мен Польша арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнатылды. Сол кезеңнен бері қос мемлекеттің сенімді әріптестер ретінде тығыз жұмыс жасап келеді.

1994 жылы 20 наурызда Қазақстанда Польша Республикасының Елшілігі ашылса, 2000 жылдың қазанынан бастап Польшада Қазақстан Республикасының Елшілігі өз жұмысын бастады.

Қазақстандық поляктардың алғашқы бейресми бірлестіктері 1980-ші жылдардың соңында пайда болды. Мұндай ұйымдар Қарағандыда, Көкшетауда, Алматыда және т.б. жерлерде құрылды.

1992 жылы тіркелген, аталғандай жекелеген бірлестіктер негізінде Қазақстан поляктарының одағы құрылды (ҚПО). Құрылымы бойынша Одақ 14 облыстық және қалалық бірлестіктерден құралған. Мемлекет деңгейіндегі ұйымның жұмысы Республикалық үйлестіру кеңесі арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан поляктары одағының жұмысы ұлттық салт-дәстүрлерін, ана тілін оқып үйренуге бағытталған. Бүгінгі күні елімізде ондаған костелдер салынып, діни қызмет жүргізілуде. Қазақстан мен Польшаның құзырлы министрліктері арасында жасалған келісімге сәйкес қалалар мен селолардағы 16 мектепте поляк тілінде сыныптар жұмыс жасаса, балалар мен үлкендерге арналған 22 жексенбілік мектептер жұмыс атқарып, сабақты Польшадан шақыртылған мұғалімдер жүргізуде. Аталған мектептердің қаржылық, материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі негізінен Қазақстан тарапынан атқарылады, Польша тарапы да едәуір көмек көрсетуде. Жыл сайын Польшаның жоғарғы оқу орындарында тегін білім алуға 90-ға тарта қазақстандық поляктар қабылдануда. Алматыдағы шетел тілдері университетінде «поляк тілі мен әдебиеті» бөлімі ашылған [8, 117-118 бб.].

Бүгінгі күні Қазақстан мен Польшаның мемлекетаралық байланыстары өзара сенімділік пен ынтымақтастықта дамуда. Байланыстар барлық салаларды қамтиды. Астана және Алматы қалаларында қазақ халқының тарихы мен мәдениетін зерттеуде өзіндік із қалдырған поляк зиялысы Адольф Янушкевич атында көшелер бар. Польша халқы да ХХ ғ. 30-40 жж. зобалаң уақытында қазақ халқының поляк ұлты өкілдеріне көрсеткен көмегін, мейірімін ұмытпайды.

Алғыс ретінде ел астанасының ең көрікті жерлерінің бірі – Вилянув ауданындағы көшелердің біріне «Қазақ көшесі» (полякша ulica Kazachska) атауы берілген [9]. Польшадағы Адам Мицкевич университетінде қазақ тілі оқытылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. A.Dybowska, J. Zaryn, M. Zaryn. Polskie dzieje od czasow naidawniejszych do wspolczesnosci. Wyd. Naukowe PWN. Warszawa 1994. – 372 s.
2. HistoriaPolski 1795 –1918. Andrzej Chwalba. Wyd. Literackie. Krakow 2000. – 600 s.
3. Studia BAS.– № 2 (34) 2013.



4. Z. Jasiewicz. Polacy z Ukrainy w Kazachstanie. Etniczność a historia. Lud, t 75, 1992. – 11-54 s.
5. Акмолинская область. Итоги Национальной переписи населения Республики Казахстан 2009 года. Том 2. Статистический сборник. Под ред. Смаилова А.А. Астана, 2011 – 150 с.
6. Аналитический отчет. «Итоги Национальной переписи населения Республики Казахстан 2009 года». Под ред. Смаилова А.А./ Астана, 2011. – С. 65.
7. Андерса Армия. Советская историческая энциклопедия. Ред. колл., гл. ред. Е. М. Жуков. Т.1. – М., Государственное научное издательство «Советская энциклопедия», 1961. – С.570.
8. Ассамблея народа Казахстана: исторический очерк. Е.Л. Тугжанов, Г.В. Кан, В.С. Коробков, Н.У. Шаяхметов. – Алматы: Раритет, 2010. – 304 с.
9. Варшавадағы «қазақ» көшесі. Егемен Қазақстан, 2006, 7 шілде.
10. Всесоюзная перепись населения 1926 г. – Т. VIII. – М., 1928. – С. 15-46.
11. Галиев В.З. Ссылные революционеры в Казахстане. Вторая половина XIX века. – Алма-Ата: Изд. Казахстан, 1978. – 139 с.
12. Город Алматы. Итоги Национальной переписи населения Республики Казахстан 2009 года. – Том 2. Статистический сборник. Под ред. Смаилова А.А. – Астана, 2011. – 118 с.
13. Город Астана. Итоги Национальной переписи населения Республики Казахстан 2009 года. – Том 2. Статистический сборник. Под ред. Смаилова А.А. – Астана, 2011. – 74 с.
14. Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы: Арыс–Қазақстан, 1998. – 428 с.
15. Джордж Кеннан. Сибирь и ссылка. – СПб, 1906.
16. Ж. Қарынбаев. Қазақ-поляк байланыстарына Құнанбай қажы әулетінің негізінде шолу. Қазақстан мұрағаттары. – 2011. – №4. – 72-79 б.
17. История Второй Мировой войны 1939-1945 (в 12 томах). Ред. колл., гл. ред. А.А. Гречко. – Т.4. – М., Воениздат, 1975.
18. История Казахстана. (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Т.3. – Алматы :Атамұра, 2000. – 768 с.
19. История XIX века. –Т. 2. Пер. с фран. 2-ое изд. Под ред. Е.В. Тарле. – М: ОГИЗ, 1938. – 580 с.
20. История СССР. 1992. № 1. 40 -50-е годы: последствия депортации народов (свидетельствуют архивы НКВД – МВД СССР). – С. 124.
21. Карагандинская область. Итоги Национальной переписи населения Республики Казахстан 2009 года. – Том 2. Статистический сборник. Под ред. Смаилова А.А. – Астана, 2011. – 160 с.
22. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Юрист, 2006.
23. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Бас ред. Б. Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2005. – 728 б.
24. Манусевич А.Я. Польские интернационалисты в борьбе за победу советской власти в России. Феврал–октябрь 1917. – М., 1965.

25. Машимбаев С.М., Исова Л.Т. Проблема истории польских переселенцев в Казахстане (1936- 1946 гг.). – Алматы, 2000.
26. Миловидов Б.П. Военнопленные поляки в Сибири в 1813 – 1814 гг. Отечественная война 1812 года. Источники. Памятники. Проблемы. – Можайск, 2009. – С. 325-359.
27. Первая Всеобщая перепись населения Российской Империи 1897 г. Под ред. Н.А.Тройницкого. LXXXI. Акмолинская область. – Санкт-Петербург, 1905.
28. Первая Всеобщая перепись населения Российской Империи 1897 г. Под ред. Н.А.Тройницкого. LXXXVI. Сыр–Дарьинская область. – Санкт-Петербург, 1904.
29. Первая Всеобщая перепись населения Российской Империи 1897 г. Под ред. Н.А.Тройницкого. LXXXVII. Семиречинская область. – Санкт-Петербург, 1905.
30. Первая Всеобщая перепись населения Российской Империи 1897 г. Под ред. Н.А.Тройницкого. LXXXVII. Тургайская область. – Санкт-Петербург, 1904.
31. Первая Всеобщая перепись населения Российской Империи 1897 г. Под ред. Н.А.Тройницкого. LXXXVIII. Уральская область. – Санкт-Петербург, 1905.
32. Первая Всеобщая перепись населения Российской Империи 1897 г. Под ред. Н.А.Тройницкого. – Т.II. Общий свод по Империи результатов разработки данных Первой Всеобщей переписи населения, произведенной 28 января 1897 года. – Санкт-Петербург, 1905. Таблица XIII. Распределение населения по родному языку.
33. Польское рабочее движение в годы войны и гитлеровской оккупации (сентябрь 1939 – январь 1945). М. Малиновский, Е. Павлович, В. Потеранский, А. Пшегонский, М. Вилюш. – М., Политиздат, 1968.
34. «Прощай Украина!...». «Зеркало недели. Украина». № 36, 7 октября 2011.
35. Резонтова М.М. История заселения поляков на востоке Казахстана. Журнал «Новая Польша» 2011 г., № 2.
36. Ручинский Ю. Конарщик. Воспоминания из Сибири: мемуары, очерки, дневниковые записи польских ссыльных в Восточную Сибирь первой половины XIX столетия. Иркутск: Артиздат, 2009. – С. 325–476.
37. Рышард Бадовски. Польские певцы Казахстана. – Алматы, МКА, 2005.
38. Северо – Казахстанская область. Итоги Национальной переписи населения Республики Казахстан 2009 года. Том 2. Статистический сборник. Под ред. Смаилова А.А. – Астана, 2011. – 138 с.
39. Томская губерния: Список населенных мест по сведениям 1859 г. – СПб., 1868. – С. LXXI.
40. Хомченко С.Х. Военнопленные поляки в Астраханской губернии в 1812 -1815 гг. Отечественная война 1812 года. Источники. Памятники. Проблемы. – Можайск, 2009. – С.306–313.



«Мәңгілік Ел» идеясының негіздері және тарихи сабақтастық

Сатай СЫЗДЫҚОВ,

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия
Ұлттық университетінің профессоры,
ҚХА Ғылыми-сарапшылық кеңесінің мүшесі,
тарих ғылымдарының докторы



Президент Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн. Оған барар жол халық даналығының негізінде жатыр» [1, 267 б.] деген еді. Енді міне «Қазақстан жолы – 2050: бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында ежелгі ата-бабаларымыз – түркілердің мәңгілік ел идеясын – қазақ елінің ұлттық идеясы ретінде жариялауы кездейсоқ емес.

Әдетте, «идея» (грек. идея – түсінік, елес, бейне) – теориялық жүйенің, логикалық құрылымның, соның ішінде дүниетанымның негізінде жатқан анықтаушы түсінік мағынасында қолданылатын философиялық термин. XVIII ғасырдағы немістің классикалық философиясының негізін салушылардың бірі – И. Канттың тілімен

айтсақ: «Адам білімінің қайсыбірі болмасын, түйсіктен басталып, түсінікке ұласып, идеямен аяқталады» [2, 124 б.]. Осы бір қарапайым сөз тіркестері «идея» түсінігінің мәнін және қалыптасу жолдарын қысқаша түрде нақты бере алады.

Осы уақытқа дейін «Мәңгілік Ел» идеясының негізін салған көне түркі жазба ескерткіштерін, әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның мұраларын сол ғұламалардың өмір сүрген заманымен ғана байланыстырып зерделедік. Енді кейінгі ұрпақтары егеменді мемлекет құрып, азат санаға ие болған кезде бабаларымыз іргетасын қалап кеткен «Мәңгілік Ел» идеясының теориялық негіздері мен оны ұлттық тарихымыздағы хандар мен билер, Абай мен Алаш азаматтары және де егеменді мемлекетіміздің Елбасы, Ұлт лидері Н. Назарбаев пен қазақ қоғамындағы зиялылардың іс жүзінде жалғастырып отырғандығын біртұтастықтықта, сабақтастықта зерделей алмасақ, тарих бізді кешірмейді.

«Мәңгілік Ел» идеясының үш негізі. Белгілі бір идеяның мемлекеттік сипат алып, қоғам мүшелерінің көңілінен шығуы үшін негізгі екі талапқа жауап беруі тиіс. Біріншіден, ол сол мемлекетте өмір сүріп отырған халықтың мақсат-мүддесімен, болмысымен толық сәйкес келгені жөн. Бұл туралы Монтъеске: «Заңдар үкіметтің табиғаты мен принциптеріне, басқару формасына, елдің географиялық факторы мен физикалық қасиеттеріне, жағдайы мен көлеміне, климатына, топырақ сапасына, халықтың тұрмыс-тіршілігіне, санына, байлығы мен қабілетіне, әдет-ғұрпына сәйкес болу керек», – дейді. Екіншіден, идеологияның мемлекеттік сипат алуына қажетті тағы бір қасиет оның сол мемлекет тарихымен сабақтас болып, ұзақ мерзімдер бойы сол қоғамда үйреншікті, жетекші идеологиялық деңгейде болу тиістігін айтады [3, 289 б.]. Осы негізгі екі белгі де, бірінші бөлімде дәлелденгендей, түркілердің ұлы қағанатын құрғанда бар еді.

Жалпы, ежелгі түркілердің «Мәңгілік Ел» идеясын екі мағынада алып қарастырған дұрыс. Біріншісі – кең мағынада, яғни біртұтас түркі елі немесе қағанат, бірнеше ұлыстар мен ру-тайпалық мемлекеттерді біріктірген ірі бірлестік, ал екіншісі – тар мағынада, яғни жекелеген түркі мемлекеттері, немесе хандықтар мен ұлыстар. «Мәңгілік ел» идеясының алғаш рет манифест, яғни үндеу тұрғысынан жарияланғаны – кең мағыналық сипатта еді. Өйткені



ол кезде түркі жұрты – Ұлы Түркі қағанатын, яғни біртұтас елін құраған заман болатын. Кейін Түркі қағанаты бөлшектеніп, бірнеше жекелеген мемлекетке айналғанда бұл «Мәңгілік Ел» идеясы тар мағынада, яғни әр түркі мемлекетінің өзіндік ұлттық идеясына айналды. Мұнда, әрине біз «мәңгі ел» деген сөз тіркесі кездеспейді екен деп, ол идея жоқ деп айтсақ, мәңгүртікке бір табан жақындар едік. Мысалы, ескіден келе жатқан «ел боламыз десек» деген сөздің өзі «мәңгі ел» идеясы ұғымын беріп тұр емес пе?! Қазірде, мысалы Елбасы Н. Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты кітабындағы «егер біз мемлекет болғымыз келсе», «мемлекеттігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе» деген сөз тіркестері де «мәңгі елдік» ұғымын білдіріп тұрғанына ешкім күмән келтірмесе керек.

Ежелгі түркілердің «Мәңгілік Ел» идеясы үш тұғырдан, яғни үш негізден тұрады: 1) Көне түркі жазба ескерткіштерінде «Мәңгілік Ел» манифесінің жазылуы; 2) әл-Фарабидің философиялық шығармаларында (әсіресе «Қайрымды қала» шығармасында) «Мәңгілік ел» идеясының теориялық-методологиялық тұрғыдан негізделуі; 3) Жүсіп Баласағұн осы идеяның іс жүзіне асуын қамтамасыз еткен мемлекеттің Ата заң үлгісінде қызмет атқарған «Құтты Білік» дастанының жазылуы. Бұлардың бәрі бір-бірімен тығыз байланысты, бір заманның жемісі және өзіне дейінгі бабалар мұратымен жалғаса отырып, кейінгі ұрпақтарының құрған мемлекетшілдік, яғни «мәңгі елдік» идеясымен сабақтасады.



«Мәңгілік Ел» манифесінің көне түркі жазба ескерткіштерінде жариялануы

Алғаш рет «Мәңгілік Ел» идеясы Шығыс Түрік қағанаты әскерінің бас қолбасшысы Күлтегінге арнап қойылған бітіктаста түркі еліне жария етілген. Күлтегін ескерткішіндегі жазудың сол жақ [4, 190 б.] бетінде: «Өтікен жынысында отырсаң мәңгі ел тұтып отырап ең», – деп айтылған. Тура осы сөздер Білге қаған ескерткішінің оң жақ [4, 262 б.] бетінде қайталанған. «Мәңгі» сөзі айтылмаса да, оның мағынасы Тоныкөк ескерткішінің екінші ұстынының сол жақ бетінде «ел» сөзінің бір сөйлемде екі рет қайталануы арқылы берілген: «ел де ел болды» [4, 319 б.].

Тоныкөк ескерткішінде мемлекеттің тұрақты болуы үшін билікті ұстап отырған қаған мен ақылгөй дана бірауыздылығы, сөз бен істің ажырамауы, елдің тұтастығы үшін ынтымақтың, барлық күштердің ұйтқысы болу қажеттігі түп нысана ретінде айтылады. Түркі халқының елдігінен айырылып, қағансыз қалып, тағы да басқаларға бағынып, одан қайта көтеріле бастағаны, жаңа қаған отырғаннан кейін елдің басын біріктіру шаралары, яғни «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, түркі елі үшін қызыл қанын ағызып, қара терін төккені, күш-қуатын бергені» паш етіледі. Осының бәрі кейінгі ұрпаққа да үндеу ретінде айтылғаны көрінеді. Сонымен қатар, бұл жерде «Мәңгілік Ел» ұғымы, тәуелсіздік рухы, азаттық идеясы бір-бірімен үндесіп тұр.

Көне түркі жазба ескерткіштерін алып қарастырсақ, біріншіден, олардың заттық, яғни материалдық сипатқа ие болып, еркіндік, азаттық пен тәуелсіздіктің нышандарын айғақтайтын мемлекеттік рәміздер белгілерін көруге болады. Мысалы, Күлтегін ескерткішінің ұшар басы бөрі бейнелі бесбұрышты қалқан түрінде ойылуы кездейсоқ емес. Көк бөрі – түркі халықтарының ежелгі тотемдік нанымына негізделгендігі белгілі. Қытай жылнамаларында түркілер әулетінің негізін қалаған Ашина Алтай тауына қоныс тепкеннен кейін, «өзінің тегін ұмытпайтындығын елге жария ету үшін қақпасына қасқыр басты туын іліп қойды» делінген. Толық бөрі бейнесін оның басы арқылы беру «тұтастықты бөлшек арқылы беру» деген ғылыми принципіне негізделген. Мұндағы бөрі бейнесі көркемдік емес, саяси-әлеуметтік, яғни елдік пен еркіндікті, тәуелсіздік пен азаттықты айшықтайтын тудың рәміздік нышаны. Бөрінің бейнесі



көптеген түркі тайпалары мен руларының таңбасы болған. Қазірде кейбір түркі тілдес халықтар қауымдастығының рәмізі ретінде қолданыста.

Л. Н. Гумилев те өзінің Орхон-Енисей ескерткіштеріне талдау жасағанда руникалық жазулар эпитафиялық емес, публицистикалық сипатта деп жаңа бір пікірді білдірген болатын: «үш жазудың мәтіндері де түркілердің барлық қоғам мүшелеріне үндеу тұрғысында айтылған, оның өзінде ештеңемен бүркемелемей, халықты сендіргісі келеді. Ендеше жазу – үндеу, ондағы берілген материал таңдап алынған. Мұндай жанрдың болуының өзі сөздің түркі қоғамында нақты күш екендігін көрсетеді. Олай болса, дамыған қоғам және қоғамдық пікір де бар». О. Сүлейменов те публицистиканы әлемдік тарихқа ескерткіштің кірігуінің кезеңі ретінде, сонымен қатар, бұқаралық санаға кеңінен тартылуы тұрғысынан қарастырады. Ендеше, бұдан шығатын қорытынды: «Мәңгілік Ел» – көне түркі жазба ескерткіштерінде Ұлы Түркі қағанаты мемлекетінің манифесі ретінде жария етілген.

Ескерткіште «мәңгі ел» Өтікенде, яғни түркі мемлекетінің бас ордасымен бірге айтылған. «Қаған», «қан», «хан» атауларының бір-бірімен тығыз байланысты екеніне кәсіби мамандар ерекше көңіл бөледі. В. Бангтың пікірінше: «йетікан» (жұлдыз атауы) сөзіндегі «қан» және «мәңгілік елдің» сақталуын Түркі қағанатының астанасы – «Өтікенмен байланыстырған Күлтегін мен Білге қаған ескерткіштеріндегі («Өтікен жынысында отырсаң мәңгі ел тұтып отырар ең») сөздің соңғы буыны «кен» ~ «қан» да осы [5, 40 б.]. «Қан» сөзі батыс ғұндарда да болғанын Атилланың Арықан (Арықан – таза, пәк патшайым) есімді әйелі болғанынан байқауға болады [6, 173 б.; 7, 2216.; 8, 97 б.]. Атақты ақ ғұн әміршілерінің бірі Византия деректерінде Күн хан (V ғ.) деп көрсетіледі және «хан» сөзінің ғұндар дәуірінің өзінде «ел» терминімен қатар қолданылғаны мәлім болып отыр [9, 322 б.]. Асылында түрікше екені белгілі және кей жер атауларында кездеседі (мысалы: Ханбалық – Хазар астанасы) [10, 452 б.]. Бұл термин түріктер исламды қабылдаған соң да қолданыстан түскен жоқ. Сөздің кең географиялық аймақта әртүрлі мағынада қолданылғаны мәлім.



«Мәңгілік Ел» идеясын әл-Фарабидің саяси-философиялық тұрғыдан негіздеуі

әл-Фараби ежелгі грек философиясы мен шығыстың мұсылман ілімдерін байланыстыра отырып, түркі дүниесінің «Мәңгілік Ел» философиясының теориялық негіздемесін жасап берді. Ғалым «Мәңгілік Ел» теориясының негізгі ережелерін «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Азаматтық саясат», «Мемлекет билеушінің нақыл сөздері» шығармаларында баяндайды. Ғұлама ғалым өмір сүрген кезеңде түркілердің қала-мемлекеттері көп болған еді. Сондықтан ол «мемлекетті» көбінесе «қала» түсінігімен қатар қойды. Бақытқа жету жолында адамдардың арасындағы қайырымдылық пен түсінушілік, бір-біріне көмек беру, достық пен бейбітшілік, тәрбие мен тәлім – әл-Фарабидің тұтас әлеуметтік-саяси теориясының ажырамас бір бөлігін құрайды. Мемлекет пен қоғамның кемелденуі туралы әлеуметтік-саяси теориясында мемлекет басқарушылары мен сол қоғамда өмір сүретін адамдардың да ұстануы тиіс мемлекетті басқарудың императивтері мен механизмдері ашылды. Сондықтан, бұлардың бәрі қазіргі таңда түркітілдес мемлекеттердің ұлттық құндылықтары ретінде саналуы тиіс.

Фараби өз трактаттарында қоғамдық саяси мәселе бойынша халық билігімен демократия жайлы айтады. Мәдениетсіз қалалардың барлық түріне карама-қарсы қайырымды қалаға ең

жақыны коллективті қала дейді. Бұл қаланың тұрғындары барлық іс-қимылды тең құқылы, бұл жерде бағыныштылар мен билік етушілер жоқ. Ал қаланың басшылары құрметке иеленгендер ғана бола алады. Фараби бостандықпен тең құқылыққа ықыласпен қарайды, бірақ басшысыз, оның өкіметінсіз жалпыға ортақ бақытқа жету мүмкін емес деп есептейді.

Өзінің «қайырымды» және «қайырымсыз» қалалардың әртүрлі мінездемелері мен классификацияларында Фараби қоғамның жетілдірілген әлеуметтік құрылымын қайта жасады. Ол қала-мемлекеттің қоғамдық өмірінің толық мінездемесін береді. Фараби: «Адамның жануарлар әлемінен бөлініп тұратыны ақыл ойы және тәнінің жетілдірілгендігімен, бірақ та адам одан әрі жетіле түсу үшін ол тіл және әртүрлі өнерге зәру», – деді.

Фараби мемлекеттің міндетін және оның ішкі және сыртқы міндеттерін толық анықтап береді. Сыртқы міндеті мемлекеттің қайырымды қала тұрғындарын немесе мемлекетті сыртқы жаулардан қорғау, яғни күшті қорғаныс ұйымдастырумен анықталады. Ішкі міндетінде мемлекет өз халқының бақытқа жетуі үшін көрнекті шараларды іске асыруы керек: әділеттілікті орнату, халықты оқыту, оларды керекті ғылыммен толықтыру, адамгершілікке тәрбиелеу, қайырымдылықты тарату және ең жақсы бақытқа жеткізетін әдеттерді бойға сіңіру. Қалған мәселелердің бәрі экономикалық және саяси мәселелерге яғни негізгі міндетке бағынады, яғни адамдардың бақытқа жетуі олардың рухани жетілуіне тәуелді.

Бұл айтылғандарға да деректі сол кездегі түркілердің күнделікті өмірінен алуға болады. Бірде Хосроу 1 Ануширван хан аңға шығып бара жатып, бір ауылдың жанынан өткенде жасы 90 шамасындағы қарияның жерге грек жаңғағы ағашын отырғызып жатқанын көреді де, таң қалып: – Қария, сен грек жаңғағының ағашын отырғызып жатырсың ба? – деп сұрайды. Қария оған: – Иә, әміршім, – деп жауап береді. Әмірші: – оның жемісін көру үшін саған қанша жыл керек?, – деп сұрайды (грек жаңғағының ағашы отырғызылғаннан кейін 20 жылдан соң жеміс беретінін ескеріп). Сонда қария былай деп айтыпты: – Бұрынғылар отырғызды, біз жедік, біз отырғызамыз, кейінгілер жемісін көреді. – Саған даңқ берсін, – депті Нуширван қарияның даналық сөзіне қатты риза болып.



«Құтты білік» – Мәңгілік Елдің алғашқы Ата заңы

«Құтты білік» дастаны орта ғасырларда өркениетті ел болған Қарахан әулеті мемлекеті түріктерінің тілінде жазылғаны белгілі. Жүсіп Баласағұн «Құтты білікті» 1069–1070 жылдары Баласағұн қаласында бастап, он сегіз айдың ішінде Қашқар қаласында аяқтаған. Қарахан әулеті билік жүргізген дәуірде ұлан-ғайыр өлкені алып жатқан осы мемлекеттің басқару тәртібін белгілейтін ережелер, сондай-ақ, қоғам мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін айқындайтын тиісті заңдар жоқ еді. Міне, елдегі осы олқылықтың орнын толтыру мақсатымен Жүсіп Баласағұн өзінің «Құтты білік» дастанын жазды. Демек, дастан белгілі бір мағынада елдегі Ата заң (Конституция) қызметін атқарған. Шығармада ел басқарудың, экономиканы, әлеуметтік-тұрмыстық ахуалды, әскери істі ұйымдастырудың, шаруашылықты, тағы да басқа мемлекеттің әл-ауқатын жақсартудың ерекшеліктері суреткерлік-философиялық тілмен баяндалады. Жүсіп Баласағұн дастанда патшалар мен уәзірлердің, хан сарайы қызметкерлері мен елшілердің, әскербасылар мен нөкерлердің, тәуіптер мен аспаздардың, диқандар мен малшылардың, т.б. қоғам мүшелерінің мінез-құлқы, білім дәрежесі, ақыл-парасаты, құқықтары мен міндеттері қандай болу керектігін жеке-жеке баяндап шығады. Ақын мәселені әмірші-патшаның өзінен бастайды.



Сол сияқты, саманидтердің түркі әулетінен шыққан, Бұхараны билеген эмирі Ахмед ханның баласы Исмаил өте әділ болып, өзінің халыққа жасаған көп жақсылықтарымен көзге түскен. Оның бір әдеті болған екен. Қыстыгүні қатты суық пен боран болғанда өзі атына мініп алып, қаланың ортасындағы алаңда түскі намазға дейін болуды әдетке айналдырған. Мұның себебін ол былай деп түсіндіреді: «Мүмкін, маған жолығу үшін аймақтардан келген адамдар боран мен суықты күндерде біздің сарайды тауып келе алмауы, тамақ ішетін немесе тоқтайтын жері болмауы мүмкін. Ал мен алаңда тұрсам, олар келіп, бірден шаруаларын айтып, тындырып кетулеріне мүмкіндік алады».

Түркілер құрған империя тек «ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен» ғана құрылған емес еді. Ежелгі Қытай данышпаны Лу Цзя: «империяны атқа отырып жаулауға болар, бірақ оны ат үстінде отырып басқару мүмкін емес» дегеніндей, түркі басшылары өзінің иеліктерін билеуде түрлі бейбіт іс-шараларды шебер пайдаланды. Мысалы, иеліктерін басқаратын жергілікті өкілдеріне лауазымдар мен атақ дәрежелер беріп отырды, діни наным-сенімдердің әртүрлілігіне толеранттылықпен қарады, қыз берісіп, қыз алысу сияқты сол кездегі дипломатиялық әдіс-тәсілдерді де ұтымды пайдаланып отырған.

Дамыған орта ғасырдағы Ұлы Даланың мемлекеттік басқару дәстүрінің негізі, белгілі бір дәрежеде, Орхон–Енисей түркілерінің дәуірінде-ақ қаланған еді. Шыңғыс ханның Алтын Орда империясы да өзінің мемлекеттік басқару жүйесін құрғанда өзінің алдындағы, яғни Түрік қағанатының ел басқару құрылымдарын тек жоғары деңгейде қайталаған болатын.



Тарихи сабақтастық

Ұлытау – Мәңгілік Ел мекені. Ұлытау төрінде өткен тағлымы мол тарихты зерделеген, қазақтың патриоттық сезімін оятатын зерделі сұхбатында Елбасы: «Тарихтың куәгері – Ұлытау», – деп қадап айтқан еді. Шын мәнісінде көпшілік Ұлытаудың Жошы хан билеген тұсындағы үздік-үздік оқиғалары болмаса оған дейінгі қазақтың ата-бабаларының тарихына қатысты жерлерін біртұтастықта біле бермейді.

Ұлытаудың тарихы қазақ тарихының ежелгі дәуірімен бірге басталатыны және әр тарихи кезеңдерде жалғасып, сабақтасып отыратындығы Елбасының Ұлытауға барған сапарындағы «Бұл жерді ғұндардың да, көк түріктердің де, Алтын Орданың да орталығы болған жер» деген сөздерімен толық үндеседі. Орталық Қазақстанды, яғни Сарыарқаны қола дәуірінен бастап зерттеген әйгілі ғалым Ә. Марғұлан ол жердің материалдық мәдениетін археологиялық тұрғыда, ал рухани мәдениетін ауыз екі жыр–аңыздары арқылы зерделеп, бүгінгі және келешек ұрпаққа өзінің тамаша еңбектерін қалдырып кеткені белгілі. Ол Ұлытау ауданындағы Арғанаты тауының Мық, Домбауыл, Айыршоқы қыраттарындағы тас мүсіндерді зерттеп жүріп, ішінде қазақтар «қос алып», «қос батыр» деп атайтын алып мүсіндерге ерекше көңіл аударады. Олардың ежелгі заманның алыбын, батырын кескіндейтінін, сол қолындағы ұзын тік семсердің ғұндар заманына жататынын айтқан. Сонымен қатар, Ұлытау өңіріндегі ғұндар қорғандарының да көптігін тілге тиек еткені белгілі.

Қазақ даласындағы неғұрлым ертедегі тарихи ескерткіштер – Авестада, Махабхаратада, Пехлевиердің бундахишні және Фирдоусидің Шахнамасында аңызға айналған «Қанха» осы түркі дәуіріндегі Ұлытаудағы Кеңгір (түркі дәуірінде «Кеңгерес») алқабы екендігі кейінгі зерттеулерде кеңінен қарастырылып, негізге алынғаны белгілі. Бұл мәселені дәлелдеуде А. Н. Бернштам, Е. И. Агеева, Г. И. Пацевич, Б. А. Литвинский, С. Г. Кляшторный, Л. М. Левина және Ю. Ф. Буряков сияқты ғалымдардың көп еңбек сіңіргендерін айтқан абзал.

Сырдарияның орта ағысынан төменгі сағасына және солтүстік-шығысына қарай Ұлытау өңірі жартылай көшпелі және отырықшы жер өңдеумен айналысқан ежелгі ғұндар мен сақтар мемлекетімен тұстас және аралас өмір сүрген кангюйлер мемлекетінің ежелгі мекені болған. Сонымен қатар, қазақ шежіресіндегі қаңлылардың ішінде үш жүздің де басты руларының аттарының кездесуі, ал қаңлының өзі әу баста «қарақаңлы» және «сарықаңлы» деп екіге бөлінуі басында аталған «сарыкеңгір» мен «қаракеңгір» немесе сары түргеш пен қара түргеш атауларына сәйкес келуі де кездейсоқ емес. Оның бер жағында қазақта «қаңлысыз хан сайламайды» деген сөздің өзі қаңлыларсыз мемлекет құрудың мүмкін еместігін де байқатқандай.

Қаңлы тарихын зерттеушілердің көпшілігі Қытай жылнамалары мен Авеста шығармаларынан белгілі біздің заманымыздан бұрынғы III-I ғасырларда Сыр бойы мен Қаратау алқабын, ал жайлаулары қазіргі Орталық Қазақстан, яғни Ұлытау өңірі болып, өзінің дербес мемлекеті қаңға тайпалар бірлестігінен тұрғанын және одан кейінгі дәуірлерде де сол өлкені қоныстанып, біртұтас этностық қауымның негізі екенін мойындаған. Мысалы, Қытайдың «Шицзи» жылнамасының «Давань туралы хикая» түсініктемесінде Кангюй мемлекетінің орналасқан жерін «қазақтың Ұлы жүзі мен Орта жүзі көшіп жүрген Сырдарияның солтүстік жағындағы далаларды алып жатыр» делінген. Қытай ғалымы Уи Иуан, одан кейін Чи Иүншы «Үш ордаға бөлінген қазақтар ежелгі қаңлы елі» дейді. Жапон ғалымы Сиратори: «Ежелгі қаңлылар тұрмысы, ғұрып-әдет және тіл жағынан қазіргі қазақтар еді», – деп ашық жазады. Ол осы «қаңғыр (қаңлы) деген сөзге «қарулы, жақсы-жайсаң» деген мағына береді. Қарахандар мемлекетінің мәшһүр ғалымы Маһмұд Қашғари

де өзінің атакты сөздігінде «қыпшақ тайпасының жақсы-жайсаң ұлықтары қаңлылар еді» деген тұжырым айтады. Сонымен бірге, Сираторидің қаңлылардың түркі тілдес ұлыс болғандығын және оның басқарушысының би болғандығын дәлелдегенін де айта кеткен орынды. Бұл жерде ол қазіргі кездегі Еренқабырға (Тянь-Шань) өңірінде тұратын қазақтардың да өздерінің басшыларына «би» лауазымын қолданатынын келтірген. Ал біздің қазақ мемлекеттілігін айтқанда тұтас билер институтының қалыптасқандығын еске алсақ жеткілікті. Әрине, қазақ халқының толыққанды қалыптасуының аяқталуы ежелгі қаңлылар мемлекетінен кейін ондаған ғасырлар өткеннен соң жүзеге асса да, олардың осы процеске өзекті ұйтқы болғандығын теріске шығару мүмкін емес.

Бізге белгілі, бабаларымыздың тарихы өз бастауын эпикалық дәстүр жанрындағы шығарма – «Қорқыт Ата» кітабынан алады. Кітаптағы 12 бөлімнің бірі – «Доқа Қожаұлы Дели Домрул» әңгімесіне арналған. Осы жырды кезінде Домбауыл атымен Ұлытау, Сарысу қазақтары жатқа айтып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған. Ал, жырдың ауызша түрін 19-ғасырдың соңында Г. Н. Потанин Сырымбетте болғанда Махмұд Уәлихановтан жазып алған. Осы күнге дейін Ұлытаудағы Жошы хан кесенесінен үш шақырымдай қашықтықта тастан қаланған «Домбауыл дыңы» күмбезі тұр. Күмбездің салыну уақыты 8-9-ғасырларға, яғни оғыз–қыпшақ–қарлық ру-тайпаларының аралас жүрген кезіне сәйкес келеді. Жалпы бұл жыр тәңірлік наным-сенімдегі түркілердің оңтүстіктен кіріп келе жатқан исламмен кездесуіне байланысты туындаған тамаша аңыздық, бірақ тарихи-деректік проекциясы бар туынды.

Ұлытаудағы қариядан жазып алған Шоқан Уәлихановтың жинақтарындағы «Қорқыт сарыны» қобыз күйін де осы Қият тайпасынан шыққан ер Домбауыл өзі мерген, өзі қобызшы асқан шеберлікпен тартқан. Ұлытаудың батыс төңірегіндегі «Сарын шоқысы» Домбауылдың күй тартатын және шығаратын орны ретінде ел аузында қалған.

Ұлытауда Қорқытты ұстазы, сиынатын қорғаушысы ретінде санаған бағаналы Қойлыбай бақсы болған. Қорқыт Ата кітабындағы сюжетте Салор Қазанның ордасына жау шауып, қойшыдан басқа ешкім қалмайды. Осы кезде ауа райы бұзылып, аспанды кара бұлт торлап, қатты дауыл соғады. Сонда ағашта ілулі тұрған қобыздан үн



шығып, күй тартылады. Осы бір сәт қазақ эпсаналарында тамаша суреттеліп, «Қойлыбайдың қобызы» атты көлемді дастан тұрғысында жырланған. Бұл жырдың келесі бір нұсқасында Қойлыбай қобызын ат бәйгесіне қоспақ болады. Ұзын саны үш жүздей сәйгүлік тұлпарлар бәйгеге қосылғанда жарысты ұйымдастырушылар Қойлыбайдың қобызын бәйгеге қатыстырмау мақсатында бір жуан терекке арқанмен байлап қойған екен. Сонда Қойлыбай қобызы туралы сарын айтқанда дауыл соғып, күн бұзылып, боран соғады. Сөйтіп қобыз ағаштан босанып ат жарысында бәрінен озып бірінші келеді. Қазақ аңыз-жырларында Қойлыбайға күш беріп, піріне (Қорқыт) сиындиратын – қобыз. Шоқанның айтуынша да, қазақ бақсы-жыраулардың ішіндегі ең ірісі және күштісі Қойлыбай қобызшы болған.

Қорқыт Ата кітабында Ұлытау, Кішітау, Ортау (Ортағ), Кертау, Құтты қия (Ортаудың биік шыңы), т.с.с. таулар мен жер-су аттары жиі кездеседі. Бұлардың барлығы Түркі қағанаттары дәуірінде қазақ халқының құрылуына негіз болған төскейде малы бір, төсекте жаны бір – түргеш, оғыз–қыпшақ– қарлық ру-тайпаларының көшіп-қонып жүрген жерлері болған. Бұланты, Дулығалы, Кеңгір өзендерінің бойы, Арғанаты, Терісаққан аймақтары да Ұлытау өңіріне кірігеді.

Ұлытау – ежелгі түркілер империясының ел апарып қондырған мекені болғаны Моңғолиядағы Тес өзені бойындағы бітіктаста ойылып жазылған. Онда түргеш халқының «Кеңгереске» қоныстанғаны айтылған. С. Е. Малов пен С. Кляшторныйдың бұл жазуды қате оқығанын, алғаш оқыған В. Томсен нұсқасының дұрыс екендігін дәлелдеген ғалым–түрколог Алтай Аманжолов болатын. Ол: «Ғылыми зерттеулер мен сөздің сөйлемдегі мәндік мағынасына зер салсақ, «Кеңгерес» халық атауы емес, жер атауы. Бұл жөнінде В. Томсеннің пікірін 1968 жылы түрік ғалымы Т. Текин және қазақ ғалымы Ғ. Мұсабаев қызу қолдаған», – дейді. Сонымен бірге ол Кеңгерестің қай жер екендігіне баса назар аударып, оның Сарысу мен Кеңгір алқабының бір кездегі аты екендігін, ол Сыр мен Шу бойына жалғасатындығын айтқан. Бұл «Ұлытаудағы Сарыкеңгір мен Қаракеңгір аттарында сақталған» [11, 82-84 б.], – деп жазып қалдырған еді. Бұл туралы жазу ежелгі түркілердің «Мәңгілік Ел» мемлекеттік идеологиясын саяси манифест ретінде жария еткен «Күлтегін бітіктасының батыс жақ бетіндегі 39-жолынан да көруге

болады. Онда қара түргештерге бару үшін Кеңгереске бет алғаны айтылған. Бұдан «Мәңгілік Ел» идеологиясының жария етілген кезінде қазақ халқының қалыптасуында маңызды рөл атқарған түргештердің Ұлытау өңірінде ел болып отырғанына көз жеткізу қиын емес.

Қазақ халқының құрылуы тақырыбына алғаш қалам тартқан ғалымдардың бірі тарихшы М. Ақынжанов: «Қазақ халқына негізінен алғаш ұйтқы болған Түргеш пен Қарлық одағы болды» [12, 149 б.], – деп пайымдады. Мұны моңғолдық қазақ ғалымы Ислам Қабышұлы да қолдағаны белгілі. Ендеше ежелгі түркі дәуірінде-ақ қазақ халқының негізін құраған түркі ру- тайпалық бірлестіктерінің мемлекеті Ұлытау өңірінде өмір сүрген деп анық айта аламыз.

Алтын Орда тұсындағы Жошы хан билігінің кезі Ұлытау тарихының әйгілі бір кезеңі болып табылады. Алайда бұл кезеңді айтқанда мынаны ескерген жөн. Жошының өзі Шыңғыс шапқыншылығының нәтижесінде келіп хан болғанымен, сол Дешті қыпшақ даласындағы жергілікті кейін қазақ халқының қалыптасуында негізгі рөл ойнаған оғыз–қыпшақ–қарлық ру-тайпаларының арасына сіңіп, биліктегілермен бірге өздері соларға ұқсап кетті деп көрсетеді ортағасырлық деректер көзі.

Сонымен қорыта айтқанда, Ұлытау қазақ тарихының ежелгі кезеңдері мен дәуірлерінде өзіндік орны бар, халқымыздың күнделікті өмірі мен маңызды тарихи оқиғаларының куәгері болған киелі мекен. Олай болса, Елбасы айтқандай, «Мәңгілік Елдің жолы» да осы Ұлытаудан басталатыны анық.

Алтын Орда дәуірінде «Мәңгілік Ел» идеясы «Мәңгі Тәңірінің күші» тұрғысында кездеседі. Мысалы, Күйік ханның мөрінде, Арғұн ханның француз королі Филиппке жазған хатында, Алтын Орда ханы Өзбектің елшісін растаған құжатта «Мәңгі Тәңірінің күші» сөздерімен басталған.

Қазақ хандығы тұсында «Алаш» идеясы осы «Мәңгілік Ел» идеясының жалғасы болды. Қазақ тарихын зерттеуші әйгілі америка тарихшысы Марта Олкоттың: «Осындай ұлан-ғайыр жерге иелік ету оларға оңай болмаған. Сондықтан «бір Алаштың баласымыз» деген ой-тұжырым тамаша идея болды. Себебі осы идея қазақтардың басын қосты», – дегені белгілі. Ал Мұстафа Шоқайдың «Біртұтас Түркістан идеясы» осы «Мәңгілік Ел» идеясының түркі әлеміндегі бір көрінісі болды.



Сонымен, көне тарихтан бастау алған ұлттық идеямыз қазір де тарихи сабақтастықты бастан кешіріп, тәуелсіз мемлекетіміздің рухани тұрғыдан тұрақты даму ресурсына айналып отыр. Оны Елбасының кеше ғана жария еткен 2015 жылға арналған Жолдауында айқын көрсетіп берді: «Біз Жалпыұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық.



Мәңгілік Ел – елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан 2050» стратегиясының ғана емес, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры».

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н. Ә. Назарбаев. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
2. Монтескье Шарль Луи. Избранные произведения. – М.: Госполитиздат, 2. 1955.
3. Кант И. Сочинения в 6 томах, 4-й том. – М., 1963.
4. Орхон ескерткіштерінің толық Атласы. – Астана: Күлтегін, 2007. – 306 б.
5. F. Laszlo. Kagan ve ailesi. // Türk Hukuk Tarihi Dergisi, I. – Ankara, 1944.
6. Gy. Moravcsik. Byzantinoturcica. I-II. – Berlin, 1958.
7. Gy. Nemeth /türk.terc./. Hunların Dili. – İstanbul, 1962.
8. P. Vaczy /türk.terc./. Hunlar Avrupa'da. – İstanbul, 1962.
9. Eberhard W. Birkaceski Turk unvani hakkında. Belleten, no.35. Ankara, 1945.
10. V.Minorsky. Hudud'ul-Alem. The Religion of the World, a persion Geography, GMNS, XI. – London, 1937.
11. Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Алматы, 1996.
12. Ақынжанов М. Қазақтың тегі туралы – Алматы, 1957.

Поляк ұлты өкілдерін Шығыс Қазақстан жеріне күштеп қоныстандыру тарихынан

Шәріпбек ӘМІРБЕКОВ,

Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университеттің ректоры, ҚХА Ғылыми-сарапшылық кеңесінің мүшесі, саяси ғылымдарының докторы, профессор,

Арафат МАМЫРБЕКОВ,

Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университеті, Философия және саясаттану кафедрасының доценті м.а., тарих ғылымдарының кандидаты

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңдегі қоғамда болып жатқан түбегейлі өзгерістердің мазмұны, мемлекетімізде осы заманғы, шын мәніндегі ұлттық саясаттың жаңа сипатын қалыптастырып отыр. Осыған байланысты, елімізде іске асырылып отырған ұлтаралық қатынастар саясатын ой елегінен өткізу, оған жаңаша баға беру - қажеттілік. Қазақстан Республикасы сияқты көпұлтты елде, ұлт мәселесінің басты орынға шығуы да заңдылық.

Қазақстан халықтарының Ассамблеясы 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан Республикасы Президентінің арнайы жарлығымен құрылды. Осы жерде, Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынында» еңбегінде айтылған «Ұлттық мемлекеттік идея, қай ұлтқа жататынына қарамастан, басты саяси құндылық ретінде, күллі қазақстандықтардың Отаны – біртұтас, тәуелсіз Қазақстан төңірегінде қалыптасады», – деген сөздері еске түседі [1, 188 б.].

Демократиялық мемлекет ретіндегі дамуымызда, қазақстандықтардың көптеген ұрпақтары жинақтаған аса бағалы құндылық

– риясыз достық пен өзара түсіністік, ең үлкен жетістігіміз болып табылады. Қазақстан аумағында өмір сүретін халықтардың тарихын зерделеу, әр халықтың мәдениеті мен қазақ қоғамы үшін атқарған істерін үлгіге айналдыру, мемлекеттің осы саладағы саясаттын іске асыруда өзінің септігін тигізері анық.

Қазіргі кезеңде, тәуелсіздік жолымен дамып отырған, әлем қауымдастығының тең мүшесі Қазақстанға, дүниежүзілік тарихи дамудың тәжірибелері, оның өткен тарихын жан-жақты үйренуге және зерделеуге қажеттілік туғызып отыр. Осы орайда, Қазақстанды мекен қылып отырған ұлттық диаспоралардың тарихына көңіл аудару, олардың тарихи қалыптасқан мәселелерін шешудің жолдарын көрсету заман талабынан туындайтынын айтамыз.

Қазақстан топырағында өніп-өскен халықтардың басынан өткен ауыртпалықтары, негізінен тарихымыздың қайшылықтарға толы ауыр кезеңдеріне сәйкес келеді. Осы бір кезеңдерде жүрген үрдістерді зерттеудің, ұлттық идеологияны қалыптастыруда маңызы зор. Осы жерде біздер, ұлтаралық қатынастардағы өзекті мәселелерді зерттеуде отандық тарих ғылымының мүмкіндіктерінің зор екендігін мойындауымыз керек.

Тарихтың тағылымы мынаны үйретеді. Кез келген өркениетті елдердің ұлттық тәуелсіздіктеріне қол жеткізгеннен кейін, мемлекет құрушы ұлттан басқа да ұлттардың мұң-мұқтажын назардан тыс қалдырмай, оларға сыйластық танытуы, ішкі тұрақтылықтың кепілі болатынын аңғартып отыр. Осы тұрғыдан келгенде, Қазақстан сияқты елге тағдырдың жазуымен келген, өзге ұлттардың қоныстану тарихы, жаңа жерге бейімделуі және тіршілігі жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Көпұлтты Қазақстандағы диаспоралар арасында, саны мен шоғырлана қоныстануында және еліміздегі еңбек бөлінісінде алатын қомақты үлестеріне қарай немістер мен поляктардың алатын орындары ерекше. Осы аталған ұлттар өкілдерінің Шығыс Қазақстанның қоғамдық дамуына үлкен үлес қосқандығы аян. XX ғасырдың бірінші жартысында мемлекеттік басқару жүйесінде әкімшіл-әміршілдік тәсілі жаппай үстемдік құрды. Сонымен қатар, Кеңес мемлекеті ұстанған ұлттардың жеке белсенділіктеріне жол бермеу, түбінде оларды бір тілде сөйлейтін, бір ортақ мәдениетке ие болатын кеңес халқына айналдыру саясаты, шын мәнінде олардың ұлт ретіндегі жан-жақты дамуына тұсау болды.

Поляктардың Қазақстан аумағына қалың лекпен келе бастауы 1936 жылдан басталды. Оған КСРО-ның №776-120СС Украинаның батыс аймағындағы 52 мың полякты жер аудару туралы құпия қаулысы себеп болды [2]. Мұның себебі – Сталиннің Германиямен арадағы соғыста поляктарға деген сенімсіздігі болатын. Украинадан поляктардың тұтас бір шоғыры жер аударылды. Қазақстан поляктарының тарихында 1936 жылы олардың Украина мен Белоруссиядан (1936 жылғы 17-қаңтардағы және 28-сәуірдегі заңдар бойынша) жаппай көшу шежіресінің зерттелмеген ақтаңдақ тұстары бар. Поляктарды көшіру 1937 жылы да жалғасқаны белгілі. Бірақ, бұл жылы көшірілгендер саны көп емес. «Арнайы қоныс аударылғандар» айдары оларға да таңылды.

1937-1938 жылдары да поляктар сенімсіз ұлт ретінде күштеп қоныс аударылды. Қоныс аудару БКР (б) Орталық Комитетінің 1937 жылдың 11 тамызындағы №00485 бұйрығымен іске асырылды. Сталинның мақұлдауымен, Ежовтың қолы қойылған бұйрыққа қосымша «КСРО дағы поляк барлауының фашистік қарсылық ұйымдастыруы, тыңшылық, диверсиялық және ланкестік әрекеттері жайындағы» жабық хат барлық жергілікті НКВД органдарына таратылды. Негізінен бұл бұйрыққа дейін, осы жылдың 30 шілдесінде № 00447 бұйрық шыққан болатын. Ол бұйрықта ешқандай қосымша хат болмады. Себебі, бұл бұйрықта НКВД қызметкерлерінің бәріне түсінікті, бұрынғы айыптар тізімі мен мұндай кездерде жүргізілетін міндетті шаралар баяндалған болатын. Яғни, тұтқынға алудың есебін жүргізу, айыпты поляк азаматтарын тіркеуге алу, ату жазасына іліккен адамдардың тізімін түзу т.б. Бұйрықтың мазмұны бұрыннан белгілі кулактарға, саяси қылмыскерлер мен бұрынғы партия мүшелеріне, дінбасыларына, бір сөзбен айтқанда КСРО-ға қарсы «жауыз элементтерге» қуғын жасау туралы болды. Ұжымдастыру кезеңінен бері бұл іспен айналысып келген НКВД үшін бірінші бұйрықты орындау оңай болды [3, 22 б.].

Ал №00485 бұйрық мүлдем басқа сипатта еді. Ондағы «тыңшылық және диверсиялық әрекеттер» деген сөздер бұрынғыдай жекелеген поляк азаматтарына ғана емес, КСРО-дағы поляк ұлты өкілдеріне түгел тағылған айып болды. Айыпталушылар қатарына бұрынғы әскери поляктар да енді. Бұл жағдай сол кездегі КСРО территориясындағы барлық поляктарды қамтыды десе артық болмайды [3, 23 б.]



Поляктар 30-жылдары социалистік жүйенің нығаюына қарсылық көрсетті. КСРО жоғарғы билігі Еуропаға ықпал жүргізу алаңы ретінде Польшаны қарастырды. Украина және Батыс Белоруссиядағы поляктардың арасында да Кеңестік жүйеге қарсы шыққандары аз емес-тін. Оларды тұтқындап, Шығыс Қазақстандағы Өскемен қаласындағы №1 түрмеге жіберген. Онда 22 поляк азаматы отырды [4, 6 б.].

Ішкі Ресейден өзге ұлттарды шет аймақтарға көшіруге мемлекеттік банк арқылы ақша бөлініп отырған. 1939 жылдың алғашқы тоқсанында көші-қон бөлімдеріне мемлекет бюджетінен ақша аударылып, оның жүзеге асырылуы қатаң қадағаланған. Қазақстанға аударылған ақша көлемі мен қазақ жеріне көш түзгендер санының КСРО-ның басқа облыстары мен республикаларына көшірілгендер санына қарағанда әжептәуір көп болғандығы сөзсіз. Мысалы, осы жылы Иркутскке 9830, Красноярске 14514, Омскіге 13 014, Ташкентке 23 400 сом бөлінсе, бір Алматының өзіне 36 300 сом бөлінген [5, 20б.].

Бөлінген қаржы түгел тексерілген. Көші-қон бөлімдері әр тиынын есептеп, Москваға есеп беріп отырған. Ақша уақтылы түсіп отырғанымен, кейде қаржының дұрыс шотқа түспеуіне байланысты, көшіп келген азаматтарға кешіктіріліп берілген кездері де болып тұрған. Мысалы, 1939 жылы Семей көші-қон бөліміне бөлінген қаржы 8 күн ерте түседі. Бірақ, жіберілген қаржының белгіленген сомадан көп екендігі аңғарылады. Мәскеу Семей бөлімшесінің қаржылық шотының өзгеріп кеткендігін ескермей, ақшаны бұрынғы шотқа аударуына байланысты қалдықпен қосылып, қаржы көбейіп кеткен [6, 388 б.]. Семей көші-қон бөлімшесі келіп түсен қаржыны ұстамай, есеп берілгенге дейін Мәскеуден жауап күтіп, ресми жауап келгеннен кейін ғана қаржыны игеруге кіріскен. Яғни, қаржылық операциялардан кеткен қателіктер арнайы қоныс аударылғандарды дiңкелетiп жiберген кездерi аз кездеспеген.

Кеңестер Одағы 1939 жылдың қыркүйек айында және 1940 жылдың маусым айында гитлерлік Германиямен жасалған келісімдер нәтижесінде поляк мемлекетінің шығыс бөлігін иемденді. Кеңес билігіне өткен аумақтар Белоруссияның (Вилейск, Барановичск, Белостокс, Брест, Пинск), Украинаның (Волынск, Ровенск, Львовь, Дрогобычск, Станислав, Тарнопольск) батыс бөлігіндегі облыстар мен Литваның біраз бөлігі еді. 1940-1941 жылдары бұл аумақтың

тұрғындарын КСРО-ның ішкі аудандарына көшіру басталды. Бұл аймақтағы тұрғындардың көпшілік дені Польша азаматтары болатын. 1939-1941 жылдар аралығында жүргізілген «поляк көші» көші-қон тарихындағы ең ірі көштердің бірі болды.

КСРО Халық комиссариаттары кеңесінің 1936 жылы 28-сәуірде шығарған №776-120 қаулысы бойынша, Украинадан 15000 поляк және неміс шаруашылықтары, жалпы саны 45000 адам Қазақстанға көшірілді. Солтүстік Қазақстан облысына 37535 адам жер аударылса, Қарағанды облысына 8020 адам қоныстандырылды [7, 35 б.].

Украина және Белоруссияның батыс аумақтарынан көшіру кезінде поляктардың жылжымайтын мүліктері, еңбек құралдары, малдары акті бойынша жергілікті басқармаға өткізілді. Поляктарға төмендегі заттарды ғана алуға рұқсат етілді:

Киім-кешек

Көрпе-жастық

Аяқ киім

Ыдыс-аяқ

Азық-түлік

Көтеріп жүруге болатын шағын еңбек құралдары (балта, ара, күрек, тырма, қайла, аша, балта, тістеуік т.б.)

Ақша (көлемі шектелмеген) және зергерлік бұйымдар (сырға, сақина, алқа және т.б.). Бірақ, бір отбасының зат салмағы 500 келіден аспуы тиіс болды. Құрал-жабдықтар мен ірі заттар бөлек вагонға тиелді. Оларды белгіленген жерлерге жеткізу үшін 55 вагон даярланды [8, 8 б.].

Арнайы қоныстандырылған поляктар қаулы бойынша сайлау құқығынан айырылған жоқ. Тек қоныстанған ауданнан шығуға тиым салынды. Олар барған жерлеріндегі ауылдық кеңестерге бағынды. Көшу барысында барлығының төлқұжаттары тартып алынды.

Поляктар әкелінген елді мекендерде дереу камендатуралар құрылып, олардың қашып кетпеуі қадағаланды. Осы мекемелер қоныстану үрдісін басқарып отырды. Солтүстік Қазақстан облысына келген поляктар 31 елді мекенге орналастырылды. Ал, Қарағанды облысына келгендері осындағы бұрын құрылған еңбекпоселкелеріне қоныстандырылды [7, 35 б.]. Қара жұмыс орындарына келгендердің тұрмысы Солтүстік Қазақстанға әкелінгендердің жағдайына қарағанда жақсырақ болды. Ел ортасына түскендері халық көмегімен тұрмыстарын түзеп кетті.



1939 жылдың 19 мамырында КСРО Халық комиссариаттары Ішкі істер министрінің орынбасары Чернышевқа НКВД ГУЛАГ-ының еңбек лагерлері бөлімінің бастығы, аға лейтенант Кондратов рапорт жазады. Мұнда ол КСРО Халық комиссариаттары кеңесінің 1936 жылы 28-сәуірде шыққан №776-120 қаулысы бойынша, Украинадан қоныс аударылған ұлттарға, белгіленген аймақтан шықпау талабын сақтай отырып, төлқұжат беруді және арнайы комендатураларды жауып, қоныстандырылған азаматтарды жергілікті милиция қарауына өткізуді сұраған [7, 36 б.]. Бірақ бұл рапорттан поляктардың тағдыры жеңілдей қоймады.

КСРО Халық комиссариаттары кеңесінің 1939 жылы 29 желтоқсанда шыққан №2122-617сс қаулысымен УКСР және БКСР батыс аймақтарынан қоныстандырылғандардың арнайы поселкелері және олардың еңбекпен қамтылуы жайлы ереже қабылданды. Ережені КСРО Ішкі істер халық комиссары Л. Берия бекітті. Ол ереже бойынша, «осадниктер» және олардың бала-шағалары арнайы поселкелерге қоныстандырылып, орман шаруашылығында еңбек етеді. Сондай-ақ, әр поселкеге 100 ден 500 жанұяға дейін қоныстандырылады. Арнайы қоныстандырылған «осадниктерге» КСРО «Наркомлес» орман шаруашылығы жұмысшыларына тағайындалған жатақханалар бөлінуі және тұрмыстық қызметтер көрсетілуі тиіс болды. Ереженің төртінші тармағы бойынша, арнайы поселкелер әкімшілік басқару жағынан НКВД аудандық және поселкелік комендатураларына қарады. Осы ретте әр ауданда, әр поселкеде НКВД комендатуралары құрылды. Комендатуралар аудан орталықтарында және ауылды мекеннің орталығында орналасуы қажет болды. Бұл мекемелер поляктардың поселкелерден қашып кетпеуін, қоғамдық және жұмыс тәртіптерін қадағалаумен айналысты [8, 4 б.].

1940 жылдың 10 ақпанында, 13 сәуірінде және 29 маусымында поляк азаматтары үш лек болып көшірілді. Ал, 1941 жылдың мамыр және маусым айларында КСРО-ның батыс бөлігіндегі поляктар көшірілді. Поляктарды көшіру бір күндік операциялардан тұрды. Яғни, халықты алды-артына қаратпай, бір күннің ішінде үдере көшіріп отырды. Мұндай алқын-жұлқын, аяқ асты жер аудару шараларына қарсылық та көрсетіліп жатты. Дегенмен, ондай наразылықтарға қарамастан, поляктар вагондарға тоғытылды. Бір эшелонның сапары жол қашықтығына байланысты 2-4 аптаға

созылды. Соңғы станцияға түскен соң, оларды ауыр көліктеріне немесе кемелерге тиіп, белгіленген жерлерге апарып тастайтын [9, 114-115 бб.].

«Осадниктерді» көшіру 1940 жылдың 10 ақпанында басталды. Оларды орналастыру үшін КСРО-ның 21 облысыннан 115 арнайы поселке белгіленді. Осылайша, 129.596 адам жат жерге өз еріктерінен тыс, мәжбүрлікпен көшірілді. Қазақстанның Семей облысына 300, Ақмола облысына 414, Павлодар облысына 221, Қостанай облысына 186 және Шығыс Қазақстан облысына 80 отбасы келіп түсті [9, 34 б.]. Сөйтіп, қазақ жеріне жалпы жиыны 5389 поляк келіп қоныстанды [9, 41 б.]. Ақмола облысының Шортанды ауданына 506, Сталин ауданына 633, Степняк ауданына 849, Қостанай облысының Жетіқара ауданына 884, Павлодар облысының Баян-Ауыл ауданына 1108 адам қоныстандырылса, Шығыс Қазақстан облысының Самар ауданына 325, Семей облысының Жарма ауданына 1085 поляк келіп орнықты [10, 61 б.]. Поляктар Жарма ауданының үш ауылына, Балажалға 49, Қазаншұңқырға 84, Ақжалға 99 отбасы келді. Олар ауыл шаруашылығындағы қара жұмыс істеумен қоса, түрлі кеніштерде, алтын өндірісінде бел жазбай еңбек етті [10, 42 б.].

НКВД ГУЛАГ-ының еңбекпен түзеу колониясы және қара жұмыс қоныстары (трудпоселение) басқармасының 1940-шы жылдың бірінші жартысында берген есебінде КСРО бойынша 988 346 мың адамның 1677 қара жұмыс қонысына орналастырылғаны жазылады. Осы есепте Қазақстанда 5595 жер аударылған «осадник» өмір сүретіні айтылған. Олар жұмысшылардың құрылыс саласында 78,8 %, түсті металлургияда 77.4%, көмір өндірісінде 79.7%, балық шаруашылығында 82.3% құрады [11, 6-7 б.]. Қалай дегенмен де, олардың еңбекпен қамтылуы, еңбек ету қарқыны жоғарғы билікті қанағаттандырмады. Осы ретте әйелдер мен жеткіншектерді қара жұмысқа тарту мәселесі көтеріліп, 1940-шы жылдың екінші жартысында әйелдер де, балалар да қара жұмысқа алына бастады.

1940-шы жылдың басында лек-легімен келген арнайы қоныс аударылғандардың санын есептеуде түрлі қателіктерге жол берілді. Қабылдаушы жақ, яғни Қазақстан тарапынан қате ақпараттар беріліп, кейбір жағдайларда жанұялардың есебі орталықтағы мәліметтермен сәйкес келмей жатты. Мысалы, 1941-шы жылдың 1 қаңтарында жіберілген есепте Семей облысына қоныстандырылған жанұялардың саны 20 отбасыға артық көрсетілген. Осы себеппен



ақпан айында арнайы тексеріс жүргізілген. Нәтижесінде Семей облысына басы артық 20 отбасының мүлдем жіберілмегендігі анықталады. Жоғарыға жіберілген есептің қате болуына байланысты бұл құжат Семейге қайтарылған [7, 35 б.].

Шығыс Қазақстан аймағындағы поляктардың саны осы жылдары молайды. Немістер қоныстанған ауылдарға поляктар да қоныстанды. Кейбір ауылдар тек поляк өкілдерінен тұрды. Жалпы алғанда поляк ұлты қазақ және орыс ұлты өкілдері шоғырланған ауылдарға қоныстандырылды. Олар көбінше, ауыл шаруашылығында жұмыс істеді. Бірақ, тұрмыстары өте нашар болды. Қазір осы нәубетті буыннан қалған ұрпақ жоқтың қасы. Себебі, соғыс аяқтала салысымен шетке кеткен шерменде поляктардың отандарына қайтуға рұқсат етілді. Көпшілігі мүмкіндікті пайдаланып, Украина, Белоруссия жерлеріне қайтқан-ды. Ал, осында қалған азаматтардың өзі төлқұжат алу барысында орыс болып жазылып, «аға ұлтқа» жасалған артықшылықтардың жемісін жеді. Көненің көзі, 80-нен асқан Ванда әжейден поляктардың Қазақстанға келу тарихынан сыр суыртпақтаған едік. Сексеннің сеңгіріне шыққан кейуана бүгінде поляктар шоғырланған Бесқарағай ауданының орталығы Бұраста тұрады. Ванда әжей шерлі шежірені былай бастады: «1939 жылдың көктемі еді. Өрімдей 18 жастағы бойжеткенмін. Бір түнде солдаттар келіп анамды жұлқып оятты да, әй-шәйға қаратпай түрмеге алып кетті. Анамды қайда әкеткенін біле алмай дал болдым. Үш күннен кейін туыстарым анамның Десна қаласында қамауда жатқандығын естіпті. Анамды іздеп таптым. Неге қамалғанын сұрағанымда, көзі жасқа толған қайран шешем «Өзім де түсінбеймін» деп, ебіл-дебіл жылады. Анаммен кездесіп, үйге қайтар жолда көп солдаттарды көрдім, ішім бір жамандықты сезді. Үйге жүгіріп келе сап, сіңілім мен бауырыма тығылу керектігін айттым. Олардың «Неге?» деген сұрағына «Білмеймін» деппін сасқанымнан. Солдаттар ауыл-үйді аралап, жұртты далаға шығарып жатты. Кезек бізге де келді. Солдаттар тығылып жатқан жерімізден бізді тауып алды. Қарсылық көрсетіп едік анамызға апаратындарын айтып, алдап шығарды. Жолға талғажау етер тамақ алып, бауырларымды бауырыма басып мен де үрпиісіп тұрған елге қосылдым. Ертеңгісін барлығымызды эшелондарға тиеп, Деснаға әкелді. Портқа жеткізіп, кемеге тиеді. Қанша жүзгенімізді білмеймін, ұзақ жүздік. Содан Қазақстан аумағына келіп бірақ тоқтадық. Алғаш басқан жеріміз Известка колхозы болды. Қазіргі Беген ауылы.

Алғашқыда жағдайымыз жаман болды. Жергілікті халықтың да жағдайы мәз емес еді. Ешкімнің ешкімді асырауға күйі жоқты. Қазақтардың арбаларының астында күн кештік. Орман шаруашылығында жұмыс істедім. Тіл білмедім, тек поляк тілінде ғана сөйлейтін едік. Тіл білмеуім өмірімді қиындатты. Жазда орманда, күзде танапта сабақ тердім. Кешке жұмысшыларды тексеретін. Соған қарамастан пима қонышына бидай тығып әкеліп жүрдім. Сол болар-болмас азықпен бауырларымды асырадым. Қыс түсіп, танаптағы жұмыс тоқтағанда баржыда жүк тасыдық. Тамақ тауып жеу қиын еді. Сөйтіп жүргенде тұрмысқа шықтым. Тұңғышым қыз болды. Тұрмысқа шығуыма күн-көрістің қиындығы себеп болды. Арқа сүйер қайратты азаматтың жоқтығы титықтатып жіберген болатын. 1941 жылы соғыс басталып, жолдасым майданға аттанды. Бауырымда баламен, жәутендеген екі бауырыммен жалғыз қала бердім. Менімен келген барлық поляк азаматтары менің күйімді кешті. Тылда қызмет атқардық. «Бәрі де, майдан үшін!» ұранымен жан аямай жұмыс істедік. Польшадан келгендерді соғысқа алмады. Барлығымыз ауыл шаруашылығында еңбек еттік.

1945 жылы соғыс аяқталғаннан кейін, поляктарға еліне қайтуға рұқсат берілді. Тауқыметті тағдырмен келген жерлестерімнің барлығы дерлік елге кері қайтты. Ертістің жағасында өзегім өртеніп, көзімнен жасым сорғалап тұрып, отандастарымды шығарып салдым. Қиын күндерде құдай қосқан қосағымды қиып кете алмадым. Оның үстіне Польшада орысқа тиген поляк қыздарын жек көретін. Барған күннің өзінде тағдырдың маған күліп қарайтынына сенбедім. Жолдасым соғыс біткеннен кейін үш жылдан соң оралды. Жалғыздық пен қиындықтың зардабын шегудей-ақ шектім. Кешіп өткен қиыншылығым соғыс бітіп, қожайыным оралғаннан соң өзгерді. Ол жылдар көрген түстей, соққан желдей өте шықты ғой. Жаксы заман басталып, еңсемізді тіктей бастадық.

Анам Коми АССР-інде түрмеде отырып шықты. 60-шы жылдары анамды іздеп Польшаға барып қайттым. Елімді, жерімді көрдім. Қалып қойғым келгені рас. Бірақ, қызымның болашағына алаңдап, қайтып келдім. Кейінірек шешем де немерелерін және менің тұрмыс-тіршілігімді өз көзімен көру үшін Бесқарағайға келіп қайтты. Шешем келгенде мұндағы поляктар аз қалған еді.

Бізді ешкім жатсынбады. Кемсітушілік көрмедік. Жергілікті халық бізді жатсынбады. Үнемі көмек көрсетіп отырды. Олардың



да жағдайлары өте ауыр болды. Соған қарамастан, бізбен барымен бөлісті. Менің Отаным Қазақстан деп ойлаймын. Себебі, өмірімнің ащысы мен тұщысы осы елде өтті. Тек мөлдіреген балалық шағым ғана Польшада қалды. Әлі күнге дейін менің Қазақстанға келуімнің себебін өзім де түсінбеймін», – деп көз жасына ерік берді Ванда әжей.

Арнайы қоныс аударылғандарға үй маңынан бау-бақшалық жер берілген. Олардың көпшілігі үй ауласына жеміс-жидек өсіріп, қыста бақша өнімімен көрді. Поляктар қысылтаяң кездері қазақтың кеңпейілділігі мен жанашырлығы оларды аман алып қалғандарын естелік етіп жиі айтады.

Осындай әңгімелерден кейін, аталарымыздың өздері қысылып тағдырдың тауқыметін көріп жүрсе де, бөтенді жатсынбай, барымен бөлісе алған қасиеттеріне бас иесің және осы бір тоқшылық заманда жастардың өзгеге деген жанашырлығы қаншалықты деңгейде екен деген ой еріксіз ойландырады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 бет.
2. Губайдулин О. Страшные волны польской трагедий // Караван №22. 30 мая 2005 г.
3. Петров Н.В., Рогинский А. Б. «Польская операция» НКВД 1937-1938 гг. // Репрессии против поляков и польских граждан. – Москва, 1997. – С 22-39.
4. ШҚОММ. 462 - қор. 4 – т. 21 – іс.
5. РМЭМ. 5675 - қор. 1 – т. 185 – іс.
6. РМЭМ. 5675 - қор. 1 – т. 271 – іс.
7. РФММ. 9479с - қор. 1 – т. 55 – іс, 35 п
8. РФММ. 9479с - қор. 1 – т. 52 – іс, 8 п
9. Гурьянов А.Э. Польские спецпереселенцы в СССР в 1940-1941 гг. // Репрессии против поляков и польских граждан. – Москва, 1997. – С. 114-136.
10. РФММ. 9479с - қор. 1 – т. 61– іс.
11. РФММ. 9479с - қор. 1 – т. 62– іс.

«Мәңгілік Ел» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Төлеуғали БӨРІБАЕВ,

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Мемлекеттік саясаттың ұлттық мектебі «Әлеуметтік-басқару технологиялары» кафедрасының меңгерушісі, ҚХА Ғылыми-сарапшылық кеңесінің мүшесі, философия ғылымдарының докторы, профессор

Ел болу мәселесі, ұлтты сақтау, жерді, туған атамекенді қорғау мәселесі қазақ халқы үшін қашанда тарихи даму тұрғысынан маңызды болып келе жатқаны белгілі. Осы аталған мәселелер ешқашан да күн тәртібінен түскен емес. Олардың әртүрлі тарихи кезеңдерге байланысты маңыздылығы артып, қоғамдық ой-сананың өзегіне айналып отырған. Бүгінде осы мәселелер тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің алдында тұр. Елбасы өзінің биылғы Қазақстан халқына арнаған кезекті жолдауында былай деген болатын: «Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық. Мен «Мәңгілік Ел» ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары – «Қазақстан 2050» стратегиясының түп қазығы етіп алдым» – деп атап өткен болатын [1]. Осы тұрғыдан алғанда, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын мәдени-философиялық тұрғыдан талдауды осы мақаланың басты мақсаты ретінде қарап отырмыз. Себебі мәдени-философиялық тұрғыдан «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын дұрыс талдау, оған жүйелілік тұрғысынан баға

беру, оның ішкі логикасын, мақсат мүддесін ашып көрсету бүгінгі күн талабы екені сөзсіз.

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясына жүйелі түрде қарауға бізді итермелеп отырған себептердің ішінде соңғы кездері баспа беттерінде жарияланып жүрген алуан ойлар мен сан-қырлы пікірлерді де жатқызуға болады. Оларды бір ізділікке салып саралайтын болсақ, оларды екі топқа бөліп қарастыруға болады: қолдаушылар және қарсы топтар. Қолдаушылар қатарына, негізінен мемлекеттік құрлымдардың және оларға қызмет мазмұны жақын келетін ұйымдардың өкілдері, Үкімет мүшелері, Парламент депутаттары, оқу орындарының басшылары, ректорлар мен мектеп директорларын жатқызуға болады. Сонымен бірге, қарсы пікір айтушылардың ойлары мынандай тұжырымдарға келіп тіреледі. Біріншіден, «Мәңгілік Ел» тіркесіндегі «мәңгілік» сөзі тек құдайға ғана тән. Бұл өмірде мәңгі ештеңе жоқ. Екіншіден «Мәңгілік Ел» идеясы империялық мәңгілікті аңсаудан туындаған идея. Шындыққа жанаспайтын тірлік. Бұл идеяда шамадан тыс албырттық, бозбалалық максимализм, қайнаған оптимизм, екпінді фантазия көп деген қарсы ойлар мен пікірлер айтылады. Сондықтан да осы жағдайларды ескере отырып, біз «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының философиялық астарына үңілуді жөн санадық. Оның ұлттық идея ретінде қоғам дамуына тиімді әсер ететініне назар аударуды зерттеуіміздің басты мақсаты ретінде қарастырдық.

Біріншіден, қандай да болмасын идея, оның ішінде Қазақстан жағдайындағы ұлттық идея халықты біріктіретін, бір мақсатқа жұмылдыратын, тұтастыққа негізделген, қоғам дамуында шешуші рөлге ие қозғаушы күш болуы керек. Онда тек өткенмен қатар қоғам дамуының бүгінгі, ертеңгі болашағы көрініс тауып, дәстүр, мәдениет, рухани құндылықтар сабақтастығы қамтамасыз етілуі керек. Осындай сипаттарға «Мәңгілік Ел» идеясы лайық екені сөзсіз. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының басты мақсаты да осы, яғни ел бірлігі, қоғамдық, этносаралық келісімді сақтау, дамыту, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу. Достық пен татулықты, рухани келісімді, өзара сыйластық пен төзімділікті қоғам дамуының тек бүгінгі жетістігі ретінде ғана қарап қоймай, оны болашақ дамудың басты негізі, тұғыры және стратегиясы ретінде қарастыру.

Екіншіден, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыруға біріншіден мемлекеттің басқару жүйесі ынталы, құлықты болуы тиіс. Себебі ол мемлекеттің ішкі және сыртқы қажеттілігін

қанағаттандырудан туындап қана қоймайды, сонымен бірге ол мемлекет құрушы ұлт алдында тұрған басты мақсат пен шешуші міндеттердің жиынтығы ретінде өмір сүреді. Бұл жолда мемлекеттің ең басты мақсаты болып ұлт мүддесін қорғау болмақшы. Айта кетер жайт, ол бүгінгі өз тәуелсіздігін құрып, басқа елдермен терезесін тең ұстап, әлемдік саясаттың басты субъектісіне айналып отырған Қазақстан мемлекеті, кешегі Қазақ хандығының тікелей мұрагері екенін мойындауы өте маңызды. Бүгінгі мемлекеттің қалыптасуы мен дамуы қазақ халқының ғасырлар бойы мемлекетшілдікке ұмтылысының тікелей жемісі, нәтижесі. Осыдан келіп, бүгінгі Қазақстан мемлекеті өзін ұлттық мемлекет ретінде сезінуі пайда болады. Сөйтіп, ол «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асырудағы басты қозғаушы субъектіге айналады. Демек, бұл мемлекетке қояр талап та қашанда жоғары болмақшы. Өйткені оның тарихи миссиясы – «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру. Ол үшін оған креативті ойлайтын мемлекеттік қызметшілер қажет. Ұлт мүддесін жеке бастың мүддесінен жоғары қоятын, моральдық тұрғыдан шыңдалған, білікті де білгір ұлтжанды, мемлекетшіл азаматтар керек. Олар бүгінде жеткілікті. Сонымен қатар, бұл мемлекет ұлы алып мемлекеттермен қатар өмір сүріп, тең де тиімді саясат жүргізу үшін, ол өзін үнемі бейбітшіл, ізгілікті, келісім мен үйлесімді жүзеге асыратын инновациялық мемлекет ретінде көрсетуі тиіс. Ол оның табиғаты мен бар болмысынан туындап отырған құбылыс. Мұндай мемлекеттің философиясы – ол үнемі қозғалыс, жаңару, прогресс, жасампаздық сипаттағы алға ұмтылыс. Бұл өзгерістер мен жаңғыртулар қоғамның барлық саласын, ұлттың әлеуметтік-экономикалық, саяси-рухани болмыстарын өзгертуге, өзіндік дамытуға, бәсекелестікке қабілеттілігін арттыруға бағытталуы тиіс. Соның нәтижесіне, қазақ халқы өз «пассионарлық рухын» шыңдап, оның дүниетанымында «әлемдік, универсалдық дегейде ойла, жергілікті шеңберде іс-әрекет жаса» деген рухани ұстаным, қағида қалыптасады. Ол үшін, қазақ, ұлттық мәдениет пен дәстүрдің, моральдық-этикалық құндылықтардың небір озық жауһарлары мен маржандары негізінде алға жылжуды, үнемі дамуды қамтамасыз етуі керек. Сонда ғана қазақ өзін жасампаз – жаңашыл ұлт ретінде сезінеді.

Үшіншіден, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы қазақ халқы тарихының басты сұрағы болып отырғаны баршамызға аян. Осы сұраққа қазақ халқы тарихында жауап іздемеген батырлар, қара-қылды қақ жарып,



әділін айтып, елді аузына қаратпаған шешендер мен көсемдер, хандар мен билер, тіпті, халық арасынан шыққан даналардың тарихта үнемі болып тұрғаны әлімсақтан белгілі. Бүгінде тәуелсіздік заманында осы сұраққа жауап іздеу үрдісі әлі жалғасуда. Заман өзгерді, соған сәйкес жауаптың бағыты мен мазмұны да өзгертінді белгілі. Сонымен, мәселе қойылды, идея, концепция ретінде халыққа ұсынылды. Ендігі мақсат, осы мәселені дұрыс шешу, оның әлеуметтік-философиялық, тарихи-мәдени, саяси-экономикалық негіздерін жасау. Оған саясаткерлер мен отандық гуманитарлық ғылым да өз үлесін қосуда. Ал, «Мәңгілік Ел» идеясын философиялық тұрғыдан талдаудың өзіндік ерекшелігі бар екендігін айта кеткен жөн. Біздіңше, ең басты философиялық ұстаным – ол қазақ халқының осы идеямен бірге өмір сүріп келе жатқандығы, оған үнемі оралып, оны сана мен ойдың пәні ретінде сезінуі, тіршіліктің басты бағыты ретінде қабылдап, оны үнемі білім және рухани құндылықтармен толықтырып өмір сүру философиясының өзегі деп қабылдауында болса керек. «Мәңгілік Ел» – ұлттық дүниетанымның басты бағыты және қайнар көзі. Оның ішкі мазмұны үнемі даму, өзгеру, жаңғыру арқылы жүріп отырады.

«Мәңгілік Ел» идеясында қазақ халқының сығымдалған, жүйеленген өмір сүру тәжірибесінің әлеуметтік мәдени коды бар. Демек, «Мәңгілік Ел» идеясын ұлттың тарихи даму үрдісінен тысқары қарау мүмкін емес және қолдан немесе ойдан шығарылған мәселе ретінде қараудың өзі ақиқатқа жасалған қиянат болар еді.

«Мәңгілік Ел» идеясы – кейбіреулер айтқандай, «утопия» немесе ойдан шыққан адам қиялы жетпейтін, абстрактылық ұғымдар жиынтығы емес. Ол Қазақстанның антологиялық болмысын анықтайтын ұлттық идеяның темірқазығы, қоғам дамуына бағыт-бағдар беретін, сан ғасырлар бойы армандағын ата-бабаларымыздың арманын жүзеге асырудағы рухани-саяси ұстаным. Басқаша айтқанда, ол – ұлттық идеологияға пара-пар. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының ішкі мазмұны даму, жаңғыру, өзгеру, алға ұмтылу тәрізді ұғымдармен өрнектелген. Онда жоғарыда атап өткендей «қиялдан туған қол жетпейтін арман» жоқ. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы – әбден сұрыпталған, өмір елегінен өткен, тарихи дамудың тәжірибесінен туындаған, қазақ тағдырымен астасып жатқан феномен. Ол ұлттың рухани ізденісінен, бақытты, бақуатты, тәуелсіз ел ретінде өмір сүріп, әлем өркениеті үрдісінде өз орнын алуға ұмтылудан туындаған шынайы талпыныс. Бұл талпыныс

әлеуметтік жасампаздықпен, ұлттың рухани байлығы мен мыңдаған ұрпақтардың іс-қимылы мен энергиясынан нәр алып отырған ұлт ізденісінің нәтижесі. Ұлт арманын жүзеге асырудың әмбебаптық формуласы.

Төртіншіден, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыруда ұлттық идеологияның орны ерекше екенін айта кеткен жөн. Идеология төңірегінде жүріп жатқан әртүрлі көзқарастар мен ұстанымдарды саралап ой түйетін болсақ, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру үшін ұлттың өз идеологиясы болу қажеттігі нақты байқалады. «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру бізден Қазақстанның өркениет жолында рухани дамудың жаңа координаттарын анықтауды талап етеді. Ол біздіңше, ұлттық идеологияның негізін құрайтын мына негізгі құндылықтардан тұруы қажет: отбасы, атамекен, еркіндік, тәуелсіздік, бірлік, келісім, әділеттілік, достық, ел, тұтастық, этникалық бірегейлік, тіл, дін, діл, т.б. Аталған құндылықтар Қазақстан халқын бөлшектеуге емес, керісінше, бірлікке шақыратыны белгілі.

Кешегі тоталитарлық жүйе кезінде бір идеология болғаны белгілі. Ол идеология социализм жүйесінің күйреуімен бірге тарих саханасынан келмеске кетті. Қайта құру дәуірі кезінде радикалдық тұрпаттағы «реформаторлар», «Қазақстан мемлекеттік идеологияға мұқтаж емес, мемлекет идеологиядан тысқары болуы керек, тоталитарлық идеология мен демократия ұғымдары өзара сәйкес келмейді» деген ойларды айтқаны белгілі. Тоталитарлық идеология мен демократиялық құндылықтар арасында қайшылық бар екені және олар бір-бірімен келіспейтіні, тіпті, антогонистік сипатта екені белгілі. Бірақ бұдан жалпы қоғам, мемлекет дамуына идеология керек емес деген ой тумаса керек. Кешегі тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында «деидеологизация» үдерісі мен қатар тәуелсіз ел идеологиясын қалыптастыру мен дамытуда қатар жүргені белгілі. Идеология туралы нақты айтылмаса да, тәуелсіз мемлекет құрудағы идеологиялық ұстанымдарды мемлекеттік деңгейде жүзеге асыру іс-әрекеті болғанын мойындауымыз керек.

Бүгінгі күнге келер болсақ, ұлттық идеология туралы еркін айту уақыты енді туған тәрізді. Бұл жолдағы ең басты ұстаным ұлттық идеологияны қазақстандықтардың дүниетанымдық бағытына айналдыру [1]. «Мәңгілік Ел» идеясын ұлттық идеологияның негізгі факторы ретінде қарай отырып, оны барлық қазақстандықтар қолдайтын ортақ, әлеуметтік, этникалық, діни бірегейлікті қамтамасыз ететін басты ұстанымға айналдыру болмақшы.



Сонымен бірге, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының басты, негізгі фундаменті – бірлік екенін ұмытпағанымыз абзал. Бірлік – ол елдің рухани бірлігі, халықтың мәдени, тілдік, ділдік, ақпараттық кеңістікке деген бірлігі. Қазақстандықтардың әлеуметтік, мәдени, рухани бірегейлігін дамыту ұлттық идеологияны дамытудың басты факторы болуы тиіс.

Бесіншіден, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялаған күннен бері жүзеге асырып келеді. Соның бір көрінісі – ол қазақ халқының тарихи санасын қалыптастырып дамытуға бағытталғандығы. Осындай бір алғашқы қадамдардың қатарына «Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекара» туралы заңын жатқызуға болады. Қытай, Ресей, Орта Азия мемлекеттерімен мемлекеттік шекара туралы келісімге келе отырып, оны халықаралық деңгейде заңдастырып, мемлекеттің шекарасы ешқандай жағдайда бөлінбейді деп Ата заңда көрсетуі, біріншіден, Елбасының асқан көрегендігі мен дипломатиялық шеберлігінің нәтижесі болса, екіншіден, «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асырудағы басты нық қадам деп қабылдауымыз керек. «Мәңгілік Ел» идеясының келесі тұғыры, негізі – ол Елбасы үнемі айтып келе жатқан елдің ішкі тұрақтылығы, этностардың өзара достығы мен татулығы, бір-біріне деген сыйластық қарым-қатынасы. Этнос және дінаралық келісім мен татулық – Қазақстан дамуының басты тұғыры. Тек тату, бірлігі жарасқан ел ғана алға қойған мақсат-мұраттарына жете алады. Сондықтан да ел ішіндегі татулық пен тұрақтылық «Мәңгілік Ел» жолындағы басты ұстаным болып қала бермекші.

Алтыншыдан, «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру белгілі бір құндылықтар жүйесіне негізделетіні белгілі. Сол құндылықтардың ішіндегі ең бастысы – қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде нығайту, қазақстандықтардың үш тілде еркін сөйлеуіне жағдай жасау болып табылады. Мемлекеттік тіл – «Мәңгілік Ел» идеясының негізі, өзегі. Мемлекет билігінің құдіреттілігі мен күштілігі қазақ тілінде сөйлеуімен өлшенеді. Мемлекет қай тілде сөйлесе, сол тілдің құдіреті қашан да үстем болады. Мемлекеттік тілде сөйлеу қазақ халқының ішкі бірегейлігін нығайтып, өркениеттік, мәдени бағытын арттырады [2]. Тіл – ұлттың мәдени коды, ойлау және таным, дүниеге қатынасының, құндылықтарды бағалай білу жүйесінің коды. Сонымен бірге, тіл – билік, үлкен саясат. Тіл – «Мәңгілік Ел» идеясының басты негізі. Ана тіліңді құрметтеу – ұлттық намысты

ояту мен жаңғыртудың көзі болуы тиіс. Бұл жолда тілдік және ақпараттық кеңістікті қорғау, оған мемлеттік тұрғыдан ықпал ету, ақпараттық кеңістік қауіпсіздігін қамтамасыз ету ел тәуелсіздігін қорғаудағы басты ұстаным болуы тиіс.

Жетіншіден, «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асырудың тағы бір негізі – халық пен билік арасындағы сенімді нығайту. Халықтың билікке сенімі күшті болған сайын қоғамды ортақ мұратқа жұмылдыру жеңіл болады. Халықтың билікке сенімсіздігін көрсететін бірден-бір фактор – ол сыбайлас жемқорлық. Жемқорлық қоғамды рухани тұрғыдан ірітіп, тәуелсіздікке қауіп төндіруде. Адамдардың ментальдық болмысын өзгертіп, қоғамның барлық саласына өзінің жағымсыз әсерін тигізуде. Сондықтан да жемқорлық мінез-құлыққа қарсы күресті күшейту арқылы адал еңбекке негізделген ортақ қоғам құру жолындағы іс-қимыл «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыруға көмектеседі.

Сегізіншіден, Қазақстан Ұлы мемлекеттер жанында (Ресей, Қытай) тек рухани сілкініс арқылы, жалпытүріктік консолидаторлық әлеуетін пайдалану, рухани, діни, саяси бастамаларға мұрындық болу, белсенділік таныту арқылы өмір сүре алады. Басты философиялық ұстаным – «Идея императоры кім болса, болашақ сонда» деген қағиданы жүзеге асыру барысында «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеядан ұлттық идеологияға айналады. Ол үшін ұлттың бәсекеге қабілеттілігіне білім беру жүйесін жаңа сапаға көтеру арқылы қол жеткізуге болады.

Білім беру жүйесі мәдениетпен тікелей байланысты. «Білім беру жүйесінің басты мақсаты не?» деген сұраққа күні бүгінге дейін толық та нақты жауап бере алмай келеміз. Мұндай жағдайды мына себептермен түсіндіруге болады: білім беру жүйесінің мақсатын педагогтар мен философтар анықтап отырмағаны, керісінше, мұндай үлкен міндет саясаткерлер мен білім саласының чиновник қызметкерлері мойнына жүктеліп отырғанын айтуға болар еді. Олар үшін креативті, шығармашылық сипатта ойлайтын адамдардан бұрын, қарапайым орындаушылар көп керек тәрізді. Бүгінгі білім беру жүйесі ортаңқолды орындаушыларды дайындауға қабілетті болғанымен, бәсекеге қабілетті шығармашылық деңгейде ойлайтын мамандарды дайындауға қабілетсіз екенін көрсетіп отыр. Демек, «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру үшін білім беру жүйесінің мақсатын өзгерту керек. Ол біздіңше, креативті, шығармашылық сипатта ойлайтын «мәдениетті тұлғаны», Абайша айтқанда «толық



адамды» қалыптастыру болуы қажет. Бұрынғы жүйеде педагогика ғылымының басты мақсаты оқушыны мектепке «шығарып салу» болса, бүгінде оның міндетінің өзгергені соншалықты, ол енді оқушыны «мәдениетке жетелеу» керек тәрізді. Яғни, жас ұрпақты ұлттық мәдениетке баулу, тәрбиелеу, олардың санасы мен дүниетанымын мәдени, рухани-этикалық құндылықтармен, халық даналығымен сусындату керек екендігі күн өткен сайын басты қажеттілікке айналып келе жатқанын көреміз. Осы бағытта жұмыс істеу, ұлттық тәрбиеге назар аудару, оны болашақ ұрпақ тәрбиесінің өзегі ретінде қарау «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асырудың бір негізі екені сөзсіз.

Ал бүгінгі жағдайда, өкінішке қарай, білім беру жүйесі де прагматикалық көзқарасты қалыптастыруға назар аудара бастаған тәрізді. Оны кейде нарықтық экономиканың талаптарын, «пайда қуған» қоғамның сұраныстарын орындаудамыз деп түсіндіруге тырысады. Мұндай көзқарастың болашағы жоқ екендігін, тіпті, біздің қоғам үшін қауіпті екендігін ескерткіміз келеді. Мұндай көзқарас, түптеп келгенде, адамдар арасында «заттық қатынастарды» орнатуға, бәрін сатуға немесе сатып алуға, адал еңбек, маңдай терімен өмір сүру қажеттігін мойындамайтын, оған сенімсіздікпен қарайтын көзқарас пен ұстанымды қалыптастырады. Осындай жағдайда білім беру жүйесінің мақсатын анықтау «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асырудың тағы бір басты негізі болары сөзсіз.

Тоғызыншыдан, «Мәңгілік Ел» идеясының философиялық-мәдени астарын талдауда ерекше назар аударатын мәселе – ол ұлттық тәрбие. Тәрбие тал бесіктен басталады десек, ұлттық тәрбие отбасынан бастау алуы керек. Отбасылық тәрбие мәдениетті тұлғаларды қалыптастыруды басты мақсат ретінде ұстануы керек. Бұл жолда үлкенді құрметтеу, ата-ананды сыйлау, ар-намыс, ұят сынды құндылықтарды жастар санасына сіңіруді басты идеологиялық ұстанымға айналдырудың маңызы зор. Қазақ болашағы тектілік пен кісілікті, бірлік пен татулықты, білім мен адамгершілікті ұштастыру негізінде жүруі тиіс. Жанұя мемлекет және қоғам алдындағы жауапкершілігін сезіну қажет. Жанұя болашақ жастарды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелей отырып, олардың санасына патриоттық сезім ұялатуы тиіс. Сонымен бірге әйел-ананы қорғау, құрметтеу, жетім мен жесірін қорғау ұлы жолда қоғамның басты құндылығы ретінде мойындалуы қажет [4].

Оныншыдан, «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыратын және оны одан әрі дамытатын бүгінгі жастар екені белгілі. Жастар, осы

ұлттық идеяны жүзеге асыру үшін өз отанын сүйетін ұлтжанды, патриот болулары керек. Патриотизм біздің қазақстандық жастар үшін этностарды бөлшектейтін, жіктейтін, бір-біріне қарсы қоятын күш емес, керісінше, біріктіретін күш ретінде мойындалуы тиіс және олардың ментальдық болмысында қағида ретінде қалыптасуы қажет. Ел мәртебесі, оның асқақтығы мен биіктігі, тұтастығы мен мызғымастығы тек әділеттілік пен өзара ынтымақтастық және сыйластық негізінде қол жеткізілуі тиіс. Қысқасы, бүгінгі қазақстандық жастарды осы аталған позитивтік бағытта тәрбиелеудің маңызы зор.

Он біріншіден, «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыруда ұлт зиялыларына да жүктелер жұмыстың салмағы өте ауыр. Ұлт зиялылары ұлт мүддесін қорғай алатын жағдайда болуы тиіс. Бұл жолда Қазақстанға инновациялық, креативті тұрғыдан ойлайтын элита қажет. Ол дәстүрлі емес, пассионарлық рухта тәрбиеленген элита болуы тиіс. Бұл жолдағы басты бағыт құлдық санадан арылу, жалтақтық пен жағымпаздық дертінен ада сана қалыптастыру. Ұлтты руға бөлшектемейтін, трайбализм дертінен арылған, ұлт болмысына сын көзбен қарайтын ұлттық ойлау жүйесі қалыптасуы керек. Қазақ халқы біртұтас, мемлекет құрушы ұлт деген ой жетекші күшке айналуы тиіс. Бұл басқа этникалық топтар алдындағы артықшылық емес, керісінше, асқан жауапкершілікті, асқан саяси мәдениеттілікті талап етеді.

Өз кезегінде, ұлттық сананың жаңаруы, жаңа жағдайға сай жаңаша еңбек ету философиясын қалыптастырады. Бірінші орынға адал да өнімді еңбек ету, ғылым мен техника, жаңа технологияға негізделген бәсекеге қабілетті өнім шығаруды жаңа дүниетаным мен жаңаша өмір сүру үлгісін қалыптастыруды талап етеді. Қазақстан бұл жолда тек инновациялық, синергетикалық, экологиялық, ақпараттық, ақылды экономикаға, рухани салада ұлттық құндылықтарға ғана сүйене алады.

Бір сөзбен айтқанда, «Мәңгілік Ел» идеясын ұлттық идея ретінде қабылдау бүгінгі Қазақстан дамуының ішкі қажеттігінен, мемлекеттің тұтастығын сақтау идеясынан туындап отырғаны сөзсіз. Бұл идея тәуелсіз мемлекет алдында тұрған басты сұраққа жауап беріп, ұлттың болашақтағы дамуына жағымды әсер етуі тиіс. Сонымен бірге, ұлттық идея алдыңғы қатарлы және адамзаттың даму бағыты мен тенденциясына сай келетін болуы керек. Міне, осы тұрғыдан келгенде, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы Қазақстан халқын



біріктіретін, елдің басты мақсатынан шығатын және соған толық жауап беретін идея десек артық айтпаған болармыз.

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру жолындағы негізгі рухани, мінездік, әлеуметтік кедергілерге мына төменгі құбылыстарды жатқызуға болады:

1) Елді жайлаған жемқорлық пен сыбайластық, халық пен билік арасындағы сенім отының әлсіреуі, астамшылдық, ысырапшылдық, заттық сананың басыңқы жағдайға ие болуын жатқызуға болады. Соңғы кездері мемлекеттік қызметте рушылдық, жершілдік, тамыр-таныстық, қызметке орналасудағы жең ұшынан жалғасқан тамыр-таныстық пен сыбайластық қайтадан күшейе бастаған тәрізді. Тамыр-танысың болса бір күнде басшы болып шыға келесің. Оған кәсіби мамандығың мен басқа да моральдық-этикалық қасиеттерің керек болмай қалған тәрізді. Өмір шындығы осындай.

2) Ұлттық рухтың әлсіздігі, ұлттың тілдік және діндік құндылықтар негізінде жіктелуі, ұлттық бірегейліктің әлсіздігі. Қазақ қоғамының басын біріктіретін бірден-бір күш – ол қазақ тілі болуы керек. Сонымен бірге, рухани саладағы кедергілерге зиялы қауым өкілдерінің азаматтық ұстанымдарының тайғанақтығын, қоғамның әлеуметтік тұрғыдан одан әрі жіктелуі, орта таптың әлі де толық қалыптасып болмауы, өңірлік дамудың кенжелеп қалуы, аймақтардағы әлеуметтік қайшылықтардың дұрыс шешілмеуі, кәсіподақ ұйымдарының еңбек адамдарын қорғаудағы әлжуаздығын жатқызуға болады.

3) Ақпараттық кеңістікте ұлттық мүддені, тәуелсіздікті, елдің тұтастығы мен тыныштығын қорғаудағы отандық ақпараттың бәсекеге қабілетсіздігі, басқа шетелдік ақпарат құралдарына тәуелділігі.

4) Қазақстандағы миграциялық, демографиялық саясатты дұрыс жолға қоюдың маңызы зор. Мәселен, кейбір болжамдар бойынша 2050 жылы Қазақстандағы тұрғындардың саны 24,5 млн-ға жетеді. Демографиялық ахуалда бүгінгі тенденциялар сақталатын болса, 2050 жылы солтүстік аймақтарда тұрғындар саны 0,9 млн адамға қысқарып, оңтүстік аймақтарда тұрғындар саны 5,2 млн. адамға жетеді. Сонымен бірге, оңтүстік аймақтарда тұрғындар көрсеткіші 38 пайызға жеткенмен, олардың аймақтық өнімдегі үлес салмағы 17 пайыз деңгейінде қалмақшы, ал солтүстік аймақтарда тұрғындар көрсеткіші 29 пайызға жетіп, аймақтық өнім үлесі 25 пайызға жетпекші. Солтүстік аймақтардың экономикасы жеткілікті деңгейде

эртараптандырылса, оңтүстік аймақтарда өндірістің 58 пайызы сауда мен басқа қызмет түрлерін құрауы демографиялық және экономикалық саладағы сәйкессіздіктің бар екенін аңғартады. Мұндай тенденциялардың орын алуы «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыруға өз кедергісін тигізуі мүмкін.

5) Дағдарыс жағдайындағы әлеуметтік теңсіздік пен кедейшіліктің үдей түсуі. Әлеуметтік теңсіздік, әсіресе, аймақтарда ерекше байқалып отыр. Жұмыссыздықтың жастар арасында кең етек алуы, сапасыз білім беру ісінің күні бүгінге дейін жалғасуы, оған мемлекет тарапынан жасалып отырған тосқауылдың пәрменсіздігі мен қырсыздығы, айналып келгенде, қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына кері әсерін тигізіп отыр. Жұмыссыздық – Қазақстандағы кедейшіліктің басты себебінің бірі. Сонымен бірге, жұмыссыздыққа үйренген жұртта масылдық психология қалыптасып, қоғам өміріне қатысу белсенділігі төмендеуде. Міне, осының барлығы, айналып келгенде, «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыруға өз кедергісін тигізери сөзсіз.

6) Қоғамда тексіздік сезім мен космополиттік ментальдық ұстаным басыңқы жағдайға ие болып, шынайы рухани құндылықтардан алшақтау құбылысы да орын алуда. «Отан», «Атамекен», «отбасы», «ұлт», «тәуелсіздік» тәрізді кейбір құндылықтарға да жастардың көзқарасы бұрынғыдай емес, өзгерген. Тіпті тұтынушылар қоғамында жастар ақыл мен парасаттылыққа, адалдық пен даналыққа да сенуден қалған тәрізді.

Біз бұл мақалада «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының философиялық негіздерінің өзекті деген салаларына ғана тоқталдық. Болашақта бұл мәселені жүйелі тұрғыдан талдауды, оның әлеуметтік-экономикалық, экологиялық, саяси-рухани астарларына терең үңілуді мақсат етіп отырғанымызды айта кеткіміз келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Кшибеков Д. Национальная идея и идеология. – Алматы: Эвро, 2007.
2. Аженов М., Максименко Н. Какой быть идеологии в Казахстане? // Мысль. 1994, № 1.
3. Кайдарова А. С. Қазақстан Республикасындағы ұлттық идеяның қалыптасуы (саясаттанулық талдау) Автореферат. – Алматы, 2010.
4. Бурбаев Т. К. Ұлт менталитеті. – Астана, «Ер-Даулет», 2001ж. – 258 б.



Қазақстандағы индустриялық- инновациялық үдерістер туралы баспасөзде жарық көрген мақалаларға КОНТЕНТ-ТАЛДАУ («Егемен Қазақстан» газеті мысалында)

Дина ИМАМБАЕВА,
Қазақтың Мемлекеттік қыздар
педагогикалық университетінің магистранты

Казіргі кезде Қазақстан Республикасы жаңа индустрияландыруды қарқынды түрде жүргізуде. Индустриялық-инновациялық үдерістер бәсекеге қабілетті экономика құруға, шикізаттық емес сектордың үлесін арттыруға басымдық бере отырып, экономиканы нығайту арқылы халықтың әл-ауқатын көтеруге ықпал етуі тиіс. Еліміздің жалпыұлттық идеясы, басты бағдары «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясатында Елбасы Н. Назарбаев ҰИИДБ-ның екінші бесжылдығына сәйкес келетін Инфрақұрылымдық жоспарды жариялады. Өйткені, инфрақұрылым – индустриялық экономика мен қоғамымыздың тамырына қан жүгіртетін жүйе болып табылады. Бұл жоспар бойынша атқарылатын шаралар «экономиканы әрі қарай қайта құрылымдауға, оның ішінде көліктік, энергетикалық, индустриялық және әлеуметтік инфрақұрылымдарды, шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталатын болады» деп атап көрсетті Президент. Осылайша елімізде іскерлік белсенділік пен жұмыспен қамтуды ынталандыру үшін жаңа бастамаларға жол ашылды [1].

Сонымен қатар, «Қазақстан-2050 қалыптасқан мемлекеттік жаңа саяси бағыты» стратегиясында «Қазақстан Республикасының Үдемелі индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаты өнеркәсіптік қуаттарды импорттау және технологиялар алмасуға бағытталады» деп атап көрсетілген [2].

Осы тұрғыда елдегі индустрияландыру үдерістеріне негіз болатын маңызды құжат «Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының» басты мақсаты экономиканы әртараптандыру және оның бәсекеге қабілеттігін арттыру арқылы орнықты және теңгерімді өсуін қамтамасыз ету болып табылады.

Сондай-ақ, индустриялық-инновациялық үдерістердің тың серпін алуына егемен еліміздің тұрақты дамуын қамтитын, халықтың игілігін көздейтін шынайы іс-жоспарға құрылған «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты ҚР-ның Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы айрықша ықпал етті. Мұнда әсіресе, индустриялық-инновациялық даму, шағын және орта бизнесті дамыту, агроөнеркәсіптік кешен, білім мен ғылым салалары Жолдаудың ең салмақты тұстары болды. Қазақстанның дамыған 30 ел қатарына кіруіне мүмкіндік беретін басты міндеттер қатарында күшті өңдеуші индустриялық сектор құру; елдің ғылымды қажет ететін қағидаттар негізінде тұрақты дамуын қамтамасыз ету; қуатты өңдеуші өнеркәсіп қалыптастыру атап көрсетілген [3].

Жаңа индустрияландырудың орасан зор әлеуметтік-саяси мәні бар. Бұл бағдарлама Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайына түбегейлі өзгерістер алып келеді. Осы тұрғыда индустриялық-инновациялық үдерістердің мақсаты, оның жүзеге асырылу қарқыны, сипаты туралы халыққа жеткізуде бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі ерекше. Тұрақты насихат тек БАҚ тарапынан қамтамасыз етілетіні белгілі. Ол мемлекет саясатының оңтайлы жүргізілуіне жағымды ахуал қалыптастырады. Осы тұрғыда индустриялық-инновациялық үдерістердің БАҚ басылымдарында жарық көруін әлеуметтанулық зерттеу әдістерінің бірі ретінде контент-талдауды қолдана отырып, зерттеу жүргізген едік. Ол жалпыұлттық республикалық «Егемен Қазақстан» газетіндегі индустрияландыру тақырыбындағы жарияланымдарға сандық және сапалық талдау жасау арқылы жүзеге асты. Газет аптасына 5 рет шығады. Газеттің көлемі – 9 баспа табақ, айына бір рет «Етжеңді Егемен» қосымшасы шығады. Газет бүкіл



Қазақстан аумағына, алыс-жақын шет елдерге тарайды. Газетте индустриалды-инновациялық даму тақырыбын қозғайтын «Жаңа индустрияландыру», «Ғылым және тағылым», «Депутат дауысы», «Үкімет», «Тәуелсіздік толғауы», «Серпінділік стратегиясы», «Толғандырар тақырып», «Өндіріс» атты айдарлар бар. Зерттеу пәні ретінде 2010-2014 жылдардың сәуір айларындағы нөмірлерінің мазмұны алынды. Зерттеудің басты проблемасы – индустриалды-инновациялық үдерістердің насихатталуы.


Генералды жиынтық ретінде газеттің 107 нөмірі алынды, олар 2010 жылдан 2014 жылдар арасындағы бір айлық нөмірлерінің жалпы санын құрайды. Ал таңдалу жиынтығы – газеттің осы бес жылдағы сәуір айының нөмірлері. Зерттеудің өлшеу бірлігіне жеке мақала алынды. Газетте зерттелген мерзімде барлығы 1765 мақала жарияланған. Индустриалды-инновациялық үдерістер бойынша барлығы 110 мақала талданды.

Материалдардың тақырыптық бағыттылығы бойынша, талдау көрсеткендей, орташа алғанда зерттелген нөмірлерде жарық көрген мақалалар бүкіл мақалалардың 7%-ын алады. Жалпы зерттелген кезеңде «Егемен Қазақстан» газетінің индустриялық-инновациялық үдерістерді жан-жақты қамтығаны айқын көрінеді. Оның ішінде, әсіресе «ҚР-ның Үдемелі индустриалды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы» және «Индустрияландыру картасы-2020», «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламаларының жүзеге асырылуына ерекше назар аударылған.

Тақырыптың қырларына келетін болсақ, зерттелген материалдардағы мәліметтер көрсеткендей, мақалалар саяси-басқарушылық, ғылым мен инновациялар, өндіріс пен өнеркәсіп және әлеуметтік проблемалар тақырыптары бойынша жіктеліп, қарастырылды.

Алынған мәліметтерді талдау бойынша, материалдардың басым көпшілігі өнеркәсіп пен өндіріс тақырыбын қамтиды – 56 мақала (60%). Бұл мақалалар негізінен ҮИИДБ шеңберінде іске қосылған өндіріс орындары және олар өндіретін өнім, халықты жұмыспен қамту мәселелері туралы болып келеді. Сондай-ақ, қазіргі кезде әлем елдерінің көпшілігін шарпыған экономикалық дағдарыс және оның салдары, әсіресе жұмыссыздық туралы көлемді мақалалар тұрақты түрде жарияланады. Бұл Қазақстан таңдап алған индустрияландыру бағытының артықшылығына мән беруді көрсетеді және бұл шаралардың әлеуметтік бағдарына баса назар аударылады. Оның ішінде жаңа жұмыс орындарының ашылуы,

шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі нақты шаралар жүйелі түрде жазылады. Газет өз қызметінде құзырлы органдардың, облыс әкімдіктерінің индустрияландыру бағытындағы іс-шаралары туралы есептері сияқты жанр түрін де жүйелі түрде қолданады.




1-диаграмма. Қазақстандағы индустриялық-инновациялық үдерістердің «Егемен Қазақстан» газетінде көрсетілуі (дана, пайыздық үлесі).

Жалпы «Егемен Қазақстан» газетінің индустриалды-инновациялық үдерістер туралы жарияланымдарында түрлі жанрлар қамтылған. Материалдардың 9%-ы құзыретті тұлғалармен сұхбат түрінде берілген. Мәліметтерді талдау көрсеткендей, газет материалдарында ақпараттық сипат басым. Бұл осы газеттің үкімет пен саяси биліктің үнжариясы екендігіне байланысты және соған орай үкімет тарапынан жүргізіліп жатқан бағдарламалардың орындалуы туралы ақпар беру, оны оқырмандардың қабылдауы, ҮИИДБ бойынша жүзеге асқан шараларды халыққа жеткізу және



газеттің ақпараттылығын көтеру міндеттерінен туындайды. Сондай-ақ материалдардың 53%-ы фактографиялық түрде беріледі. Бұл газет қызметінің жағымды факторы болып табылады және онда жұмыс істейтін журналистердің объективтілігі мен бейтараптығын дәлелдейді. 84% материалдардың дені жағымды сипатта жазылған. Яғни, газеттің республика үкіметі мен ел басшылығының қызметін жағымды сипатта көрсетіп отыратынын атап айту қажет. ҮИИДБ шеңберінде жүзеге асырылып жатқан шаралар негізінен ақпараттық сипатта және қандай да бір кәсіпорын немесе мекеменің жаңа ашылғаны туралы фактографиялық сипатта жариялаумен шектеледі. Мысалы, «1 жылда 1,8 млн аккумулятор шығарды», «Отандық вагондар сынақтан өтті», «Меркіде жаңа зауыт ашылды», «Қиыршықтас зауыты іске қосылды» және т.б. Яғни, сол кәсіпорын өндіретін өнімнің бәсекеге қабілеттілігі, өнімнің сипаты, ол зауыттың жақын келешекте қажеттілігі бар ма және т.с.с. мәселелер тыс қалады.



2-диаграмма. Жарияланымдардың сипаттамасы (дана, пайыздық үлесі)

Талдау көрсеткендей, мақалалардың басым көпшілігі – 70% көрнекілік мақсатында түрлі фотолармен, суреттермен, диаграммалармен, инфографикалармен безендірілген. Бұл оқырмандардың қабылдауы үшін тиімді.

Дегенмен, газеттегі материалдардың негізінен жағымды сипатта болуына байланысты сын элементтері бар мақалалар тым аз – (8%). Сыни сипатта жазылған материалдар зерттелген кезең бойынша барлығы 9 мақаланы құрайды. Сыни мақалалар негізінен жаңа ашылған кәсіпорындарды кәсіби мамандармен қамтамасыз ету, инвестициялардың жайы, индустрияландыру үдерісінің ғылыми қамтымдылығы, инновациялар, ауыл шаруашылығы мен ғылымның байланысы, еңбек даулары, шет мемлекеттердегі жұмыссыздық проблемасы, кәсіпкерліктегі әйелдерді қолдау, технопарктер туралы сөз қозғаған. Мысалы, З. Шаукенованың «Индустриялық даму және әйелдер» атты мақаласында (Егемен Қазақстан, 20.04.2012 ж.) ХХ ғасырдан бастап қоғамдық өндіріске кеңінен тартылғаны және қазіргі кезде жалпы жұмыс күші әлеуетінің үштен бірін әйелдер құрайтынын келтіреді. Әйелдер еңбек нарығына жылдам икемделеді, мұның бір айғағы өзін-өзі жұмыспен қамтитын тұрғындар арасындағы ең жоғары көрсеткіш әйелдерге тиесілі – 34,6 п. (ерлер – 32,4) деп көрсетеді автор. Алайда, индустриялық-инновациялық даму үдерісіне әйелдер жектілікті түрде тартылмай отыр. Бұл, автордың пікірінше, жаңғыртудың ілгерілеуіне кері әсер етуі мүмкін. Сондай-ақ, статистикалық деректер бойынша, жоғары білімді жұмыссыз әйелдер саны ерлер көрсеткішінен 1,3 есе артық. Бұл осы саладағы гендерлік сәйкессіздіктің дәлелі, – деп пайымдайды Зарема Шаукенова. Индустриялық-инновациялық үдерістердің ілгері жылжуы үшін әсіресе, ғалым-әйелдердің қатысуына айрықша мән беру қажет, өйткені әйелдер капиталы – ең белсенді және нақты күш және де мұны ең алдымен ақпарат арқылы жасау керек деп түйіндейді автор.

Ал газет қызметкері Ж. Самрат өзінің «Технопарктердің қожайыны кім?» атты мақаласында (14.04.2012) индустрияландыруға байланысты ашылған технопарктердің ахуалына назар аударған. Нақты айтқанда, «Ақ жол» ҚДП-ның Парламент Мәжілісіндегі фракциясының Үкімет басшыларының атына жолдаған ұсыныс-сауалында туындаған мәселе бойынша, отандық технопарктердің көбі өздеріне жүктелген міндеттерді толық орындап отырған жоқ. Олар тек жалдау орындарын беру және кәсіпорындардың өсуіне жаңа



технологиялармен байланысы жоқ қызметтер көрсетумен шектелуде деп жазылған мақалада. Жоғары технологиялы идеялар іске аспай, айтылған күйінде қалып отыр. Өнертапқыштық идеялар неге жүзеге аспайды деген сұрақ қояды автор. Егер де агротехнопарктер құрылса, ауылдағы отбасылық фермерлерге жағдай туып, олардың әлеуметтік мәселелері де шешілер еді. Жалпы технопарктер мәселесіне назар аударылмаса, бұған сыбайлас жемқорлық араласып кетуі мүмкін деп дабыл соғады депутаттар. Жерге және технопарктердің барлық өндіріс құрал-жабдықтарына бір басқарушы жауап бергені дұрыс. Шағын кәсіп ашқысы келгендерге әкімшілік кедергілер тұсау болып отыр ма, әлде заң нашар ма? Осылайша бұл мақалада индустриялық үдерістердің қозғаушы күші болуы тиіс технопарктердің қызметі туралы сөз қозғалады.

Жарияланған материалдардың ауқымдылығы туралы айтқанда, газет бүкіл республиканы қамтып жазады. Оның ішінде әр облыста индустрияландыру бағдарламасы аясында атқарылған іс-шаралар жүйелі түрде жазылып отырады.

Талдау көрсеткендей, газет материалдарында кәсіпкерлердің тыныс-тіршілігі, өндіріс жұмысшылары және олардың тұрмысы, ғалымдардың сараптамасы аз.

Зерттеу мәліметтері көрсеткендей, газеттегі материалдардың басым көпшілігі ақпараттық қырымен берілген – 58%. Осылайша, «Егемен Қазақстан» газеті өзінің негізгі міндеті оқырмандарды елімізде болып жатқан индустриалды-инновациялық үдерістер туралы хабардар ету деп есептейді. Жарияланған материалдар негізінен жағымды сипатта.

Жүргізілген контент-талдау нәтижелерін сараптау бірқатар түйіндер мен ұсыныстар жасауға негіз береді. Жалпыұлттық республикалық «Егемен Қазақстан» газеті бүкіл республикаға таралатын мерзімді басылымдар арасында ең көп таралатын газет болып табылады (тиражы – 200 мыңға жуық). Газет басқа басылымдарға қарағанда осы артықшылығымен және материалдарды беру формасымен ерекшеленеді. Газет материалдарының көпшілігі үлкен көлемде жарияланады. Малалалар қалың оқырманға түсінікті тілде жазылған. Материалдарда иллюстрациялар, суреттер мен графиктер белсенді түрде қолданылады.

Осылайша, газеттің танымалдылығына қарағанда, тақырыптық бағыттылығы тұрғысынан индустриалды-инновациялық үдерістерді жан-жақты және барлық қырларымен жарыққа шығаратыны

анықталды. Жоғарыда айтылған түйіннің негізінде мынадай ұсыныстар тұжырымдалды:

1. Газет индустриалды-инновациялық үдерістер шеңберінде өндіріс пен өнеркәсіп орындарының тиімділігі, олардың жаңа немесе жетілдірілген технологияларды қолдануы тұрғысындағы материалдарды көбірек беруі тиіс.

2. Индустрияландырудың әлеуметтік мәселелеріне назар аудару қажет. Бұл тұрғыда жұмысшылардың әлеуметтік жағдайы, шағын қалалар халқын жұмыспен қамту және т.с.с. проблемалар өзекті деп саналады.

3. Көптеген ғалымдар дамыған елдердегі инновациялық экономика сол елдердің дүние жүзі бойынша үлкен жетістікке жетуін қамтамасыз етті деп санайды. Демек, жаңа индустрияландыру инновацияларсыз жүруі мүмкін емес, сондықтан өндірістің ғылыми қамтымдылығы, ғылым мен өндіріс арасындағы байланыс, инновациялардың дамуына кедергілер туралы материалдар көп берілуі тиіс. Инновациялық даму дегеніміз – жаңа және пайдалы өнім шығару. Сондықтан да жаңадан ашылатын кәсіпорындардың қандай өнім өндіретіне назар аудару маңызды. Бұл тақырыпты қозғау үшін кәсіби құзыретті мамандарды тарту қажет. Өйткені, ғалымдар атап көркеткендей, «инновациялық саясаттың нысаны – жаңашыл тұлғалар: ғалымдар, конструкторлар, технологтар» [4].

Инновацияларға мүдделі мемлекет білімді мамандарды, креативті кәсіпкерлерді тартуға, яғни ұлттық адам капиталына ерекше назар аударады. Қазақстанның қазіргі тұстағы адам капиталының деңгейі осы индустрияландыру үдерісінің табысты болуының бірден бір шарты. Олай болса, еліміздегі адам капиталын дамытуға қатысты жағымды жаңалықтар мен түйткілді тұстары туралы материалдар қажет. ҰИИДБ шеңберінде жоспарланған кәсіпорындардың инновациялық өнімдерінің үлесі Қазақстандағы индустрияландырудың нәтижесі болып табылады. Осы тұрғыда арнайы сараптау материалдарын жариялап тұру да газеттің жетістігін білдіреді.

Осылайша, республикалық «Егемен Қазақстан» газеті негізінде жүргізілген талдау нәтижелері көрсеткендей, индустриялық-инновациялық үдерістердің жектілікті дәрежеде насихатталуын да назардан тыс қалдырмау оның табысқа жетуіне көмектесері сөзсіз. Бұл бағыттағы шаралардың іске асырылуының мемлекеттік маңызы зор. Өйткені, ХХІ ғасырда орнықты даму тек экономикалық өсім



жағдайында ғана мүмкін болады. Сол себепті еліміздің индустриялық базасын нығайту елдің әлемдік қауымдастыққа еркін кіруіне және халықтың әл-ауқатын көтеруге негіз болады. Ал қазіргі тұста осы бағыттағы маңызды қадам, ол – ҮИИДБ-ны табысты іске асыру.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н. Нұрлы жол – болашаққа бастар жол // Егемен Қазақстан. - 12 қараша. - 2014 жыл.
2. Қазақстан-2050 қалыптасқан мемлекеттік жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // akorda.kz
3. Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ // strategy2050.kz
4. Шумпетер Й. Теория экономического развития. – Москва: Прогресс, 1982 // socioline.ru

Путиннің Үлкен стратегиясы және оның сыншылары*

Мұрат ЛАУМУЛИН,
саяси ғылымдарының докторы

Аталынған кітаппен танысу барысында кезігетін бірінші мәселе – кітап атауының мәнін оқырманға нақты жеткізу, яғни «Путиннің Үлкен стратегиясы: Еуразиялық одақ және оған көңілі толмайтындар».** Бұл ұжымдық еңбектің жазылуына кеңестанудың ардагері профессор Фредерик Старр мен Орталық Азия және посткеңестік аймақ бойынша зерттеулер өкілі Сванте Корнелл басшылық жасап, бірқатар санаттағы сарапшылар қатысқан.

Кітапқа кіріспе жазу кезінде Старр мен Корнелл В. Путиннің саяси феноменіне талдау барысында Ресейдің Б.Ельцин тұсында жоғалтқан халықаралық беделі мен ұлы держава атағын қайта қалпына келтіру мақсатын алға қойған көрнекті ресей басшысы ретінде қарастырады. Нақты

айтқанда, ресей басшысының саяси-психологиялық бейнесін сипаттауға деген талпынысты байқаймыз. Оның стратегиялық талантын қарастыра отырып, авторлар Путиннің 2008 жылғы «Грузияға қарсы шабуыл», 2010 жылғы Қырғызстандағы бейбіт төңкеріспен өзіне қажетсіз режимді жою, 2014 жылғы «Украинаға басып кіру және Қырымды бөліп алу» секілді шараларын бірқатарға қояды. Нақты күштік мағынадағы бұл әрбір жағдайларда Батыс шұғыл түрде әрекет етуге мәжбүр болды және де қырғи-қабақ соғыс жылдарындағы кезеңге қайта оралмауға тырысты.

Авторлардың пікірінше, уақыт өткен сайын В. Путиннің сыртқы және ішкі саясатты өзінің алға қойған стратегиялық мақсатына жету, яғни Ресей басшылығындағы посткеңестік республикалардың

*Starr S. F., Cornell S.E. (eds.) Putin's Grand Strategy: The Eurasian Union and Its Discontents. – Washington, DC: Central Asia-Caucasus Institute & Silk Road Studies Program – A Joint Transatlantic Research and Policy Center, 2014. – 203 p.

**“Grand” терминін «Жоғары» және «Үлкен» деген мағынада аударуға болады, бірақ антипутиндік мазмұндағы кітап авторлары өз еңбектерінегі бұл стратегияға жоғары сипат беруге тырыспайды деген әкір айтуға болады.



жаңартылған одағын құруға қажетті деңгейде өзгерткендігі байқала басталды. Авторлар ресей басшысының шынайы мақсатын Батыстың қай кезеңде нақты түсінгенін дәл басып айта алмаған. Бірақ, 2014 жылғы Украинадағы жағдай Путиннің өз алдына қойған стратегиясынан бас тартпайтындығына ешбір күмән қалдырмады. Авторлар Владимир Путинді «детерминші» дейді, бұл оның посткеңестік аймақтардың ортақ географиялық, экономикалық, тарихи және мәдени тұтастығы негізінде бірігуі тиіс деген қатаң сеніміне қатысты айтылып отыр. Олар сонымен қатар, Путиннің өз соқыр сенімінің негізінде оның бұрынғы марксистік тәрбиесі жатыр, және ол өзіндік бір «Тарих көмекшісі» деген рөлге талпынады деген пікірде болуы да мүмкін. Яғни, тарихты Путиннің пікірінше жылдамдатуға немесе итермелеуге болады. Ал Батыс болса мұндай іс-әрекет логикасына мүлдем дайын емес болатын.

Бірақ, авторлардың ойынша тарих Путин жағында болмауы да мүмкін еді. Бұл жағдай ресей басшысының өз тактикалық әдістерін өзгертуге, яғни өрескел күш қолданудан бас тартып, «жұмсақ күшке» ауысуға итермелеуі тиіс болатын. Бірақ ол баяу әрекет етіп отырған батыстық саясаткерлер алдында өзінің кеңестік тәжірибесі мен ҰҚК дәстүрлеріне сүйене отырып, түрлі тактикаларды түрлендіре және араластыра қолданып келеді. Сырттай қарағанда

В. Путин демократиялық және либералдық дәстүрлерге сәйкес ашық әрекет етеді, сұхбат береді, шетелдік тілшілерді шақырады (Валдай клубы), пікіралмасуларға шынайы қатысады. Ал шын мәнінде, авторлардың пікірінше нақты шешімдер қабылдау мен ұстанымның негізгі үрдістері, және шынайы мақсаттары құпиялылық пердесімен жабылған.

В. Путин өзінің екі рет премьер және екі мәрте РФ президенті ретінде оншақты жылдар көлеміндегі билікте болған кезеңінде ол КСРО-ның соңғы жылдарындағы болған биліктен өзгеше, жеке биліктік өзіндік режимін қалыптастырды. Өткен ғасырдың 90-шы жылдарындағы өзінің саяси тәжірибесіне сүйене отырып, Путин былық пен демократия түсініктері синонимдер деген көзқарасқа келген, сондықтан да биліктің жеке (қатаң) түрін қалыптастыруды мақсат еткен. Рецензияланып отырған жұмыста Путин бір рет таңдалынып алынған трекке тұрып, құлап қалмау үшін үнемі қозғалыста болуы тиіс велосипедпен салыстырылады.

Авторлар батыс басшыларын Путиннің әрекеттері (Грузиядағы, Украинадағы) салдарсыз қалмайды деп үнемі қайталайтындықтары үшін сынға алынады, өйткені ол ешбір салдарға алып келіп жатқан жоқ, және сол арқылы Путиннің өз жазаланбаушылығына деген сенімінің артуына негіз болуда.

Кітап тақырыптық мазмұны (кұрылымы жағынан емес) жағынан

үш бөлімге бөлінген. Бірінші бөлімінде еуразиялық жобаның негізгі мағынасы мен Ресей стратегиялары қарастырылған. С.Блэнк жобаның идеологиялық негізін қарастырса, Р.Вайц кедендік одақ пен ЕАЭО құрылымын зерттейді, ал П.Баев қауіпсіздік мәселелерін талдаса, Р.Помфрет – еуразиялық үрдістің экономикалық жағын саралаған.

Екінші бөлім еуразиялық үдерістегі жекелеген посткеңестік мемлекеттердің ұстанымы мен рөліне арналған. Оларды авторлар үш топқа бөліп отыр. «Еріксіз қосылғандар» атты бірінші топқа Қазақстан мен Беларусь, сосын қосылған – Армения мен Қырғызстан елдері жатқызылған. Бұл аталынған республикалар өз тәуелсіздігін барынша сақтауға тырысады, бірақ, олар өз болашақтары Еуразиялық одақпен тығыз байланысқан деген ұстанымға келіп отыр. Екінші топқа Украина, Грузия және Молдовия (Еуропамен интеграцияланып жатқан) елдер кіреді. Ал үшінші топты мемлекеттер интеграциясына мүлдем қатыспай отырған Әзербайжан, Түркменстан және Өзбекстан («қосылмаушылар») елдері құрайды. Үшінші секцияда Путиннің орасан зор жобасына әлемнің үш ұлы державалары – Қытай, Еуроодақ пен АҚШ тарапынан байқалған әрекетке талдау жасалынған.

Бір айта кетерлігі, еуразиялық үрдіс реинтеграциясының ішкі себептері мен логикасын жария етуге бағытталған кітаптың бірінші

бөлімі өкінішке орай біз күн сайын батыстық саяси басылымдар беттерінен оқып, америкалық және еуропалық саясаткерлер сөздерінен естіп-біліп жүрген дәлелдерді, бағалаулар мен атауларды баяндап қана өтумен шектелген. Ал бұл мәлімдемелердің мәні өте қарапайым: В. Путин саясатының негізінде посткеңестік аймақтарды қайтара жаулап алуға қатысты зымиян жоспар жатыр, Ресей өз империясын қалпына келтіруде ТМД елдерінің тәуелсіздігі мен территориялық тұтастығын аяққа басады, ал бұл Мәскеу үшін түкке тұрмайтын мәселе және тағы да сол сияқты ойлар.

Сонымен қатар, Ресейдің түрлі салалардағы интеграциялық әрекеттерінің ерекшеліктері авторлар тарапынан бөлімдерде қарастырылған. Шамасы, Мәскеу белгілі бір кезеңде (қайта) интеграцияға қажетті ауқымды әлеует ретіндегі ТМД-дан бас тартуға бекініп (біздің ойымызша шамамен 2006 жылдары), оның орнына жаңа құрылымдар жасауды шешті (мұнда ЕЭК, КО және ЕАЭО есепке алынып отыр деп түсіну қажет). ҰҚКҰ секілді құрылымдардың шын мәнінде Мәскеу үшін әскери-саяси және әскери-техникалық саладағы екіжақты келісімдерден артық құндылығы жоқ.

Путиннің стратегиясына жасалынған экономикалық сараптама оның еуразиялық жобасы тек өте қымбатқа түскен империялық жоба ғана емес, шын мәнінде



жақсы жоспарланған және келешегі бар тиімді бизнес-жоспар болып табылады, өйткені ол жүзеге асқан жағдайда Ресей посткеңестік аймақта және де жалпы Қытай мен Еуроодаққа бағытталған экспорттық ағымдары қоса есептегендегі Еуразия құрылымындағы геоэкономикалық басымдыққа да қол жеткізеді.

Осыған қарамастан Р. Помфрет, Кедендік одақты Ресейдің бұрынғы КСРО территориясына бақылау орнатуды қалпына келтіру жолындағы геосаяси күресінің бір бөлігі ретінде қарастыру қажет деп есептейді. Мәскеу үшін негізгі қатерлер ретінде Қытайдың Орталық Азия экономикасындағы рөлінің артуы, жергілікті элитаның, әсіресе қазақстандық ықпалды топтардың аймақтан Батыстың кетуі немесе батыстық саяси және қаржы-экономикалық құрылымдардың ығыстырылуына жасырын түрде қарсылық білдіруін алуға болады.

Осы жобаның жетекшілері және бастамашысы болған Ф. Старр мен С. Корнелл жазған кітаптың алтыншы тарауы – Путиннің «Үлкен стратегиясының» тактикасы мен құралдарына арналған және

зерттеудің маңызды бөлігі ретінде саналады, өйткені ол путиндік стратегияның «қатігездігі мен имансыздығын» ашып көрсетуге бағытталған. Авторлардың айтуынша Путиннің өз саясатын жүзеге асыруға қолдану үшін ұстап отырған әдістер мен құралдар жиынтығы көне және заманауи әдіс-құралдардан тұрады. Олардың кейбіреулері кеңестік кезеңде қолданылса, ал кейбірі тіпті патшалық заманда пайдаланылған. Авторлар өзіне жағымсыз басшылардың беделін түсіру және экономикалық қысымды көне әдістер қатарына жатқызса, энергетика мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы насихаттауды – жаңа әдістер деп есептейді. Авторлар түрлі салаларда алуан түрлі әдістерді қолданудағы сәйкестілік пен үйлесімділікті қалай сақтауға болады деген сұраққа тіреледі. Осы сұраққа жауап бере отырып, авторлар шешімнің ең жоғарғы деңгейлерде қабылданатындығы, бұйрықтардың да сол жақтан келіп, қажетті әрекеттердің сәйкестілігі де бұрынғы ҰҚК мен МББ дәстүрлері мен тәжірибесі арқылы қамтамасыз етіледі деген қорытынды жасайды.

(Материалдың қалған бөлігі журналдың келесі нөмірінде жарияланады)

Түйіндеме

Единая модель общественного согласия: опыт Казахстана

Ералы Тогжанов – заместитель Председателя, заведующий секретариатом Ассамблеи народа Казахстана Администрации Президента Республики Казахстан, доктор политических наук

История культуры различных обществ на протяжении всех этапов социально-исторического развития в потоке общечеловеческих ценностей пронизана постоянным поиском ответов на извечные вопросы.

Данная статья рассматривает ряд важнейших вопросов, а именно: Каким образом координировать интересы людей и общества? Каким должна быть ценностная основа социального разнородного общества? Как должна поддерживаться общая заинтересованность в культурном разнообразии? Хотя эти и другие вопросы до определенной степени нашли свое решение, они по-прежнему актуальны.

A Coherent Model of Social Accord: Case of Kazakhstan

Yeraly Togzhanov, Deputy Chairman of Peoples's Assembly of Kazakhstan, Administration of President of Kazakhstan, Doctor of Political Science

Societies, while undergoing various stages of their social development, never cease to look for the answers for the questions that have been facing the humanity throughout its history.

The article deals with a number of these questions, namely: How to reconcile the interests of individual and the interest of community? How a heterogeneous society finds its shared values? How do we convince people that cultural pluralism and diversity is necessary and good? Different nations under different historical circumstances have found their own answers. However, the problem remains relevant today more than ever before.

Основа национальной идеологии – государственность

Ерлан Карин – директор Казахстанского института стратегических исследований (КИСИ) при Президенте РК, кандидат политических наук

Проблематика поиска национальной идеологии для Казахстана является актуальной. В этой связи представляет интерес речь Президента Казахстана Нурсултана Назарбаева в акимате города Астаны, которая вызвала большой интерес и оживленную дискуссию среди экспертного сообщества и широкой общественности.

Основной темой дискуссии, обсуждаемой на просторах информационного пространства, стала идея о праздновании 550-летия Казахского ханства в стране в 2015 году, высказанная Президентом. Нурсултан Назарбаев отмечает, что необходимо, чтобы к началу празднования 550-летия Казахского ханства идея «Мәңгілік Ел» стала бы национальной идеологией.



Kazakhstan's Statehood as Premise of National Ideology

Yerlan Karin, Director of Institute for Strategic Studies under President of Kazakhstan (KazISS), Doctor of Political Science

The problem of finding an ideological foundation for Kazakhstan has been relevant for the recent years during the independent development of the country. Thus, the speech President Nursultan Nazarbayev of Kazakhstan made in Astana Town Hall received the vigorous response and triggered quite vivid discussions both among the experts and general public in the mass and social media.

President of Kazakhstan articulated the idea of celebrating the 550th anniversary of the Kazakh Khanate in 2015. Nursultan Nazarbayev noted that by the beginning of the celebrations of the 550th anniversary of the Kazakh Khanate, the idea of “Mangilik El” should become an integral part of the national ideology of Kazakhstan.

Согласие и толерантность как ценностное основание стратегии Ассамблеи народа Казахстана

Юрий Булуктаев — главный научный сотрудник КИСИ при Президенте РК, доктор политических наук

По мнению автора, для того чтобы к 2050 году Казахстан стал единым сплоченным народом и образцовым национальным государством, необходимо, чтобы общественное согласие и толерантность стали одними из главных принципов жизни единого полиэтничного народа, государства и институтов гражданского общества, политических партий, религиозных конфессий.

Модель межэтнического согласия и толерантности является национальной ценностью и достоянием народа Казахстана, считает автор. Основной аргумент статьи заключается в том, что успешному внедрению идей согласия и толерантности в общественное сознание будет способствовать задача укрепления роли казахского народа в процессе национального единства. Решение данной задачи легло в основу стратегии Ассамблеи народа Казахстана.

Peace and Tolerance as Systemic Values of People's Assembly of Kazakhstan

Yuri Buluktaev, Chief Research Fellow, KazISS under President of Kazakhstan, Doctor of Political Science

According to the author, Kazakhstan shall continue the policy of maintenance of inter-ethnic peace and tolerance as a major premise for its further successful development as a united multiethnic nation because, among other reasons, that would enable it to achieve its strategic goal of becoming a model nation-state by 2050.

Peace and tolerance shall provide the basis for the state institutions, civil society, political parties and religious communities. The major argument of the article is that peace and tolerance, being a major achievement of the people of Kazakhstan, will be only enhanced with the principle role played by the Kazakhs. Thus, the strategy of the People's Assembly of Kazakhstan shall be based on this concept.

Концепция межэтнического и межконфессионального мира в Казахстане как основа его развития

Айдар Абуов – заведующий кафедрой «Политическая стратегия государства» Национальной школы государственной политики Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан, член Научно-консультативного совета АНК, доктор философских наук, профессор

Автор данной статьи анализирует роль Ассамблеи народа Казахстана в становлении республики как независимого государства, достигшего сегодня определенных успехов в развитии и сохранении этнической солидарности.

За двадцать лет своей работы в стенах Ассамблеи была разработана модель казахстанского межэтнического и межконфессионального согласия. Успехи национальной политики в Казахстане приобрели широкую известность, принципиальную роль в достижении которых, по мнению автора, сыграл данный институт.

Concept of Inter-Ethnic and Inter-Confessional Peace in Kazakhstan as Premise of its National Development

Aydar Abuov, Head of Political Strategy Department, Academy of Public Administration under President of Kazakhstan, Member of Academic Advisory Board of People's Assembly of Kazakhstan, Doctor of Philosophy, Professor

The author examines the role of the People's Assembly in the establishment of Kazakhstan as an independent state making emphasis on the successful maintenance of inter-ethnic peace.

According to the author, the People's Assembly of Kazakhstan contributed immensely into elaboration of the conceptual basis for the strategy of preservation of the interethnic and interreligious harmony enabling Kazakhstan to achieve the success that is internationally recognized.

История международной деятельности Ассамблеи народа Казахстана

Нурбек Шаяхметов – ведущий специалист Центра научно-аналитической и технической поддержки «Общественный договор» при Президенте Республики Казахстан, доктор исторических наук

Ассамблея народа Казахстана как инновационная идея в области этносоциальной и политической жизни государства была предложена Президентом Казахстана Н.А. Назарбаевым и успешно внедрена в первые годы независимости. На сегодняшний день опыт ее работы требует разностороннего изучения.

Одним из важнейших направлений исследования является история международной деятельности Ассамблеи народа Казахстана, ее достижения в этой области за двадцатилетний срок с 1 марта 1995 года, чему автор дает подробный анализ в данной статье.



History of International Activities of People's Assembly of Kazakhstan

Nurbek Shayahmetov, Senior Research Fellow, Analytical Center on "Social Contract" under President of Kazakhstan, Doctor of History

The author analyzes the international achievements of the People's Assembly of Kazakhstan during the twenty years of its work since the establishment on March 1, 1995.

The Assembly, as an innovative idea of how to maintain inter-ethnic peace in social and political life, proposed by president of Kazakhstan Nazarbayev, has been successfully implemented so far. To date, the experience of the Assembly appears to be worth a special scholarly attention. The author focuses the international activities of the People's Assembly of Kazakhstan, providing a detailed historical analysis in this article.

Представители польского народа в Казахстане: история и современность

Жандос Каринбаев — старший преподаватель кафедры «Внешняя политика» Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан

В данной статье рассматриваются основные исторические этапы жизни казахстанских поляков в целом и деятельность национально-культурных объединений в ракурсе казахстанско-польских взаимоотношений в частности. Также анализируется современный этап.

Автор считает, что сегодня представители польской диаспоры являются неотъемлемой частью народа Казахстана. Казахские поляки, внося свой вклад в развитие страны, действуют в качестве моста между Казахстаном и Польшей.

The Poles in Kazakhstan: History and Contemporary Life

Zhandos Karinbayev, Department of Foreign Affairs, Academy of Public Administration under President of Kazakhstan, Senior Lecturer

The article deals with the major historical stages undergone by the Polish Diaspora in Kazakhstan through the analysis of their cultural associations in order to reveal their influence on the development of the bilateral relations of Kazakhstan and Poland.

The second part of the article is focused on the contemporary period. The author concludes that the Poles currently are the integral part of the multiethnic nation of Kazakhstan who contribute into both its domestic development and international contacts serving as a link between Kazakhstan and Poland.

Основы идеи «Мәңгілік Ел» и ее историческая преемственность

Сатай Сыздықов — профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, доктор исторических наук



В статье рассмотрены три ключевые основы национальной идеи «Мәңгілік Ел»: Манифест как политический акт, высеченный на памятнике Куль-тегина эпохи Тюркского государства; философско-политические трактаты аль-Фараби и Государственно-правовой кодекс правил Жусупа Баласагуни.

Основной аргумент автора заключается в том, что имеется историческая преемственность национальной идеи казахского государства с древнейших времен по настоящее время.

Fundamentals of “Mangilik El” Idea and its Historical Continuity
Satay Syzdykov, Gumilev Eurasian National University, Doctor of History, Professor

The article deals with the problem of finding the historical foundations of the “Mangilik El”. The author traces the three key principles of the “Mangilik El” national idea in the following historical texts: the runic writings on the to Kul-tegin monument of the Turkic era; the philosophical and political treatises of al-Farabi and the legal code of Zhusup Balasaguni.

The author argues convincingly for the historical continuity of the national idea of the Kazakh statehood from the earliest times to the present.

Из истории депортации представителей польского народа в Восточный Казахстан

Шарипбек Амирбеков — ректор Государственного университета им. Шакарима, член научно-консультативного совета АНК, доктор политических наук, профессор

Арафат Мамырбеков — доцент кафедры философии и политологии Государственного университета им. Шакарима, кандидат исторических наук

Данная статья посвящена истории переселения поляков на территорию Восточного Казахстана в 1936–1941 годах в рамках принудительной миграционной политики Советского Союза, проводимой до и во время Второй мировой войны.

Методологической основой статьи являются материалы социологического исследования, посвященного депортации поляков в Казахстан.

On History of Deportation of Poles in East Kazakhstan

Sharipbek Amirbayov, Rector of Shakarim State University, Member of Academic Advisory Board of People’s Assembly of Kazakhstan, Doctor of Political Science, Professor

Arafat Mamyrbekov, Shakarim State University, Department of Philosophy and Political Science, Candidate of science (History), Associate Professor



The article is focused on the history of the resettlement of the Soviet Poles to East Kazakhstan in 1936–1941 under the program of the forced migration implemented in the Soviet Union before and during the World War II.

Methodologically, the analysis provided by the authors of the article is based on the materials of the sociological research of the deported Poles in East Kazakhstan.

«Мәңгілік Ел»: философские основы национальной идеи

Толеугали Борибаяев — Заведующий кафедрой «Технологии социального контроля» Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан, член научно-консультативного совета АНК, доктор философских наук, профессор

В данной статье рассматриваются актуальные проблемы, связанные с концепцией «Мәңгілік Ел». В ней утверждается мысль о том, что «Мәңгілік Ел» как национальная идея никогда не сходилась с повестки дня исторического развития казахского народа.

Национальная идея «Мәңгілік Ел» рассматривается как выстраданная идея, наполненная жизненным историческим опытом и судьбой страны и народа. Она наполнена социальным созиданием, мудростью народа и энергией действий многих поколений.

“Mangilik El”: Philosophical Foundations of National Idea

Toleugali Boribay, Head of Department of “Technology of Social Policy”, Academy of Public Administration under President of Kazakhstan, Member of Academic Advisory Board of People’s Assembly of Kazakhstan, Doctor of Philosophy

The author discusses the current problems related to the concept of “Mangilik El”. The major argument of the article is that a national idea of one sort or another has ever been present in the social, political and cultural landscape throughout the history of the Kazakh people.

The national idea in its current variation of the “Mangilik El” is regarded by the author of the article as one having its foundations in the historical experience of the people and in the historical development of the country as a whole.

Контент-анализ статей посвященных индустриально-инновационным процессам в Казахстане опубликованных в СМИ (на примере газеты «Егемен Қазақстан»)

Дина Имамбаева — магистрант Казахского Государственного женского педагогического университета

Индустриально-инновационные процессы в Казахстане имеют приоритетное направление в экономической политике страны. Задача СМИ оказать активное содействие в пропаганде государственных программ индустриализации, в связи с этим в статье рассматривается освещение этих процессов с помощью метода контент-анализ.

**Content analysis of articles on industrial and innovation processes
in Kazakhstan published in the media**

(For example, the newspaper «Egemen Kazakhstan»)

*Dean Imambaeva, graduate student of the Kazakh State Women's
University*

In Kazakhstan, the industrial-innovative processes have priority in the country's economic policy. The Mass media's task is to effectively contribute the promotion for state programs of industrialization. This article considers the coverage of these processes made by the content analysis method.

